

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

С. Қ. АЛТАЙБАЕВ

**ЖАЗАДАН БОСАТЫЛҒАН АДАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ**

**ҚАРАҒАНДЫ
2012**

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрлігі

Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

АЛТАЙБАЕВ СОВЕТ ҚАПАШҰЛЫ

**ЖАЗАДАН БОСАТЫЛҒАН АДАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ**

Оқу құралы

Қарағанды
2012

УДК 343 (075)
ББК 67.409 я73
А46

Рецензенттер:

заң ғылымдарының докторы, доцент **З.С. Тоқубаев;**
заң ғылымдарының кандидаты, доцент **М.Қ. Ынтықбаев.**

С.Қ. Алтайбаев

А 46 Жазадан босатылған адамның әлеуметтік-құқықтық бейімделуі: Оқу құралы. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012. – б.

ISBN 978-601-7231-69-9

Оқу құралында Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың жазасын өтеу барысында және жазадан босату кезінде түзелу жолына түсу дәрежелеріне, оны бағалауға қатысты теориялық және тәжірибелік маңызы бар мәселелер қарастырылады.

Оқу құралы заңдық білім беретін оқу орындарының студенттеріне, ведомстволық оқу орындарының тыңдаушыларына, магистранттарға және қылмыстық атқару жүйесі мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған.

УДК 343 (075)
ББК 67.409 я73

Оқу құралы Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылады

ISBN 978-601-7231-69-9

© ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2012;
© Алтайбаев С.Қ., 2012

КІРІСПЕ

Оқу құралында қозғап отырған мәселеміз, яғни жазасын өтеп жатқан және жазасын өтеп шыққан адамдардың түзелу дәрежесін бағалауды белгілі бір деңгейде шешуді қажет етеді. Аталған адамдардың құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан шектелуі мен қажетті деңгейде түзелмеуі әдетте қоғамдағы қалыпты өмір сүру салтынан жатсынуға әкеп соғады. Бұл мәселе елімізде бас бостандығынан айырылған сотталушыларды және жазасын өтеп шыққан адамдардың түзеу дәрежесін бағалау кешенді ісінің кенжелеп қалған бөлігінің бірі болып саналады.

Біздің еліміздегі нарықтық қатынастарға көшу кезеңіндегі қылмыстың өсуі үкіметтің, қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың арасында алаңдаушылық туғызып отыр, себебі ол әлеуметтік-экономикалық даму процесіне өтуді әлсіретеді, қоғамдағы өркениетті нарықтық қатынастарға көшуді бәсеңдетеді. Осыған орай, барлық мемлекеттік, оның ішінде тікелей қылмыстылықпен және басқа да құқық бұзушылықпен күрес жүргізетін органдар үшін негізгі мақсатқа қылмыспен шешімді күресуді қамтамасыз етуге қабілетті, теріс әрекеттерді және оған апаратын себептердің дамуына жол бермейтін тиімді жүйелерді қолдануды қажет етеді.

Осы мақсаттарды шешуге ықпал ететін шаралар жүйесінде орын алатын бағыттарының бірі бас бостандығынан айырылған сотталушылардың жазасын өтеу кезінде түзелу дәрежесін бағалау мәселелерінде қаралады.

Қаралып отырған мәселеміздің өзектілігінің мәнін аша түсу үшін жалпы Қазақстан Республикасындағы Қылмыстық атқару жүйесінің құрылымына сандық тұрғыдан сипаттама берсек, Қазақстан бойынша 15-аумақтық басқарма, 213-қылмыстық атқару инспекциясы, 78-қылмыстық атқару мекемесі (оның ішінде 52 түзеу мекемесі — 20 жалпы, 21 қатаң, 5 ерекше режимді, 10 емдеуге арналған, әйел адамдарға арналғаны жалпы режимді — 3, кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу мекемесі — 3, екеуі жалпы, біреуі күшейтілген режимді), қоныс колониялары — 16, оның біреуі абайсызда қылмыс жасағандар үшін, 15-сі жақсы мінездемемен ауыстырылғандар үшін, 19-тергеу изоляторы, 1 — түрме, 19 — «Еңбек» РМК, 2 — оқу орны, 1 — оқу орталығы бар.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқандар мен жазадан босатылған адамдардың түзелу нәтижелеріне тиімді қол жеткізу үшін түзеу процесі әрбір сотталушыға жеке және жан-жақты әдіс-тәсілге негізделген әрекеттердің сатылы және кешенді бағдарламасына ие болу қажет. Бұл процеске осындай амалдарды пайдалану алдында тұрған міндетті сапалы түрде шешуге және қылмыстық жазаның алдындағы мақсаттарға толық қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1 ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІНЕН БОСАТУ КЕЗІНДЕ АДАМДАРДЫҢ ТҮЗЕЛУ ДӘРЕЖЕСІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

1.1 Қылмыстың қайталануының алдын алуда түзеу мекемесінен босату кезінде адамдардың түзелу дәрежесін бағалау және олардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуінің ұғымы

Қылмыс деңгейін төмендетуде, қылмыстардың қайталануын қысқартуда оның алдын алуға ықпал ететін нысандарды, әдіс-тәсілдерді кешенді зерттеуді қажет етеді. Осы мәселені шешуге бағытталған шаралар жүйесінде жазасын өтеп келген адамдардың әлеуметтік бейімделуіне маңызды орын беріліп, олардың қылмысты қайталап жасауының алдын алу мемлекеттің жүргізіп отырған саясатының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта қайталап жасалған қылмыстардың алдын алу әрекетін жетілдіруге аса назар аударып отырудың өзі тегін емес. Әлеуметтік бейімделу проблемаларының теориялық негізін құрайтын жалпы анықтамалар көптеген еңбектерде көрсетілген. Соған қарамастан заңдық әдебиеттерде әлеуметтік бейімделу туралы бірегей түсінік жоқ. Оның құрылымын кешенді зерттеу де жоқтың қасы. Осындай жағдайда әрине, әлеуметтік бейімделудің құрамы мен сапасын зерттемей оны жүзеге асырудың ғылыми негізделген механизмін жасау мүмкін емес.

Осыған байланысты қаралатын тарауымызда көп жағдайда қылмысты қайталап жасауға бейім келетін ұзақ уақыт бойы қоғамнан оқшауланған адамдарды әлеуметтік бейімдеу проблемасын шешудің амал-тәсілі ұсынылады, оның мәні әлеуметтік бейімделу құрылымы мен жеке бөлшектерін кешенді зерттеуден тұрады.

Әлеуметтік бейімделудің психологиялық, адамгершілік, еңбек, кәсіби сияқты компоненттердің маңыздылығы мен рөліне қарамастан, біздіңше, ең басты бөлшегіне түзеу мекемесінен босап шыққан адамның түзелу дәрежесін бағалай отырып әлеуметтік-құқықтық бейімдеу жатады. Бейімдеу түріне бас бостандығынан айыру орнынан босап келген адамдарды әлеуметтік бейімдеуді басқаруға басты рөл берілген және біздің ойымызша, екі жақты мазмұнға ие — бір жағынан кездейсоқ (аңғарылмаған) процесс те, басқарылатын процесс те бола алады. Мұнда босап шыққан адам қандай да бір нормаларды және құндылықтарды «өздігінен» болатын деп қабылдап, оның сипатына тереңінен мән берместен, әртүрлі қоғамдық қатынастарға еркін түсе алады.

Жеке бастың қалыптасу процесі әлеуметтік орта деп аталатын қоғамдық ортадағы әртүрлі жас кезеңдерінен өтетіні белгілі. Онда адам тәрбиеленеді, психологиялық, адамгершілік, құқықтық және өзге де қағидалары қалыптасады, ол өзінің әлеуметтік ортада болып жатқан жағдайлар мен құбылыстарға байланысты өзгеріп отыратын, әрі қарайғы мінез-құлқын таңдайды. Бұл процессте адам селсоқ қатысушы ғана емес, қоршаған ортаға ықпал ететін қатысушы да болады, және өз кезегінде оның қылықтарында жүзеге асатын әлеуметтік ортаның қалыптастырған мінез-құлықтарын жинақтайды.

Өмір жолындағы осындай әрекеттер механизмінде әр адам қатысады. Осы

мінез-құлық тәсілі бойынша әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтендірудің табыстылығын анықтауға болады. Бірақ, ғалымдар арасында жиі қолданылатын терминдердің кеңінен таралуына қарамастан, олардың мазмұндық жағы мен қарым-қатынастары әртүрлі қарастырылады.

Бейімделу — жеке адамның не әлеуметтік жіктік қоғамдағы жаңа рухани, экономикалық және мәдени құндылықтар мен нормаларға икемделуі (бейімделу — көне латын тілінен — *adaptatio* — бейімделу дегеннен шыққан)¹.

Сондықтан болар, өмірдің өзгермелі жағдайындағы жеке бастың әлеуметтік бейімделу процесін тіршілік етуге бейімделуге қарағанда кеңірек қарастырған жөн. Әлеуметтік деңгейде бейімделу адам ағзасының қоршаған ортаға биологиялық тұрғыда бейімделуіне еш сәйкес келмейді, ол жеке бастың қабылдауының және әлеуметтік ұстанымдарын, рөлі мен қызметтерін (кейде мәжбүрлеу сипатындағы) анықтайтын өте күрделі процесс. Бұл жерде бейімделу орын алса да, ол қайта өзгерумен бірге диалектикалық бірлікте ғана болады.

Әлеуметтік бейімделу мазмұнын, оның табиғатын қарастырған кезде адамды әлеуметтендіру процесін қарамай кетпеу мүмкін емес. Олардың арасында осы процестерге тән көптеген ортақ белгілері мен тығыз байланыс бар.

Қоғам қолдайтын мінез-құлықты меңгеру әлеуметтендіру (латынның — *socialis* — қоғамдық дегенін білдіреді) процесіндегі ең бастысы болып табылады, ол әлеуметтік жағынан бақылауға болатын ғана емес, бақылаудан шығып кететіні бола алады. Ол адамды қалыптастырып қана қоймай, оның мінез-құлқына әсер ете отырып, адам қоғамның толық қанды мүшесі болуына мүмкіндік беретін белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін игерту процесі болып табылады, және қоғамдық белсенділіктің объектісі де, субъектісі де бола алады.

Әлеуметтендіру адамның туған сәтінен бастап жеке адам ретінде қалыптасуының ұдайы жүретін процесі. Ол ұзақ уақыттық биологиялық дамудың нәтижесі болып табылатын терең табиғи алғышарттарға ие. Өз кезегінде, әлеуметтік қайта өзгерулер қоғамдық даму кезінде адамның белгілі бір білім жүйесін, мәдениет пен әлеуметтік тәжірибені игеру бойынша белсенділігін қажет ететін, жеке бастың жаңа жақтары мен қасиеттерін әлеуметтік жағынан маңызды етеді.

Осыған ұқсас әлеуметтендіру процесін модельдеу ұстанымы шет ел әдебиетінде, соның ішінде Чехиялық психолог А. Юровский еңбектерінде де орын алған, ол да осы процесті үш кезеңге бөліп, оның әрқайсысын белгілі бір пәндер: социология, әлеуметтік психология, жалпы психология зерттейді деп көрсетеді. Нақты процесті адамның әлеуметтік ортаға ену кезеңдеріне бөлуге талаптану ретінде кезеңдерге және деңгейлерге бөлу біздіңше негізсіз. Әлеуметтендіруді 23-25 жаспен шектеу адамның қоршаған ортаны тануының және одан өз орнын табуын шектеумен, өмірлік тәжірибені, білімді, дағдыны жинау, жаңа рөлдерді меңгеру және солардың негізінде құндылықтар бағдары мен мінез-құлық ережелерін жасауды тоқтатумен парапар.

Әлеуметтендірудің тарихи сипаты бар, ол әлеуметтік-экономикалық

¹ Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15-томдық. — Алматы, 2006. Т. 3. — 744 б.

формацияда орын алатын қоғамдық қатынастар жиынтығын құрайды және адам өмірінің барлық кезеңінде орын алады.

Адамның жеке жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, психологиялық өзгерістерін сипаттайтын әлеуметтендіруді кезеңдерге және деңгейлерге бөлу процестері бір мезгілде болып жатады, себебі олар адамды әлеуметтендіру процесінің әртүрлі жақтарын көрсеткенімен, бір бірінен ажырамас құбылыс болып табылады. Адамның барлық өмірін қамтитын процесс ретіндегі әлеуметтендіру сипаттамасы осы проблеманы жан жақты зерттеуге мүмкіндік береді, ол жеке адамның даму процесіне де, адамзаттың дамуына да қолданыла алады.

Қарастырылған түсініктерге талдау жасау негізінде әлеуметтендірудің әлеуметтік бейімделуден тұратын, қосымша құрал ретіндегі адамды «адамдандырудың» негізгі көп қырлы процесі екені туралы жалпы қорытынды жасауға болады.

Әлеуметтік бейімделу туралы көптеген түсініктер мен анықтамалардың арасында оны «адамды немесе әлеуметтік ортаны ортамен, оның әлеуметтендіру кезінде нормалары мен құндылықтарын меңгеруден тұратын, сондай-ақ жаңа жағдайлар мен әрекеттердің мақсатына сәйкес ортаның өзгеруі мен қайта өзгеруінің арасындағы өзара байланыс» — деп сипаттайтын жалпы анықтаманы дұрыс деп ойлаймыз.

Бұның барлығы табысты әлеуметтік бейімделудің мынадай ерекшеліктерінен тұратындығын көрсетеді:

- ол адам мен қоршаған орта (табиғи және әлеуметтік) арасындағы өзара әрекеттестік процесін білдіреді;
- бұл процесс тұрақты сипатты;
- ол адамның барлық өміріндегі әлеуметтендіру процесі кезеңіне дейін созылған (ізімше табысты әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтендіру адамның өмір жолында үздіксіз бірлікте болады);
- оның процесі белсенді және әрекетсіз сипатта.

Нақты мәселе бойынша қарастырылған заңдық және анықтамалық әдебиеттерде тек әлеуметтендіру ортасы сөз болады. Автор қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас процесіне тек әлеуметтік ортаны ғана емес, табиғи ортаны да қарастыруды ұсынады. Бұл ұстаным адам биоәлеуметтік жан, ол табиғатқа әсер ете отырып, дүниені таниды, өзін таниды, бұл оның ондағы орнын табуына көмектеседі, қоршаған шындықты өзгертуіне мүмкіндік береді дегеннен шыққан:

- әлеуметтік бейімделу — үнемі жетілу үстіндегі процесс;
- оның қарқыны өмір сүру ортасындағы өзгерістер мен қайта қалпына келтірулерге байланысты;
- қоғамның, жеке әлеуметтік жіктер мен халық топтарының (соның ішінде құқық бұзушылардың) жаңа жағдайлары мен мақсатын болжауға болатындықтан, ғылыми негізге сүйенген әлеуметтік бейімделуге көмек көрсететін жеке бағыттар да жоспарланған, басқарушылық сипатта болады.

Әлеуметтік бейімделу процесінің ішіндегі негізгі жеке процесс — жазасын өтеп келген адамдардың әлеуметтік бейімделуі. Бірақ бұл өте күрделі процесс. Ол әртүрлі категориялы тұлғалардың жасына қарай да, жазасын өтеу мерзімінің ұзақтығына қарай да әлеуметтік бейімделуден тұрады. Әлеуметтік бейімделуден практикалық тұрғыдан ұзақ уақытқа бас бостандығынан айырылған адамдарды әлеуметтік бейімделуді бөліп қарау керек.

Қажетті деңгейде әлеуметтендірілген және әлеуметтік жағынан бейімделген адамның қылмысқа бармайтыны белгілі. Бірақ, адам өз өмірінің бір кезеңінде қоғам қабылдамайтын, кейіннен оны қылмыс деп табатын мінез-құлық формасын таңдап алуы мүмкін. Ол әлеуметтік ортада болып жатқан жағдайлар мен өзгерістерге, әлеуметтендіру мен әлеуметтік бейімделу процестерінің толықтығы мен тереңдігіне байланысты. Егер адам өмірінің белгілі бір кезеңінде әлеуметтік бейімделу қанағаттанарлықсыз жүргізілсе, ол кері бейімделуге әкеледі. Соңғысы кейіннен адамның жеке басының мінезіндегі кері дамудан тұратын, жекелей немесе толықтай кері әлеуметтендіруге әкеп соғады.

Мұндай тұлға кері әлеуметтендірілген және кері бейімделген деп саналады. Бұндай адам қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін, ол бас бостандығынан айыру түрінде, әлеуметтік ықпал ету (аз дәрежеде) ретінде де, арнаулы (үлкен дәрежеде) ықпал ету институттары ретінде де жүзеге асады, мақсат — тұлғаны ресоциализациялау және реадaptациялау.

Әлеуметтік институттарға отбасы, мектеп, еңбек ұжымы және т. б. жатса, арнаулыға — түзету мекемелері, ТМ басшылық жасайтын ұжымдар, әлеуметтік бейімделу орталықтары, бұрынғы сотталғандарға қамқорлық жасау қоғамдастығы және т. б. жатады.

РЕ (лат.) — әрекеттерді қайта жаңғырту, қайталау немесе қайта жасау дегенді білдіретін приставка. Бұл жерде, біздің ойымызша, әлеуметтендірілуге бағытталған әлеуметтік бейімделуді механикалық тұрғыда ұдайы өндіру емес, жеке бастың өткен және болашақ өмірін ескере отырып, тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдану процесі деп ұққан жөн. Бұл процестер басқарушылық сипатта, мәжбүрлеумен астасып жатады да, тұлға оны саналы түрде қабылдап, оған оң немесе теріс баға береді.

Бірақ қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымда (соның ішінде құқық бұзушылар) адамдарға әлеуметтік бейімделуде көмек беру бағыттары туралы көптеген пікірлерге қарамастан, әлі де болса дау-дамайлар туып отырғаны белгілі. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген адамдарға әлеуметтік бейімделуде көмек беруге мүмкіндік емес, қажеттілік баяғыда туындаған. Мұндай көмектің қажеттігі әлеуметтік-саяси өзгерістер, экономиканың нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде әсіресе күшейді. Өндіріс орындарының құлдырауы, жұмыс орындарының тапшылығы, бағаның өсуі түзеу мекемелерінде жазасын өтеп келген адамдардың жұмыс, тұрғылықты жері болмауы, тіпті өмір сүруге қаржы таба алмауына әкеп соқты. Мұндай жағдай әлеуметтік бейімделу процесін бұзып, олардың құқық бұзуды қайталауға итермелейді, нәтижесінде қылмыстың қайталануы ұлғайып, оны жасаған адамдар санының өсуін тудырды.

Сотталған адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ уақыт отыруы олардың жеке бас қасиеттері, түзелу жолына түсуі мен әлеуметтік бейімделуіне кері әсерін тигізбей қоймайды. Ерекше жағдайлар мен арнаулы «зектік» ортада еріксіз түрде өмір сүру адам психикасының жеке қасиеттеріне ықпал етіп, акцентуацияға әкеп соғады. Адам өмірінің жағдайы адам мен орта арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соғады. Жаңа жағдайлар бір қасиеттердің аса қарқынмен жұмыс істеп, екіншілерінің өшуін туғызады. Сондықтан үйлесе дамыған адамның өзі өзгерген жағдайларда ерекше назар аударылған адамға айналады — деген пікірге келіспеске болмайды.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезінде, соның ішінде ұзақ уақытқа созылған болса және қайталап бас бостандығынан айырылу кезінде оқшаулану жағдайында сотталғанның мінез-құлық «жазылмаған» нормаға айналып, оларда стереотип формасы қалыптасады. Мұндай ерекше назарға алынған адам әлеуметтік жағдайларға нашар бейімделеді, түзелу жолына түспейді және көбіне кері бейімделу жағдайында қалады.

Жазасын өтеп келген адамдарды әлеуметтік бейімдеуге қатысты мәселелерді арнаулы заңдық әдебиеттерде қарастырғанда авторлар негізінен бейімделудің екі түрін қарастырады: әлеуметтік және психологиялық.

Адамның түзелуін бағалау кезінде психологиялық бейімделу де әлеуметтік сипатқа ие. Психологиялық бейімделуді біз әлеуметтік бейімделудің бір құрамдас бөлшегі ретінде қарастырамыз. Әрине, психикадағы нормалардың әртүрлі ауытқулары болады, ол құқық бұзушылар мен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп келгендерде де ерекше анық көрінеді. Осыны ескере отырып жеке адамның әртүрлі ауытқыған және аномалды мінез-құлықтары, психикалық әрекетіндегі невротикалық бұзылуларды ауру ретінде қарастыра аламыз.

Жазасын өтеп келген адамдардың психологиялық бейімделуін сөз еткенде олардың науқастану жағдайындағы емес, өмір әрекетіндегі жаңа (өзгерген) жағдайлардағы психологиялық бейімделудегі өмір жағдайын өзгертуді қажет ететін, қалыпты психологиялық жағдайын қарастырамыз.

Психикалық жағдайдың «нормасы» ең табысты деп саналатын, медицинада және әлемдік тәжірибеде жалпы қабылданған өлшемдерден тұрады: психикалық құбылыстардың шарттары, олардың қажеттігі, себептілігі, реттілігі; жеке бастың жас ерекшелігіне сәйкес өмір сүретін мекенінің тұрақтануына деген сезімі; қалыптасқан субъектілік бейнелердің шындыққа барынша жанасуы; адамның шындық өмір мен оған қарым-қатынасы арасындағы үйлесім; оның қоршаған дене, биологиялық және психикалық әсерлерге жауап беруі мен қарсылығы және қабылдауындағы бейнелерді естегі бір типтік бейнелермен салыстыра сәйкестендіру; күш пен сыртқы тітіркендіргіштердің жиілігіне сәйкес қарсылығы (дене және психологиялық); өзге адамдармен және өзімен тіл табыса білу; өмірдің жағдайларына сыни көзқарас; әртүрлі ұжымдарға тән нормаларға сәйкес өзін-өзі түзете білу қабілеті; қоғамдық жағдайларға (әлеуметтік ортаға) қарсылық жауабы; ұрпағы үшін және жақын туыстары үшін жауапкершілік сезімі; бір түрлі жағдайларға қобалжудың тұрақтылығы мен сәйкестігі; өмір жағ-

дайларының өзгеруіне қарай өзгере білу қабілеті; ұжымда (қоғамда) оның өзге мүшелеріне кедергі келтірместен өзін-өзі бекіту; өзінің өмір жолын жоспарлау және оны жүзеге асыра білу.

Осы өлшемдерді талдау олардың әлеуметтендірілген сипатта екенін көрсетеді. Осыдан-ақ психикалық «норма» туралы түсініктің өзі бірдей және жан-жақты екенін көруге болады. Оны бір ғана нақты параметрлермен (өлшемдермен) шектеуге болмайды. Сонымен, нақты жағдайда біз психологиялық бейімделуді әлеуметтік бейімделудің бір ғана бөлшегі деп қарастырылады.

Жазаны өтейтін орындардағы адамдарды қайта әлеуметтендіру көбіне қатаң жазалаумен астасып жатады. Қылмыстық сазайын беру шектеулі түзету әлеуетіне ие, ал оның аса қатал түрлері (соның ішінде бас бостандығынан айырылу кезінде) жеке бас қасиеттерін бұзатын залалдарға әкеп соғады, «сазайын беру азайған сайын және әлеуметтік оқшаулау әлсіз болған сайын жеке адамды бұзылудан қорғап, оған қоғамдағы заңды қорғаушылық өмір үшін қажетті оң бастамаларға бағыттауға мүмкіндік бар, себебі берілетін сазайын оның жасаған қылмысының ауырлығына сәйкес келуі керек. Оны әлсірету, шектен тыс ізгілендіру жазасыздық сезімі мен қылмыстық ортадағы еркіндікті қалыптастырады. Сонымен қатар, қылмыстық жазаны орындатудың барлық жүйесін өмір сүру ортасының өзгермелі жағдайларына дер кезінде бейімделе алатын адамның мүмкіндігін еш қиындықсыз бейімдеу процесін қалыптастыруға бағытталған ғылыми және тәжірибе жүзінде тексерілген ұсыныстарды есепке ала отырып құру қажет. Бұл сотталғанға күрделі өмір жағдайларында дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұдан тағы да сотталғандар үшін әлеуметтік-құқықтық бейімделудің ғана емес, олардың әлеуметтік бейімделу шеңберінде органикалық тұрғыда өмір сүруіне қажеттігін көруге болады. Әрине, бұл жағдайлардағы нормалар әртүрлі деңгейлерде заңды түрде бекітілген болуы керек: облыс аймағында түзету колонияларында жазасын өтеген сотталғандар үшін жергілікті ерекшеліктерді ескерген жөн.

Сазайын беру сотталғанды қоршаған әлемнен бас бостандығынан толықтай оқшаулау және оның бұрынғы әлеуметтік байланыстарынан үзу ретінде қабылданбау керек, ол өз еркімен келген ерекше орынды ауыстыру мүмкіндігі болмауы (оны тек соттың үкімімен және заң жүзінде ғана өзгертіледі) ретінде қабылдануы тиіс. Оның үстіне, жазаның қатаңдығы мен әлеуметтік жағынан пайдалы байланыстардан қол үзу сазайын тартудың шамасы мен сезімін анықтамағанымен түзелу жолына түсуге әсерін тигізеді.

Сонымен бірге оларға «таза пенитенциялық» бейімделу қаупі төнбейді, ол іске қосылған нормаларға және тәртіп талаптарына толықтай өзінен-өзі болатын жағдайдай дағдылану. Мұндай бейімделу қылмыстық ішкі мәдениетті жылдам әрі толықтай қабылдауға әкеп соғады. Көптеген жазасын өтеп келгендер мен сотталғандарды қайтадан түзеу мекемелеріне оралу мүмкіндігі еш қорқытпайды. Кейбір сотталғандар босап шыққаннан кейін ыңғайсыздық (дискомфорт) сезінеді, ал кейбірі ол жерден босап шыққысы да келмейді.

Кейде түзеу мекемесінде әлеуметтендірілмеген және кері бейімделген, әлеуметтену және әлеуметтік бейімделу, түзелу жолына түспеген адамдар босап

шығады. Сондықтан әлеуметтік-құқықтық бейімделу процесін жүзеге асыру мен түзелу жолына түсулерін бағалау қажеттігі және оны жүзеге асыру механизмін құру керектігі өзінен өзі түсінікті. Ұзақ уақытқа бас бостандығынан айырылып келген адамдардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуі біздің ойымызша, жеке адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттестігінің үнемі жетілдірілетін процесі, соның барысында қарым-қатынастар, адамды әлеуметтендіру бағытындағы санасын қалыптастыратын, нормалармен реттелген және тәртіпке келтірілген құқықтар сәйкестендіріліп, жасалады.

Жоғарыда аталған әлеуметтік-құқықтық бейімделуді ескере келе, бас бостандығынан айыру мекемелерінде жазасын өтеп жүрген, олардан босап келгендер, әсіресе ұзақ уақытқа жазасын өтегендерді қайта әлеуметтендіру ең басты орында, ұйымдастырушылық рөл атқарады дей аламыз.

Қарастырып отырған мәселелерді қозғап жүрген әдебиеттерде ведомстволық нормативтік актілер, құқық қорғау органдарының статистикалық мәліметтері және социологиялық зерттеулер нәтижесі негізінде алынған өзге де материалдары бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан және одан босап келген адамдарды әлеуметтік бейімдеудің және түзелу дәрежесін бағалау мазмұнын қарастырылғанда, оның негізгі бөлшектері, осы процестің теориялық алғышарттарына және оның бөлшектеріне жеке анықтама мен қосымшаларына талдау жасалды, олардың әлеуметтендірумен, кері әлеуметтендірумен және кері бейімделумен байланысы көрсетілді. Сонымен бірге түзеу мекемелерінен босап шыққан адамдарды әлеуметтік-құқықтық бейімделуі бар екені негізделді, оған анықтама берілді, ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген адамдарды кері бейімдеу процесіндегі орны мен рөлін көрсетілді.

Бас бостандығынан айыру түрінде жазаны белгілеуде соттың алдында тұратын басты мәселелердің біріне жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесін, қылмыскердің жеке басын анықтау болып табылады, осыдан барып оған жазалау мерзімін белгілейді. Бас бостандығын айыру жазасының қатаңдығын ескере отырып, заң шығарушы оны белгілеудің міндетті талаптары мен мерзімдік шектерін бекітті. Сонымен қатар, бұл жазаның мазмұнындағы ерекшелігін қарастырғанда, жаза тәртібі көбіне жазаның материалдық жағын ескеретінін көруге болады (материалдық жағына бас бостандығынан айыру санкциясының мерзімі жатады), оның психологиялық феномені, адамдарға қиын сәттердегі ықпалы, олардың психикалық ерекшеліктері, эмоциональдық-еріктік мүмкіндіктері және т. б. ескерілмейді.

Міне сондықтан да оған анықтама берудегі объективтілігі мен толықтығы үшін жекелік (фактілік) деңгей негізіндегі қосымша ақпаратты қажет етеді.

Жекелік (фактілік) деңгейге жалпы құқықтық негіздегі (заңдық) түсіндірме мен жазасын бас бостандығын айыру түрінде өтеп жатқан жеке адамның әлеуметтік және жалпы психология, психодиагностика ғылымдары тарапынан ерекшеліктерін бағалау жатады.

Заң, психология, педагогика, экономика ғылымдарының қазіргі жағдайы олардың арасындағы өзара әрекеттестік пен бір-бірімен тығыз байланысы адам-

ның өзін-өзі дамытуға ғана емес, әрі қарай да дамуға әсер ететінін айта кеткен жөн, ол — әртүрлі қылмыс түрлерін жасаушылар саны өсуде, түзу жолға түскен сотталғандар саны азаюда, еңбекке және т. б. жағдайларға шын пейілімен қарайтындар саны азайды, бірақ теріс мінез-құлыққа бағыт алуы көпшілік сотталғандарда (зерттеу жүргізілгендердің 82,0 %) 7-8 жыл жазасын өтегеннен кейін ғана шарықтау шегіне жетіп отыр.

2-3 жыл жазасын өтегеннен бастап ол мерзімді 8 жылмен салыстырғанда, сотталғанның жеке (психофизиологиялық) ерекшеліктерін, өмірінің белгілі бір кезеңіне әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің ықпалын есепке ала отырып, түзелу жолына түсуі төмендегенін жоққа шығаруға болмайды. 6-7 жылға бас бостандығынан айыруға жазасын өтеу мерзімінде теріс факторлардың ықпалы күшейетінін көрсеткен, соның әсерінен тәрбие беру тиімділігінің төмендейтінін аңғартады. Сотталғандардың түзелу дәрежесін бағалағанда ұзақ мерзімге сотталғандардың теріс жаққа өзгергендерін білеміз. Сотталғандар өздерінің жаза мерзімін біле тұра, қай уақытта марапаттаулар жинау, қашан белсенділік таныту керек екендігін жақсы біліп, басқа уақыттарда түзелу жолына түсуге немқұрайдылық танытады. Себебі, заң бойынша жасаған қылмыстың санатына қарай жазадан босатылуы белгілі.

Кейбір авторлар: «Жазалау мерзімі ұлғайтылған сайын, сол мөлшерде сазайын тартқызу тиімділігі де арта түседі» — деген пікірлер айтады. Бұл анықтама біздіңше, қисынсыз, себебі түзету процесін жүзеге асыру кезінде сотталған адам өзінің жазасын өтеу кезінде өкіну сезімі, жазаны өтеу қажеттігі, сот үкімін дұрыс деп санау және сазайын тарту сезімдері жоғалады.

Осы жағдайды ескере отырып және әлеуметтік-құқықтық бейімделу процесінің ерекшелігін есепке ала отырып, біз ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келгендерге жас ерекшелігін ескере отырып, жазаға бір рет болса да ұшырағандар мен бірнеше рет жалпы мерзімі 5 және одан да көп жылдарды құрайтын түзеу мекемесінде болғандарды санауға болады деп есептейміз. Жазаға тартылған адамның жас ерекшелігіне толығырақ тоқталатын болсақ — адамның физиологиялық даму, айналасын қабылдау ерекшелігінде түрлі айырмашылықтар бар. Криминологиялық тұрғыдан адамның қылмыстылыққа бейімділік жас ерекшелігін сипаттағанда жас шамасының төмендігі, психикалық ерекшелігіне қарай қоршаған ортаны тез қабылдап, өзін «зектік» өмір салтына тез икемдейді, орта жастағылар оң-солына есеп бере отырып айналасындағы жағдайға қарай қабылдайды (көбіне бұлар қылмысты абайсызда жасайтындар), ересек жастағылар қылмысты сирек жасап, белсенділіктері төмендейтінін айтады.

Бас бостандығынан айыру мерзімін ұзарту да, азайту да қылмыстың төмендеуіне еш ықпал етпейді. Ал, ғалым-заңгерлердің көпшілігінің пікірінше, бас бостандығынан айыру орындары негізінен онда бір рет те болған адамдарға кері әсер етіп, осы тұлғалардың босап шыққаннан кейінгі бейімделу мүмкіндігін төмендетеді.

Мысалы, Х. Д. Аликперов бас бостандығынан айыруға (әсіресе ұзақ уақытқа) сотталғандарға «қылмыстар мен қылмыскерлердің тұйықталған жүйесі» тән

деп есептейді. Осыған сәйкес азаматқа өзінің бірінші қылмысын жасауға: қажеттілік, азсыну, жабырқаушылық, жоқшылық, кездейсоқ жағдайлар және т. б. итермелейді. Бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған және түзеу мекемесіне түскен адамның әлеуметтік байланыстары үзіледі, жаңа қылмыстық әрекеттерді игереді, қылмыс әлемінің «кіші мәдениетіне» енеді және т. б. болады. Жазасын өтеп шыққаннан кейін ол өндіріс орындарында жұмыс орнының болмауы, тұрғылықты мекен-жайының жоқтығы, өмір сүруге қаржысының жоқтығы сияқты т. б. проблемаларға ұшырайды. Содан кейін туындаған проблемаларды шешуге шынайы құқықтық мүмкіндігінің болмауы, оларды өз бетімен кезкелген жолдармен шешуге ұмтылысы, ресми институттардың осы проблемаларды тез және тиімді шешетініне сенімсіздігі және т. б. оның қылмысты қайталап жасауына итермелейді².

Осыған байланысты, ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын белгілеудің теріс жақтары өзінен-өзі көрініп тұр. Бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ уақыт болу адамның санасы мен психикасына ықпал етеді, эмоциялық-еріктік қабілеттері тұйықталады, ол әрине осы жазаны өтеуші адамның мінез-құлқынан көрінеді.

Жоғарыда атап өткендерді қорыта келе, ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасы тиімді емес және бостандыққа шығатын адамды кері бейімдейді.

Әрине, барлық факторларды ашып, олардың ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасына кесудің тиімділігін көрсету өте қиын, ол үшін арнайы монографиялық зерттеулер қажет, бірақ олардың негізгілері «Түзелу дәрежесін бағалаудың жазадан босатылған адамдардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуіне әсері» атты екінші бөлімде қаралатын болады.

1.2. Түзелу дәрежесін бағалаудың жазадан босату кезінде адамдардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуіне әсері

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген адамдардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуінің көптеген аспектілерін қарастыру, осы бойынша шығарылатын қорытындыларды негіздеу қарастырылатын құбылыстарды терең зерттеусіз мүмкін емес. Бұл ең алдымен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айырылған адамның жеке басын, мінез-құлық ерекшеліктерін, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы қоғамнан оқшауланған жеке бастың әлеуметтік маңызды қасиеттері көрінетін объективтік процестерді зерттеуден тұрады.

Аталған адам қасиеттері мыналардан құралады: «оның қандай да бір әлеуметтік топтағы қасиеттері мен сапаларының барлығы тұлғаның қоғамдық байланыстарының пайда болуы мен өзгеруін анықтайды; сол адам мен оны қоршаған адамдар арасындағы мінез-құлықты, қарым-қатынас мазмұнын айқындайды».

Сотталғанның жеке басын зерттеу үшін мынадай белгілер тобын: әлеуметтік және демографиялық; жеке бастың психологиялық ерекшеліктері;

²Аликперов Х. Д. Преступность и компромисс. — Баку, 1992. — 196 б.

жасаған қылмысымен байланысты және кінәлінің қылмыстық әрекетінің ерекшеліктерін зерттеу қажет.

Ең қолайлысы белгілерді ерекше және ерекше емес деп бөлмейтін көзқарас дұрыс. Себебі, бұл жерде белгілі бір шек қою қиындық туғызады. Соған қарамастан, қылмыскерді зерттеген кезде, оның қылмысқа итермелеуші қылмыстық мінез-құлықтарындағы жалпы қасиеттері мен құрылымдарына талдау жасауда Ю. М. Антонянның мына пікірімен келіспеуге болмайды: «бұл тұлға танымдық зат ретінде зерттеуші алдына қарама-қайшылықтардың тұтас бірегей бірлігі ретінде тұрады. Ол алдымен осы бірлікті бөлшектейді, оларды жеке бөліктерге бөліп талдайды, содан кейін оларды зерттелген бөлшектер ретінде қайтадан біріктіреді»³.

Белгілі бір мерзімде бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген адамдардың әлеуметтік мәнін сипаттайтын мәліметтер ішінде маңызды рөлді әлеуметтік-демографиялық факторлар, олардың сипаттары алады. Осы негізде мыналарды алуға болады: ұзақ уақыт бойы қоғамнан оқшауланған сотталған туралы жалпы және жеке түсінік алу; зерттелудегі адамдар категориясының ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, оның жеке қасиеттері мен олар жасаған қылмыстар арасындағы байланысты анықтау; ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдардың қылмыс жасауын алдын алуды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасау.

Жеке бастың қалыптасуын анықтайтын факторлардың ішінде маңызды орынды адамның жас ерекшелігі алады. Психофизикалық қасиет бола тұра ол адам мінез-құлқының таңдап алған жолына көп ықпал етеді. Жас ерекшеліктерін есепке ала отырып адамның мүдделері өзгереді және қалыптасады, жақын аралыққа және болашаққа деген қажеттіліктері анықталады, өмірлік жоспарлар құрылады, адамның өзге де мүмкіндіктері бағаланады. Өмір сүру жолында әрбір адам әртүрлі әлеуметтік институттар қалыптастыратын және бағыттайтын әлеуметтік қасиеттері баи түседі.

Белгілі бір мерзімде бас бостандығынан айырылу жазасын өтеп жүрген адамдар категориясының бір ерекшелігіне олардың бір жас категориясынан екіншісіне жазасын өтеп жүргенде өтуі жатады. Сондықтан сотталғандардың, жазасын өтеп жүргендердің және ұзақ уақыт қоғамнан оқшауланған жазасын өтеп келгендердің жасын ескеру әлеуметтендіру және түзету барысында нәтижеге жетуге бекітілген тиімді жұмысты жүргізу үшін ерекше маңызға ие.

ТМ адамдар арасында жас категориясын салыстыру да қызықты: 1) ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келгендер; 2) бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың барлығы; 3) барлық тұрғындар арасында.

Ұзақ уақытқа бас бостандығынан айырылған адамдардың орташа жас тобы 30-39 жаста. Үлкен үлесті сондай-ақ 40-тан 44 жасқа дейінгі жас аралығы құрайды, соған қарамастан санақтан өткен сотталғандардың 20-39 жастағылар. Зерттелген адамдар категориясының 1 пайызы ғана 50 жастан асады.

Қатаң және ерекше режимдегі колониялардағы сотталғандар арасында ең

³ Антонян Ю. М. Изучение личности преступника. — М.: ВНИИ МВД СССР, 1982. — 80 б.

кең тараған жас мөлшері 30-дан 44-ке дейінгі жас аралығы. Мұндай жағдай бұл жастағылардың көбі сотталғандығын, соған сәйкес ұзақ уақыттық бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқандығымен түсіндіріледі, ол олардың жастарына да әсер етеді.

Сонымен, тұлғалардың жасы 30-дан 40-қа дейінгі жастағылар, яғни орта жастағылар. Олардың бірінші қылмыстарын 20 жасқа дейін жаста жасағандар. Оларға қоғамға жат көзқарастар, сенімдер мен дағдылар, сондай-ақ тұрақты қылмыстық бағыт тән болып келеді. Осы қасиеттерді өзгертуге бағытталған кез келген әрекеттер үнемі қарсылық көреді.

Психологиялық жағынан алғанда тұлғаның мұндай қасиеттерінің тұрақтылығы интеллектуалдық қана емес, сондай-ақ сезімдік, адам әрекетінің қозғалыс саласын да қамтиды. Сондықтан, олар барынша ескішіл және уақыт өткен сайын таптаурынды болып, адамды еркінен тыс қандай да бір әрекеттерге «итермелейтін» бағыт қалыптасады.

Белгілі бір мерзімде қоғамнан оқшауланған жеке тұлғаны зерттеудегі ең маңызды белгіге отбасылық-тұрмыстық жағдай жатады. Қазіргі қоғам — молекулалар сияқты жеке отбасылардан тұратын көпшілік. Сондықтан, отбасы кіші әлеуметтік топ ретінде табиғи, адамгершілік-психологиялық, шаруашылық-экономикалық, рухани қатынастардың күрделі жүйесі.

Белгілі бір мерзімде қоғамнан оқшауланған бойдақ адамдардың көпшілігі үшін отбасын құру ең негізгі бағалы бағдар болып табылады. Жүргізілген сауалнаманың мәліметтері бойынша жазасын өтеп жүрген кезде айырылысқан тұлғалар 87,3 % бұл үшін өкінеді екен. Олардың ойынша, отбасылық ырыс-береке адамның әртүрлі жағдайдағы мінез-құлқына әсер етуге қабілетті кері криминогенді фактор болып табылады.

Мәліметтерге талдау жасай келе отбасын құрмағандар санының басым бөлігі 29 жасқа толмағандар (52,2 %) екені анықталды. Сонымен қатар, осы категориядағы адамдарда отбасының бұзылу пайызы да жоғары: 22-24 жастағыларда 22,2 %, 25-29 жастағыларда 48,3 %.

Отбасылық жағдайды салыстыру ұзақ уақыт бойы қоғамнан оқшауланған, үйленбеген сотталғандар үлесі бас бостандығынан айыру орындарындағы тұлғалардың басым үлесін құрайды. Оның өзіндік бірнеше себептері бар. Басым рөлге адамдардың жеке бас микро ортадағы қасиеттері жатады. 76 % респонденттер оны жасаған қылмысына сай ұзақ уақытқа бас бостандығын белгілеумен байланыстырады. Олардың ойынша, әйелдерінде сотталған-күйеуінің өзінің рөлін атқара алмауына, жастық шағын жалғыздықта өткізгісі келмеуіне байланысты адамгершілік-психологиялық «сыну» болады, соған сәйкес айырылысып, кейіннен қайталап некеге отыруға мүмкіндік алады. Некенің бұлайша бұзылуына кейбір сотталғандардың отбасылық өмірді теріс ұғынуы, олардың өзімшілдігі, агрессиялық қарым-қатынасы да некеге отыруға кедергі болады.

Жас ұлғайған сайын ұзақ уақыт бас бостандығынан айырылғандардың үлесі де азаяды. Бірақ 30-дан 44-ке дейінгі жастағыларда олар тұрақталып, шамамен 33 % құрайды. Осы топтардағы отбасын сақтау процесі де (33,3 %), олардың бұзылуы да (46,5 %) тұрақты.

Алған мәліметтер отбасының аса құнды екенін түсінетін «шарықтау шегі» 30-49 жас аралығына келеді.

55-60 жас аралығындағылардың бойдақтары мен отбасын сақтағандарының (шамамен 30,8 %) үлесі тең бөліну фактісі де назар аударарлық, аталған топтың тек 3,8 % ғана отбасы бұзылған. Бұл жеке бастың әлеуметтік-психологиялық жас ерекшелігіне байланысты болады. Осы жастағы сотталғандардың арасында жүргізілген сауалнама бойынша бойдақтардың отбасын құруға бірнеше рет окшаулау жағдайында болуы және жаңа немесе өзгерген микро ортаға енудегі қиындықтар (жазаны өтегеннен кейін); аталған жастағылардың тек бір бөлігі ғана екінші рет отбасын құрған, оның себебі зейнеткерлік немесе зейнетке шығар жастағы жұбайлар бұл жаста жеке отбасылық ырыс-берекеге, соның ішінде денсаулығын түзетуге көбірек назар аударатын болса керек.

Кейбір сотталғандар өз өмірлерін аяқталған деп есептейді, енді бір нәрсені өзгертудің еш қажеті жоқ (одан жасырақ топтармен салыстырғанда). Кейбір сотталғандар ресми түрде айырылыспағандықтан, есейіп кеткен балаларымен қатынасып тұрады да, отбасына қайта оралуға үмітті болады, сондықтан оны отбасының сақталуы деп есептейді.

Белгілі бір мерзімге қоғамнан окшауланған адамдарды әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыста бас бостандығынан айыруға сотталу саны мен жазасын өтеу мерзіміне байланысты отбасылық жағдайының ерекшеліктерін анықтау үлкен танымдық және практикалық мәнге ие.

Зерттеулер нәтижесінде сотталу саны мен бас бостандығынан айыру мерзімінің ұзақтығына қарай сотталғандардың отбасының бұзылуының өсуі байқалады. Бұл криминологиядағы жалпыға мәлім анықтамаларға сәйкес келеді. Ол бойынша ұзақ уақыттан бас бостандығынан айырылған сотталғандарда бірнеше рет сотталғандар сияқты жеке бастың әлеуметтік-психологиялық деформациясы күшейеді, соның нәтижесінде оларда отбасылық өмірден жеру, өзін ғана ойлау сияқты өзімшілдік қасиеттері қалыптасады. Көпшілік сотталғандар отбасын ауыртпалық деп санайды. Сондықтан өзіне жүк артпауға деген ұмтылыс отбасының бұзылуына әкеп соғады.

Сонымен қатар, зерттеулер нәтижесі ұзақ уақыт жазасын өтеу мерзімі өскен сайын бойдақтар саны барынша өсе түседі, бұрын некеде тұрғандар саны күрт төмендейді, отбасы сақталған тұлғалар үлесі төмендеп, отбасы бұзылғандар пайызы өсе түсетінін көрсетті. Сонымен, бас бостандығынан ұзақ уақытқа айырылу және сотталу санының өсуі әлеуметтік пайдалы байланыстарға кері әсер етеді, олардың әлсіреп, бұзылуына әкеп соғады, жаңа қылмыстарды жасауға итермелейтін, кері бейімделудің қалыптасу процесін ұлғайтады.

Көптеген криминологиялық зерттеулер көрсеткендей, тұрақты мекен-жайдың болмауы, тұрмыстық жағдайсыздық та кері бейімделу жағдайына ықпал етеді. Жоғарыда аталған тұлғаларға жүргізілген зерттеулер олардың көпшілігінің сотталғанға дейін мекен-жаймен қамтылғанын көрсетеді. Зерттелгендердің 58 % бөлмесі, пәтері немесе жеке меншік үйлері болған. Бірақ, мекен-жайға деген құқық заңда көрсетілгендей, сақталмайды, тек жеке меншік үй немесе өзге тұрғылықты жайға меншіктік құқығы болса ғана ол сақталады. Осыдан-ақ,

сотталғандар алдында тұрақты мекен-жайға қатысты мәселе тұратыны белгілі. Бұл процесс қалыпты өмірге бейімделуге де өз ықпалын тигізері сөзсіз. Көптеген сотталғандардың мекен-жайсыз, еңбекпен қамтылмай қалатынын да зерттеулер көрсетіп отыр.

Жазасын өтеу процесінде тек 51 % тұлға тұруға құқығы бар мекен-жайға ие деп есептелгенімен, олардың 13 % онда тұруға құқы жоқ, ал 22 % бас бостандығынан айыру жазасын өтеумен байланысты мекен-жайда тұруға құқығынан айырылғандар, сондықтан осы проблемаға үлкен мән берілуі тиіс. Бірінші қадам ретінде, біздің ойымызша, бас бостандығынан айырылған адамдарды, әсіресе бұрын мекен-жайлары болғандарды тұрғын-үймен қамтамасыз етуді қарастыратын кешенді бағдарлама құру.

Сотталғандардың отбасылық-тұрмыстық жағдайын құқықтық реттеу құқық қорғау органдары қызметкерлерін, департамент және қоғамдастықтың көпшілігін ғана емес, сотталғандардың өздерінің көпшілігін де алаңдатып отырған мәселе.

Осы кемшіліктерді түзету бойынша негізгі рөл қаралып отырған мәселелерді мемлекеттік-құқықтық тиімді реттеуге беріледі.

Жеке бастың, мінез-құлқының қалыптасуына ықпал ететін факторлардың біріне білім деңгейі де жатады. Криминологиялық әдебиеттерде «кылмыс жасаушы тұлғалардың білім деңгейі өзге азаматтардан гөрі төмен» деген көзқарас кеңінен тараған. Мұның бірнеше себептері де бар. Білім деңгейі төмен адамдарда қызығушылықтар мен мүдделердің тұрпайылығы байқалады. Мұнда моральдық факторлар аса маңызды рөл ойнайтындығы айқын. Білім деңгейі төмен тұлғаларда өзімшілдік, өзге адамдарға деген немқұрайдылық, тұрпайылық байқалады. Білімді көтеру негізінен адамның еңбекке деген қатынасын, оның шығармашылық белсенділігін арттыра түседі. Білімнің болуы, әсіресе кәсіби білім алу, қазіргі кезде олардың көбінің қажеттігі төмендегеніне қарамастан, аса бағалы құндылық. Соған қарамастан білім адамның бостандықтағы өмір жағдайына бейімделуіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Жоғарыда бас бостандығынан айыру орындарында сотталған адамдарға білім берудің тиімді де озық жолдарын айтып өткен болатынбыз.

Белгілі бір мерзімде қоғамнан оқшауланған, бас бостандығынан айырылған адамдар мен тұрғындар арасында жүргізілген салыстырмалы талдау мынаны көрсетті: алғашқыларының арасында 28 % — орта білімді, 19 % — орта арнайы білімді, 4 % — аяқталмаған жоғары білімді. Орта және аяқталмаған орта білімді бас бостандығынан айыруға сотталғандар көбірек болса, тұрғындармен салыстырғанда бастауыш сыныптық білімі 19 % жоғары екенін көруге болады. Жоғарғы білім мен орта арнаулы білімі бар сотталғандар тұрғындармен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

Әртүрлі режимдегі ТМ жазасын өтеп жатқан сотталғандардың білім деңгейі де зерттелді. Оның нәтижесі бойынша сотталғандардың көпшілігі негізінен жалпы орта білім алғандар. Бұл жағдай осы мекеме әкімшілігінің сотталғандарға білім алуға талап қоюымен байланысты, сонда сотталғандарды оқыту — оларды түзетудің бір құралы. Жаза режимі күшейген сайын екі заңдылық сақта-

латыны байқалады:

- 1) жалпы орта білімді адамдар үлесі өсе түседі (жалпы режимнен басқа);
- 2) бастауыш білімі бар адамдар пайызы өсе түседі, жалпы орта білім деңгейі төмендейді.

ТМ жалпы режимдегі жазасын өтеушілердің көпшілігі азғана өмірлік тәжірибелері бар, жастар. Олардың көпшілігі қылмысты жасөспірім шағында жасаған. Олардың ішінде үлкен үлесті орта білімділер (61,5 %), жалпы орта және аяқталмаған орта білімділер (38,5 %) алады. Олардың жартысы білімді жазасын өтеп жүргенде алған, осыған байланысты ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын жалпы режимде өтеп жүрген сотталғандардың білім деңгейін өзге режимдегі ТМ жазасын өтеушілермен салыстырғанда өзіндік бастапқы нүкте деп есептеуге болады.

ТМ қызметкерлерінен (тәрбие жұмысымен тікелей айналысатын) және сотталғандардан алынған сауалнамалар көрсеткендей, өзге сотталғандарға қарағанда, ұзақ уақытқа бас бостандығынан айырылғандардың орта білім алуға талаптары жоғары. Бірақ, ол талапқа деген себептер де әртүрлі. Ең кең таралғандары: бос уақытты азайту, сөйтіп ұзақ уақыттық бас бостандығынан айыру мерзімін қысқарту және білім алу («босқа отырмау керек қой»), сөйтіп оқуға деген қызығушылық тудырады; әкімшіліктен қандай да бір жеңілдіктер алу мақсатында оқуға қанағаттанарлық көзқараспен қарайды; ТМ өндірістеріндегі жұмыстан қашу мүмкіндігі («жұмыс істегеннен гөрі оқыған жақсы»).

Соған қарамастан, режим қатаңдығы жоғарылаған сайын және сотталу санының көбеюіне қарай жоғары, арнаулы орта білім деңгейі күрт түседі де, бастауыш білімділер саны өсе түседі. Мысалы, ерекше режимде ол 11,8 % жеткен.

Осыған байланысты, ұзақ уақыттық бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдардың 57,4 % жалпы орта білімді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қылмыс жасаған кейбір адамдар категориясының білім деңгейі жоғары, бірақ адамгершілік тәрбиесі оның орнын баспайды. Бірақ, білім алу, білім алуға деген ұмтылыстың дамуы қызығушылықтар шеңберін кеңейтуге, дұрыс сана-сезімнің қалыптасуына, жеке тұлғаның қоғамдық-пайдалы формаларда өзін-өзі көрсетуіне ықпал ететіні сөзсіз. Ол тәрбиенің бөлінбес бірлігі және қоғамға жат мінез-құлықтың дамуын алдын алу жолы болып табылады.

Зерттеліп отырған адамдар категориясының білім деңгейі ғана емес, олардың тәрбиелілігі мен қайта тәрбиеленуі туралы, әлеуметтік-адамгершілік дәрежесінің төмендеуін де қарастырған дұрыс. Осы жағынан алғанда, В. Н. Кудрявцевтің көзқарасы аса құнды. Оның айтуынша «жеке бастың адамгершілігінің қалыптасуы адам өмір сүретін және дамитын шындыққа, оның ілгерінді тенденцияларына сәйкес келуі керек. Қандай да бір жаққа ауытқу (шындықтың дұрыс және теріс жақтарын бағаламау немесе шектен тыс бағалау) адамның әлеуметтік құндылықтар туралы түсінігін, қоғамдағы өзінің орны, қызығушылықтары мен мүдделері, мақсаттары мен оларға жету құралдары

туралы ұғымдарының бұзылуына әкеп соғады»⁴.

Сотталғандардың білім деңгейі олардың еңбек әрекетімен тығыз байланысты, оның барысында жеке бастың әлеуметтік портретін анықтайтын негізгі адамгершілік қасиеттер қалыптасады. Кез келген қоғамда ерікті еңбектің экономикалық та, әлеуметтік те, адамгершілік те құндылығы маңызды. Осының арқасында ғана қоғамдық және жеке бас мүдделері жүзеге асады.

Адамның жеке басы «шынайы болмыспен, адам өмірінің шындығымен анықталады және оның нақты әрекеттерімен қалыптасады. Соңғысы адам тәрбие және оқыту процесінде тарихи қалыптасқан материалдық және рухани мәдениетті игеруден қалыптасады».

Дұрыс ұйымдастырылған еңбек сотталғандарды түзетудің бір жолы ғана емес, сотталғанның өзінің қоғамдық-пайдалы еңбекке қатысудағы жалпы азаматтық міндетін орындауға, барлық қоғамның қажетіне, соның ішінде сотталғандардың өзіне және оның туыстарына көмек ретінде жұмсалатын қаражат табуға немесе қоғамдық өнім өндіруге атсалысуға ықпал етеді.

Қамауға алынғанға дейінгі адамдардың еңбекпен айналысуы туралы мәліметтері олардың еңбек дағдылары мен мүдделерін анықтауға, оларды немесе соған жақын әрекеттерді ТМ өндірістерінде қолдануға, өздеріне ұнайтын мамандықты игеруге мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ қайта әлеуметтендіру процесін дұрыс құруда және жүзеге асыруда маңызды болып табылады. Сотталған адамдағы қоғамда қажетті арнайы мамандықтың болуы оның босап шыққаннан кейін де жылдам еңбек ұжымына еш қиындықсыз енуіне мүмкіндік береді.

Белгілі бір мерзімде қоғамнан оқшауланған адамдарға жасалған талдаулар бойынша олардың басым пайызы өздерін жұмысшыларға жатқызады, ол ТМ барлық режимінде жазасын өтеп жатқан ер адамдармен салыстырғанда әлдеқайда көп болса, бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқандардан бірнеше есе көп.

Бұл жағдай осы жаза түрін өтеушілер жасының ересектігі мен әлеуметтік тәжірибесінің молдығына, бірақ әлеуметтік-құқықтық бейімделу үшін әлі де болса жеткіліксіздігімен байланысты.

Онымен қатар, ешқандай қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспайтын тұлғалар да баршылық, және ол барынша алаңдатарлық мәселе. Себебі еңбек әрекетімен айналысудан бас тарту паразиттік өмір салтын қалыптастырады, бұл түптің түбінде қылмыс жасауға итермелейді.

Паразиттік өмір салты қылмыстық өмір сияқты қарым-қатынастардың қатыгезденіп қылмыс жасауға жол ашады, моральдық және адамгершілік қасиеттерден айырылуға әкеп соғады. Қарым-қатынастың өзіндік әлемі, өзіндік «қасқырлық заңдары», өзіндік құндылықтар өлшемі қалыптасады. Мейірімділік, адамгершілік, парасаттылық сияқты түсініктер бұл ортада жоғалып, өзге жалпы адамзаттық, тұрмыстық түсініктер қалыптасады. ТМ тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сотталғанға дейін паразиттік өмір салтын кешкендер өзге сотталғандарға қарағанда режимде бекітілген ережелерді жиірек бұзып, колониядан босап

⁴ Кудрявцев В. Н. Причинность в криминологии. — М.: Юрид. лит., 1968. — 176 б.

шыққаннан кейін қылмыстық өмір салтын сүруді жалғастырады. Мысалы, аса қауіпті қайталап қылмыс жасағандар ішінде көбі қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспайды. Осындай тұлғалар криминогендік жағдайларға әсер етеді, әлеуметтік-құқықтық бейімделу процесінде қиындықтар туғызады. Тағы айта кететін жайт, елдегі өзгерістер, экономиканың нарықтық қатынастарға көшуі қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаушылар (жұмыссыздыққа байланысты) санын да өсіріп отыр және бас бостандығынан айыру орындарынан босап келген адамдардың жұмысқа орналасуында қиындықтар туғызуда.

Осы жағдайлар ТМ жазасын өтеп жатқан кезде-ақ туындаған осындай проблемаларды шешу қажеттігін туғызуда.

Біріншіден, кәсіпке үйрету және мамандық игерту (мамандығы барлары мен оны алғысы келетіндер үшін де) қоғамдағы, өндіріс орындарының болашағы бар салаларына деген әлеуметтік қажеттіліктерді есепке ала отырып, ғылыми жобалау негізінде құрылуы керек.

Екіншіден, бекітілген еңбек дағдыларын жоғалтып алмау мақсатында және біліктілікті арттыруда оны жоғарғы техникалық жабдықталған өндірісте жүзеге асыру. Осыны ескере отырып, көптеген болашағы жоқ ТМ кәсіпорындары жеткілікті түрде механизацияланбаған, автоматтандырылмаған, біртектес және ауыр дене күшін қажет ететін болғандықтан, оны нарықтық қатынаста сұранысқа ие, жалпы қоғамға, халық шаруашылығына қолдануға болатын өнімдерді шығаруға бағытталған қайта құруды қажет етеді. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, белгілі бір мерзімде бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүргендердің 15 % ТМ алған мамандықтары бойынша еңбек еткен, тек 52 % сотталғанға дейін игерген мамандықтары бойынша еңбек етсе, 29 % мүлдем жұмыс істемеген.

Адам еңбегін көрсететін факторлардың біріне еңбек өтілі жатады. Зерттелгендердің ішіндегі 26 % адамда — 1 жылдан 3 жылға дейін еңбек өтілі болған, 32 % — 3 жылдан 8 жылға дейін, 4 % — 15-20 жыл аралығында, 9 % — 20 жылдам астам еңбек өтіліне ие болған. Оған жасалған талдау зерттеудегі сотталғандардың басым бөлігінде еңбек өтілі болғанын көрсетеді.

Қамауға алынғанға дейінгі тұрақты мекен-жайы туралы қарастырылып отырған адамдар категориясының мәліметтеріне жасалған талдау олардың 40 % ірі өндіріс қалаларында, 28 % — облыс орталықтарында, 19 % — аудан орталықтарында, 13 % — ауылдың тұрғындары екенін көрсетті. Осыған қарап, аталған категориядағы адамдардың жұмысқа тұруға мүмкіндіктері болғанын көруге болады, бірақ әлеуметтік-құқықтық бейімделудің әлсіздігіне байланысты олар қайтадан қылмыстық жолға түскен.

Қарастырып отырған адамдар арасында денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыздық мәселесі де маңызды орында. Зерттеулер нәтижесі бас бостандығынан айыру мерзімі ұлғайған сайын сотталғандардың денсаулық жағдайының да нашарлай түсетінін көруге болады. Өзге сотталушыларға қарағанда ұзақ уақытқа бас бостандығынан айырылғандардың еңбекке жарамдығы төмен. Сондай-ақ олардың арасында мүгедектер үлесі 20 % құрайды.

Бірнеше рет және ұзағырақ бас бостандығынан айыратын орындарда болу көптеген сотталушылардың денсаулығына кері әсер ететін болуы керек.

Сонымен, белгілі бір мерзімде бас бостандығынан айырылған адамға әлеуметтік-демографиялық сипаттама берілді. Бірінші рет және бірнеше рет сотталғанның, аталған мерзімді өтегендердің арасындағы айырмашылықтарды ажыраттық. Жас ерекшелігін, отбасылық-тұрмыстық жағдайларын, бірнеше факторларға сәйкес отбасыларының бұзылуына талдау жасадық; білім деңгейін, сотталғандар мен тұрғындардың білім деңгейі арасындағы айырмашылықты көрсеттік, маңызды ғылыми және практикалық маңызы бар бағыттарды анықтадық, ұзақ уақыт бойы қоғамнан оқшауланған адамдардың айналысатын әрекеттері, әлеуметтік рөлі және еңбекке жарамдылығын зерттедік.

Осының барлығы зерттеліп отырған категориядағы адамдарға әлеуметтік-құқықтық бейімделу бойынша шараларды ұйымдастыру мен өткізу кезінде олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, мінез-құлықтарын нақты және мақсатты түрде болжауды, сондай-ақ алдын алу шараларын жоспарлауды есепке алуға аса маңызды.

Бірақ, аталған шараларды табысты болжау және жоспарлау зерттеліп отырған тұлғаның қаншалықты әлеуметтік-адамгершілік тұрғысынан ауытқығанын ғылыми негізде анықтамай, яғни олардың әлеуметтік-адамгершіліктен қаншалықты айырылғандық дәрежесін анықтамай жүзеге асыру мүмкін емес.

Қылмыстық-құқықтық сипаттамалардың мәліметтері қылмыстық-құқықтық қатынастардың байланыстырушы бөлшегі бола отырып, сотталған адамның қылмыстық жолға түсуіне себепкер болған жеке бас қасиеттері туралы түсініктерді қалыптастырады.

Мұны ең алдымен тәрбиешілер білуі керек, себебі тек солар ғана түзетуді қажет ететін жеке бастың кемшіліктерін сипаттап береді. Белгілі бір мерзімге қоғамнан оқшауланған адамды әлеуметтік-құқықтық бейімделуде қылмыстық-құқықтық сипаттама ерекше рөл атқарады. Ендеше оның негізгі бөліктерін қарастырайық.

Қылмыстық-құқықтық сипаттама жасалған қылмыстың саралануына байланысты ерекше қасиеттерден, құрылымынан, соттылықтың болуынан, сот үкім шығарған жаза түрі мен мерзімінен тұрады. Бірақ, бұл жерде біз оны жеке бастың әлеуметтік-адамгершілік қасиеттерінен ада болуы тұрғысынан қарастырғанды жөн көрдік. Бұл жеке бастың түзетуді қажет ететін қасиеттері туралы түсінікті кеңейтеді, адамдық теріс қалыптасқан қасиеттерін ашып, оның әрі қарайғы қылмыстық мінез-құлқына тигізетін әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әртүрлі режимдегі ТМ жазаларын өтеп жатқандарды зерттегенде олардың көпшілігі қасақана зорлық көрсету арқылы қылмыс жасағандардан құралғандығын көруге болады. Егер колония түрлерін қарастырар болсақ, онда біраз айырмашылықтарды да көруге болады. Мысалы, жалпы режимде қасақана және зорлық көрсету арқылы қылмыс жасаған сотталғандар үлесі бірдей, бірақ бұрынырақ зорлық көрсеткені үшін отырғандар саны басым болған.

Соңғы уақыттары бірнеше жылдар бойы қасақана жасалған қылмыстар санының өскені байқалады. Мұндай тұрақты заңдылық жалпы республикалық деңгейде де, жеке аймақтарда да сақталған.

Мәліметтерге талдау жасай отырып, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты қылмыстың өсуі, әсіресе қасақана жасалған қылмыстардың өсе түсетініне көзіміз жетті. Осыған байланысты ұзақ уақыттық бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдар арасында қылмыс түрлеріне байланысты өзгерістер болады.

Сотталу саны мен сот белгілеген жазалау мерзімі. Бұл екі фактор да бас бостандығынан айыру сияқты жазасын өтеп жатқандардың әлеуметтік-адами азғындауының дәрежесін анықтауға ықпал ететін маңызды көрсеткіш болып табылады.

Сотталғандардың жартысы ауыр қылмыстары үшін бас бостандығынан айырылу сияқты жазаларын өтеп жүр. Тағы атап кететін жайт, ұзақ уақытқа қоғамнан оқшауланған адамдардың өздеріне тән ерекшелігіне соттылығының өсуіне байланысты олардың қылмыстық әрекеті де өсе түседі, негізінен, қылмыстардың белгілі бір түрлерімен ғана шектеледі.

Зерттеу мәліметтеріне тағы жүгінетін болсақ, бірнеше рет сотталғандардың (рецидив қылмыстылар) 61,7 % ТМ 8-18 жылын өткізген. Бұл оқшаулану жағдайындағы ең ұзақ мезгіл. Бір жағынан ол қайта әлеуметтендіру процесіне кедергі жасайды, себебі ол түрме өміріне әдеттеніп кетуге әкеп соғады, екінші жағынан — бүгінгі күндегі тәжірибеде бұл ережені түбегейлі өзгертуге мүмкіндік беретін қажетті бағдарлама жоқ.

Осы проблеманы бір өлшемді заңдылықтармен шешу мүмкін емес екені де белгілі, себебі бұл проблема өте күрделі, әрі диалектикалық себеп-салдарлық сипатқа ие (кез келген қоғамдық өмірдегі құбылыс сияқты). Сондықтан белгілі бір жаза түрлерін, ұзақ мерзімді жаза қолдану, сондай-ақ түзету шараларымен ықпал ету бұл проблеманы шешуге болады деу қате болар еді.

Бір жағынан бас бостандығынан айырудағы ұзақ мерзімді, соттылық санын қайталап жасалған қылмыстың бір формасы ретінде қарауға да болады. Мысалы, ерекше режимдегі колониялардағы аса қауіпті қайталап қылмыс жасағандар өтеген бас бостандығынан айыру мерзімі өзге бірнеше рет сотталғандарға қарағанда көбірек: аса қауіпті қайталап қылмыс жасағандардың 13,7 %. ТМ 13-15 жыл жазасын өтесе, 21,6 % — 16-18 жыл, 13,7 % — 19-20 жыл, 31,4 % — колонияларда 20 және одан да көп жылын өткізген.

Көріп отырғанымыздай, қаралып отырған құбылыс өте күрделі және әлеуметтік факторлардың жиынтығының (микро орта, әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік рөлдер, жеке бастың бағдарлы құндылықтары және т. б.) ықпалында болады.

Осы мәселе бойынша әдебиеттерде ғалымдар арасында бірегей пікір жоқ. Солардың ішінде танылғаны - қылмыстың толық себебі әлеуметтік құбылыстардың барлық жиынтығынан тұрады, мұндай себепті өзінің салдары ретіндегі қылмысты тудыратын диалектілік жиынтық, құбылыстар кешені сипаттайды.

Әрине, ТМ жазасын өтеп келген тұлғаның мінез-құлқы жазасын өтеу кезінде оған жүргізілген түзету жұмыстарының ықпалына ғана байланысты емес, ең алдымен сотталғанның кіші мәдениет жағдайында қалыптасқан оң және

теріс сипаттағы жағдайлар кешеніне де байланысты. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай дайындықтың болмауы колониядағы мінез-құлыққа ғана емес, босап шыққандарды өздерінің өмірлік жоспарларын таңдап жүзеге асыруға: дұрыс, заңды, қоғам тарапынан қолдау табатын өмір салтын сүруге немесе қоғамның әртүрлі талаптарына теріс қарауға бағыттайды.

Жазасын өтеу кезінде, әсіресе 2-3 жылын өтегеннен кейін ұзақ уақыт бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтейтіндер арасында бейімделуге дайындық төмендейді. Олардың кейбірінің ТМ босап шыққаннан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ қайтадан қылмысқа баратыны бекер емес.

Бұл мәліметтер бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққандардың көп үлесінің әлеуметтік дайындығының әлсіздігін, бостандықтағы өмір жағдайларына үлкен қиындықтармен бейімделетінін, сондықтан халықтың ең криминогенді категориясы болып табылатынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерінің негізінде соттылықтың өсуіне байланысты мынадай жалпы қорытындыларды тұжырымдауға болады:

- ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыруға сотталғандар саны көбеюде;
- олардың қоғамдық қауіптілігі жоғарылауда;
- жалпы қылмыстық құрылымда ауыр қылмыстар үлесі өсуде;
- қайтадан жасалатын қылмыстар қарқыны өсуде;
- аса қауіпті қайталап қылмыс жасаған қылмыстылар деп танылған сотталғандар үлесі өскен, қайталап жасалған қылмыстар ұлғаюда.

Әлеуметтік-адами азғындану дәрежесі.

Атап өткеніміздей, ТМ қайта әлеуметтендіру процесін дұрыс және табысты ұйымдастыру үшін және жазасын өтегеннен кейінгі әлеуметтік-құқықтық бейімделу үшін ұзақ уақыт бас бостандығынан айырылған адамдардың құлдырау тереңдігі мен олардың әлеуметтік-адами азғындауын анықтау маңызды.

Арнайы заңдық әдебиеттерде осы мәселе бойынша бір мағынадағы, бірақ әртүрлі терминдер қолданылады: әлеуметтік-адамгершілік бұзылғандық және әлеуметтік-адами азғындау, т. б.

Бір жағынан, бұл түсініктердің үлкен практикалық маңызы жоқ, бұл жерде жеке бастың құқыққа қарсы мінез-құлқының дәрежесін объективті түрде анықтап алған дұрыс. Бірақ, оларды дұрыс түсіну үшін тек теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибе жүзінде де маңызды, себебі ол қайта әлеуметтендіру процесін ұйымдастыру және әлеуметтік-құқықтық бейімделу мәселелерін дұрыс бағалауға ықпал етеді, яғни қажетті нәтижені алуға көмектеседі.

Сонымен, «бұзылу» (бұзу, бұзылу) сөзінің бірнеше мағынасы бар:

- 1) бүліну, бұрынғы қалыптан өзгеру, бұзылу;
- 2) бүліну, сыртқы күштің әсерінен көлемнің не болмаса формасының өзгеруі.

«Азғындау» сөзі:

- 1) жақсы сападан жаман сапаға ауысқан, азып-тозған;
- 2) адамшылықтан кету, жолдан таю, кері кету, теріс жолға түсіп, бұзылғандық.

Осыдан, сөздік түсініктеріне сүйене отырып «бұзылғандық» деген сөз ста-

тистикалық түсінік деуге болады, ол көп жағдайда бір нәрсенің, жансыз заттарға қатысты, түзетуге мүмкіндіктің жоқтығын білдіреді. Ол бағалау категориясын білдіреді.

«Азғындау» - динамикалық жағынан ұлғайған процесс, онда адам кез келген даму кезеңінде араласып, ол процесті өзі қалайтын бағытқа бұра алады.

Осыдан, қарастырып отырған адамдардың арнайы әлеуметтік жүйесінде «әлеуметтік-адами азғындауы» терминін қолдану ең тиімдісі деуге болады, ол туындаған жағдайды, яғни бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдардың адами азғындауын толықтай немесе жартылай жоюға мүмкіндік беретін тәрбие процесін қолдануды көрсетеді.

Сондай-ақ отандық заңтану, психология мен педагогикада қылмыс жасаған тұлғалардың әлеуметтік-адами азғындау дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін нақты критерийлер жасалмағанын айта кеткен жөн. Оларды жасау және тәжірибеде қолдану қылмыстық-атқарушы органдардың әрекеттерін сапалы жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, еліміздің барлық сот әділдігі жүйесін де дамыта түсер еді.

Мысалы, судьялар сот үкімін шығарарда ғылыми тұрғыда қылмыскердің түзелуі үшін қажетті жаза түрін, мерзімін дұрыс және қажетті мөлшерде белгілер еді. Ол, біздің ойымызша, қаржы мен материалдық қорды үнемдеп, ең бастысы — қылмыскерлерді қайта әлеуметтендіруде ықпал ететін және тиімділігі бар факторлардың бірі болар еді.

Өкінішке орай, бұл мәселелер біздің жұмысымыздың зерттейтін тақырыбы емес, бірақ олар әлеуметтік-адами азғындау деңгейі немесе дәрежесін анықтау критерийлері мен әдістемесін қозғайтын болғандықтан, тәжірибелік қажеттігін жасауға мән беретін боламыз.

Осы проблеманы шешуде оны педагогика, психология және құқық сияқты ғылымдар тарапынан кешенді ғылыми зерттеулер жүргізу керек. Қазіргі уақытта қылмыскерлердің әлеуметтік-адами азғындау дәрежесін анықтау негізінен субъектілік сипатта болғанымен, ескермей кетуге болмайтын көптеген объектілік факторларға сүйенеді.

Әлеуметтік-адами азғындау дәрежесінің қалыптасу негізі екі бастамадан тұрады: жеке бас (субъектілік) және сыртқы (объектілік). Олар бірігіп әлеуметтік-адами азғындау дәрежесін анықтау процесінің негізін құрайды. Бірақ, бұл процестің ішкі бөлшектер мен сыртқы құрама бөліктері өз сапасы мен мөлшері жағынан бірдей емес.

Адам қатынасатын объектілік қатынастар оның қоршаған ортаға деген субъектілік қатынасымен анықталады, оның ұмтылыстары мен бейімділіктерінен және т. б. көрінеді. Соңғылары сыртқы әсерлердің ықпалымен қалыптасады да, адамдардың мінез-құлық, әрекеттерінің сыртқы жағдайларға, адам өмір сүретін объектілік қатынастарға тәуелдігін көрсетеді.

Әлеуметтік-адами азғындауын анықтағанда сотталғанның даму кезіндегі қылмыстық мінез-құлқының сипатына баға беру керек. Онда да міндетті түрде әлеуметтік — демографиялық белгілерін жасаған қылмысымен байланыстыруды ескерген дұрыс. Себебі ол жеке басты пенитенциялық кезеңге

дейін және жазасын өтеп жатқан кезеңге (пенитенциялық кезең) бөліп қарастырады. Бұл осы саланың методологиялық мәселелерін шешуді қажет етеді, мінез-құлық кез келген адами белсенділікті қамтымайды, тек оның шектелген екі критерийін ғана қарайды:

Біріншіден, оның әлеуметтік маңыздылығын, екіншіден, оның нақты физикалық әрекеттер формасы ретіндегі көрінісі, оның өзінде құқық мінез-құлықтың әлеуметтік маңызды актілерімен ғана ісі бар.

Осы негіздегі мәліметтер болғандықтан, ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген адамдарға барынша объективтік және толықтай мінездемесін беруге болады. Бұл мәліметтерден оларды қылмысқа итермелеген факторларды да табуға болады.

Жүргізген зерттеулер бойынша сол факторлардың біріне — ұзақ уақытқа қоғамнан оқшауланған адамдардың өмірлік тәжірибесінің болмауы. Себебі қылмыстық әрекеттерін олар ерте бастаған. Көптеген сотталғандар қылмысқа жасөспірім шағында барған. Алынған ақпараттар бойынша сотталғандардың 35 % алғашқы қылмыстарын 21 жасқа дейін жасаған (олардың 12 % — 20 жасқа дейін, 13 % — 21 жасқа дейін).

Бұл жаста адам өзінің жеке тұлғасын тануда, өмір жолын таңдауда, өз «Менің» қоғамнан бөліп алатын белсенді әрекет ететіні көпшілікке мәлім. Бұл кезеңде әрі қарайғы жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында әрекет ету, қарым-қатынас, өзін өзі тану салаларында оның сыртқы өмірмен әлеуметтік байланысы кеңейіп, көбейеді, жаңа әрекеттер игеріле бастайды.

Ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру орындарында болған адамдарда алғашқы қылмыстарын бозбала шақта жасалғаны байқалады. Мысалы, қатаң тәртіптегі колонияда (жалпы қайталанған қылмыс) ұзақ уақыт бас бостандығынан айырылған 77,6 % сотталғандар өздерінің алғашқы қылмыстарын 21 жасқа дейін жасағанын көрсетті (олардың 63,8 % — 20 жасқа дейін, 13,8 % — 20-дан 21 жасқа дейін); ерекше режимдегі 86,2 % сотталғандар да осы жаста, аса қауіпті рецидив қылмыскерлердің полицияның әкімшілік бақылауында жүргендердің 95,9 % — осы жаста бірінші рет қылмысқа барған. Осыдан ақ жеке тұлғаның қалыптасуы кері әлеуметтену жолымен қалыптасқанын, негізінен қылмыстық әрекет түрлері игеріліп, жетілдірілгенін байқауға болады. Олардың қарым-қатынас ортасының өзі паразиттік өмір салтын баулыды, оның әрі қарайғы дамуына криминогенді орта ықпал етті, себебі олар үшін ол түсінікті әрі жақын болды. Қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуға олардың уақыттары да болмады, оның үстіне оған деген ұмтылыс та болған жоқ, себебі қылмыстық сана-сезім қалыптасып, бір соттылықтан екіншісіне беки түскен еді.

Нәтижесінде мұндай жасөспірімдер әлеуметтік шындықты игеру қажеттігінен шет қала берді. Осыған байланысты олар әлеуметтік тәжірибені жинақтай алмады, оны белсенді түрде іске асырмады. Өздерінің құрбыларына қарағанда олар жеке бастың тамаша қасиеттерін (сыйластық, достық, тәртіптілік, жауапкершілік, міндеттілік сезімі және т. б.) тәрбиелейтін адам үшін маңызды қарым-қатынас ортасы — еліміздің әскери күштері қатарына бару мүмкіндігінен айырылды.

Кейбір заңгерлер әлеуметтік — адами азу дәрежесін сотталғандардың түзелу және қайта тәрбиелену дәрежесімен бағалайды, себебі оны сонымен байланыстырады. Олардың ойынша, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандармен жүргізілген жеке түзету және қайта тәрбиелеу жұмыстарының көрсеткіштері негізінде жазасын өтеп жатқандардың әлеуметтік айқындамасын, қоғамға жат бағдарын, адами (педагогикалық) азғындауының тереңдігі мен тұрақтылығын анықтауға болады.

Бұл пікір өте оңай көрінеді, бір қарағанда сотталғанның әлеуметтік-адами азғындау дәрежесін түзету және қайта тәрбиелеу айқындамасы жағынан алғанда анықтауды жеңілдетеді, оның үстіне ол арнаулы әдебиеттерде де қаралған, және кейбір заңдылықтарда да көрсетілген.

Бұлайша анықтау тек үстірт қана ол туралы сөз етуден тұрады. Мұндай сипаттама тек сотталғандар: өздерінің түзелгендерін көрсетті, түзелу жолына нық тұрды, түзеле басталды, түзелу жолын қаламады, режимді бұзушылар, өздері қосымша бағалау мен жетілдіруді қажет етеді деген сияқты түсініктерден тұрады. Тәжірибеде әкімшілік тарапынан сотталғанды мерзімінен бұрын-шартты түрде босату, жеңіл жаза түрімен алмастыру сияқты жеңілдіктер беріп жатады.

Сотталғандардың түзету және қайта тәрбиелеу дәрежесіне «түзу жолға түсті» деген сөзі соңғы жылдары тәжірибеде де, арнаулы әдебиеттерде қолданыстан қалыс қалды, себебі осы тұжырымның (өзгелеріне қарағанда) толықтай түсінігі жоқ.

Сотталғандардың қандай да бір түзелу дәрежесін анықтау нәтижесіне Қазақстан Республикасының әртүрлі түзету заңдылықтары нормаларында көрсетілген жиынтық өлшемдері қалыптасты: жақсы тәртіпті, адал, еңбекке деген ынтасы, тәртіп бұзуы немесе бұзбауы, жазасын өтеу режимін бұзу.

Осы өлшемдердің объектілік тұрғыда қалыптасуы ең алдымен, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тән ерекше жағдайлардан тұрады. Қоғамнан оқшаулау мәжбүрлеу түрінде болады.

Зерттеулер нәтижесі бойынша, ұзақ уақытқа сотталғандардың 37 % бір жыл ішінде ешқандай көтермелеу немесе марапаттау алмаған, жазалау шараларын 26 % алған.

Осы мәліметтерге қарап, көптеген сотталғандар мінез-құлықтың бейтарап түрін таңдағанын көрсетеді.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқандардың әлеуметтік-адами дәрежесі әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-экономикалық және құқықтық тұрғыдағы белгілер жиынтығымен анықталады және топтық психология мен өздеріне жақын микро ортаның мүдделері бойынша әлеуметтік тәжірибенің жиынтық бейнесін білдіреді.

Сонымен, зерттеудегі ғалымдар көрсеткен ең қолайлы айқындамалар негізінде, ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келгендер сотталғандардың өзге категорияларына қарағанда әлеуметтік-адами азғындаудың терең дәрежесіне ие деген қорытынды жасауға болады. Бұл қорытынды ол адамдардың сотталғанға дейінгі өмір салты, жасаған қылмыстарының сипаты,

колониядағы мінез-құлықтары мен өмірлік ұстанымдары, жаңа қылмыстар жасау мүмкіндігі және т.б. бекітіледі. Мұндай критерийлер әлеуметтік-адами азғындау дәрежесін қалыптастыратын жеке бас кемістігінің тереңдігін білдіреді.

Әлеуметтендіру процесінің көпқырлылығын, ТМ өзіне тән жағдайларында кері ықпал ететін ортадағы сотталғандарды қайта әлеуметтендірудегі қиындықтарды ескере отырып, олардың жазасын өтеу кезіндегі әлеуметтік-адами азғындауын толықтай жою мүмкін емес. С. А. Салаутдиновтың: «Колонияда өмір сүрген тұтқын өзінің жақсы тәртібін көрсетеді. Бірақ бұл оның түзелгендігін білдіре бермейді. Колониядан шыққаннан кейін оның қайтадан қылмыс жасауға мүмкіндігі бола тұра, ол өзін өзі жеңіп жаңа қылмыс жасамаса, оны түзелді деп айтуға болады»⁵.

Адамның адамгершілік жағынан азғындауы әлеуметтік сипатта болатындықтан, өз дамуы мен бағалауын қоғамның қалыпты өмірі жағдайынан алады, сондықтан жеке тұлғаның түзелуі (егер ол болса) шағын ортаның жағдайларын ескере отырып анықталуы керек.

Қарастырылып отырған категориядағы қайта әлеуметтендірілген адамдардың әлеуметтік-адами азғындаудың дәрежесін төмендетуге (оны жоюға дейін), әлеуметтену жолына қайта келуіне бағытталған әрекет ету құралына пенитенциялық және пенитенциялықтан кейінгі кезеңдердегі әлеуметтік-құқықтық бейімделу жатады.

Әлеуметтік-құқықтық бейімделу процесін тиімді ету үшін, жазасын өту кезінде жеткен оның оң нәтижелерін бекіту үшін, ТМ шыққаннан кейін пайда болған теріс факторларды анықтау және жою үшін, ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдардың құқықтық жағдайларының ерекшеліктерін зерттеп, білу маңызды.

Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі адам құқығын жүзеге асыру оның заңды мінез-құлықтарына негізделген әрекеттері арқылы өтеді. Ол белгілі бір құқықтық белсенділікпен сипатталады және «құқықты тиімді, толықтай жүзеге асыру және қорғау мен міндеттерді орындау бойынша ынталы әрекеттен» тұрады. Ендеше зерттеліп отырған адамдар категориясының құқықтық жағдайын қалыптастыратын әрекетті қарастырайық.

Ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген тұлғаның құқықтық жағдайына қатысты мәселені сот үкімі заңдық күшке енген сәттен бастап қараған дұрыс деп ойлаймыз. Теориялық жағынан соттылыққа байланысты сотталғандардың құқықтық жағдайын құқықтар мен шектеулер айқындамасы жағынан екі кезеңге бөлуге болады: пенитенциялық және пост пенитенциялықтан кейін. Қандай да бір кезеңде болу адамның құқықтық жағдайының әртүрлілігін білдіреді. Құқықтық жағдай ең алдымен азаматтық жарамдылық көлемімен анықталады, яғни адамның өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарды меңгеріп, жүзеге асыра алу мүмкіндігі мен қабілеттері, өзіне азаматтық құқық-

⁵ Салаутдинов С. А. Длительные сроки лишения свободы (вопросы их назначения и отбывания) // Проблемы совершенствования уголовного законодательства и практики его применения. — М.: Всесоюз. ин-т по изучению причин и разработки мер предупреждения преступности, 1981. — 76-88 б.

тар құруы және оны орындауы.

Бірақ, көп мөлшерде шектеулері орын алған ерекше ортада (ТМ сияқты) адамның болуы және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруы әрине, оның колониядан босап шыққандағы құқықтық жағдайына әсер етпей қоймайды. В. В. Меркулов дұрыс атап көрсеткен: «Азамат мәртебесінің мазмұны көп жағдайда арнаулы сипаттамаларға байланысты... нақты азаматтың жеке мәртебесі субъектінің әлеуметтік — экономикалық, құқықтық және жеке мінездемелер кешеніне байланысты»⁶.

Колониядағы қатаң бақылау тұрғысынан қойылған шектеу жағдайынан босап шыққан адам кездейсоқ жағдайларға ұшырап, оларға қарсы келу мүмкіндігі болмайды.

Сондықтан ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген адамның құқықтық жағдайын зерттеу кезінде осы категориядағы азаматтарды ғана емес, осы жаза түрін өтеп келген тұлғаларды да зерттеу керек. Әлеуметтік-құқықтық бейімделу тұрғысынан алғанда ТМ босап шыққандар қызықтырады. Сондықтан, бұл проблеманы фактілі істер негізінде, белгілі бір бірлік тарапынан қарастырған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы адам құқығы бойынша комиссия атап өткендей, Қазақстанның пенитенциарлық жүйесінің мекемелері адам құқығын түгелдей және жаппай бұзу орын алып отыр. Әрбір төртінші сотталған адам оған шағымданғанда тәртіп бұзушылықты, зорлықты және зомбылықты көрсеткен. Адамдар қайғы-қасірет көреді, себебі мұндай жаза — тұтқындағыларды дене және моральдық жағынан кемтар етеді, персоналдарды азғындатады, қоғамдағы криминогендік қауіптілікті қайта жаңғыртатыны белгілі.

Осыған байланысты ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдар біздің елдің азаматтары екенін, жасаған қылмыстарына байланысты сотта белгіленген үкім бойынша жазасын өтеп жатқанын дәлелдеп қажетті жоқ. Соған қарамастан, олар мемлекеттің азаматтары болып табылатындықтан, белгілі бір азаматтық құқықтарға ие болулары керек. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциясында жазылған: «... және халықаралық құжаттарға, соның ішінде адам құқығының Жалпыға бірдей декларациясы және екі пакт — Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт пен Факультативтік хаттама жататын, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт»⁷.

Мысалы, декларацияның 1-бабында адам абыройын сыйлау негізіндегі барлығының құқықтағы теңдігі қаралса, екінші бабында әрбір адам ешбір айырмашылықсыз барлық құқықтарға ие делінген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қылмыстық жазаға тартуды қарастыратын заңдылықтардың ешқай-

⁶ Меркулов В. В. Гражданская правосубъектность осужденных к лишению свободы // Проблемы совершенствования уголовных наказаний: Мат-лы науч.-практ. конф. — Рязань: РВШ МВД РФ, 1992. — 21-22 б.

⁷ Адам құқығы бойынша жалпы декларация (Халықаралық пактлерге қарағанда) міндетті заң құжаты болып табылмайды бірақ, халықаралық қауыдастықта мүшесі болатындар үшін міндетті. Қазақстан Республикасы бұл халықаралық құжатқа қол қойған. Пактінің азаматтық және саяси құқықтарға сай (28 бет) Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан адам құқықтары жөнінде Комитет құрылған.

сысы да сотталғанның негізгі азаматтық құқығынан айыруды мақсат етпейді және көрсетпеген де.

Әрине, жазаны өтеу орнының өзіне тән ерекшелігіне байланысты сотталғандардың барлық азаматтық құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету өте қиын, кейде мүмкін емес болып жатады. Сондықтан заң шығарушы бас бостандығынан айыру сияқты жазасын өтеп жүрген адамдардың міндеттері бар және барлық азаматтарға тән құқыққа ие деп бекер көрсетпеген, бірақ сотталғандарға арналған заңдылықтарда көрсетілген шектеулер де бар.

Біріншіден, сотталған азаматтардың кейбір құқығы мен міндеттеріндегі шектеулер еңбекпен түзету мекемесі әрекетінің ерекшелігі мен оның алдына қойған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау бойынша мақсаттарды шешуге байланысты. Олар қылмыскерлерге қатысты мемлекеттің қатысын білдіреді және міндетті түрде белгілі бір азаматтық құқық пен бостандықты шектеумен байланысты. Бұл құндылықтарды негізгілер қатарына жатқызғанымен, осындай дұрыс шектеулер ғалымдар мен практиктер арасында үлкен дау туғызып отырған жоқ.

Екіншіден, осы уақытқа дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны аса ауыр және қатаң жаза түрінде, сазайын тартқызу басым болатын, тәсіл (құқық қорғау органдарының басшылығы мен қызметкерлері тарапынан) орын алды. КСРО ІІМ-де 1970-80 жылдардағы көптеген ведомстволық нормативтік актілері сотталғанға жазасын өтеу кезінде әртүрлі шектеулер қолдану туралы ережелерден тұрды, ол сазайын беруді күшейте түсті. Жазасын өтеп жатқандар ортасында мұндай шаралар «гайкаларды бұрап тастау», «оттекті жауып тастау» деген сияқты ұғымдармен сипатталды.

Ведомстволық мұндай шектеулер құқық пен бостандықтың көлемін азайтумен байланысты болды, олардың кейбірі түзету-тәрбиелеу процесі тұрғысынан түсініксіз де болды. Олардың қатарына тіс щеткасын алмау (тек тіс тазалайтын ұнтақ қана алу керек), іш киім, шұлық, қолғаптардың климаттық жағдай мен өндірістегі еңбек жағдайына қарамастан (екі комплектіден артық болмауы керек) санының шектеулі болуы жатады. Одан басқа да жеке тыйымдар да болды: режим түріне қарай сотталғанның туыстарына жазатын хат саны (қатаң режимде — екіден артық емес, ерекше режимде — бір хат, түрменің жалпы режимінде — айына бір хат, қатаң тәртіпте — екі айда бір хат). Ал жазасын өтеп жатқан адамдардың туыстарымен хат алысуы олардың әлеуметтік пайдалы байланысқа түсуінің негізгі құралы, ТМ босап шыққаннан кейін әлеуметтік бейімделуге ықпал ететін, туған отбасымен байланыстырушы екенін мойындау керек.

Мұндай шектеулер бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның тиімділігіне теріс ықпал етпей қоймай, сотталған адамның жеке басының кері дамуына әсер етеді, сөйтіп адамның қалыпты қоғамдық қатынастар саласына қайтып келуін қиындатады.

«... Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау (өтеу) тәртібі мен жағдайларында адамды қатты күйзелтетін, қайғы-қасірет әкелетін, оның абыройын түсіретін, денсаулығына зиян келтіретін «сазайын тартқызу элемент-

тері» болмауы керек. ... әрине, қазіргі біздің қоғам өзінен адамды итеріп тастауға немесе одан өш алуға моральдық құқығы жоқ, себебі оның өзі толық жетілмеген және өз азаматтарының мінез-құлықтары мен жағдайына жауапты»⁸, — деген авторлардың пікірлеріне толық қосыламыз.

Қазіргі уақытта заң шығарушы сотталғандардың құқығын шектейтін және бас бостандығынан айырудағы міндеттерін орындауды жүзеге асыруды қиындататын кейбір нормаларды алып тастады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққаннан кейін көптеген адамдар бұрын пайдалана алмаған құқықтары мен міндеттерін қайта қалпына келтіреді. Бірақ, зерттеулер көрсетіп отырғандай, осы жаза түрін өтеумен шектелген құқықтардың көбі ұзақ уақытқа жазаланған сотталғандарға тән. Мұндай жағдай жазадан босап келгендердің арнаулы «құқықтық ереже» туралы сөз етуге мүмкіндік береді.

Ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру оны өтеуші адамдарда белгілі бір құқықтық шектеулермен тікелей байланысты көптеген міндеттерін жүктейді. Бір жағынан — жаза өтелді, бірақ оны өтегеннен кейінгі барлық шектеулер көбейіп, оның сазасын беру мәнін күшейтеді. Екінші жағынан — бұл шектеулер жаңа қылмыстардың алдын алуға ықпалын тигізеді. Бірақ, оларды өлшеу — қайсысы пайдалы, қайсысы зиянды екенін білу қиын.

Мұндай шек қою бірнеше компоненттерден тұрады:

– әлеуметтік-экономикалық құрылыстың салыстырмалы тұрақтылығы (немесе тұрақсыздығы);

– құқықтық әртүрлі тиімді (немесе тиімсіз) әрекеттегі нормалары;

– халықтың әртүрлі категорияларының тұрмыстық және еңбекпен қамтылудағы кең (шектеулі) мүмкіндігі. Осы фактілерді есепке алу, біздің ойымызша, жеке тұлғаның әлеуметтік-демографиялық мінездемесі мен психологиялық ерекшеліктерімен сәйкес жүргізілуі керек. Құқықтық әлеуметтендіруі екі жолмен жүзеге асады: 1) рационалды сезіну (құқықтық нормаларды қажетті және мақсатты, қоғамға және жеке басы үшін пайдалы екенін қабылдау); 2) интернализация жолымен (жеке басқа қатысты сыртқы құқық талаптарын өмірлік ұстаным мен дағдыға айналуы). ... екі жағдайда да құқықтық мінез-құлық пен азаматтық-құқықтық белсенділік жеке тұлғаның мінез-құлқын реттейтін ішкі реттеушілік рөл ойнайтын субъектілік факторларға сүйенеді».

Жоғарыда атап өткендерді ескере отырып, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық бағыттың өзгеруі кезеңінде көптеген әрекеттегі құқықтық нормалар қылмыспен тиімді күресті, бірақ қазіргі жағдайларда экономиканың нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты олар түзетуді қажет етеді. Олардың қатарына бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққандарды тіркеуге отырғызудағы шектеуді жатқызуға болады. Бірақ, қазіргі уақытқа дейін жазасын өтеп келгендер өте күрделі қиындықтарға ұшырап отыр, себебі олар еш жерге тіркелмегендіктен жұмысқа тұру қиын, ал тіркеуге отыруға тағы болмайды, себебі оның жұмыс орны жоқ. Мұндай жағдайға әсіресе туыстары жоқ немесе

⁸ Пономарев С. Н., Медведева П. Т. Карать или предупреждать? // Человек: преступление и наказание. — 1993. — № 1. — 10-16 б.

тұрғын-үйге тіркеуге тұруға рұқсат ала алмаған адамдар ұшырайды. Ондай адамдарға сотталғанға дейін тұрған мекен-жайына құқығынан айырылғандар, сондай-ақ жұмысқа тұрып, соның арқасында жатақханадан орын алғысы келгендерді жатқызуға болады. Бұл проблемалар тез шешімін табуды қажет етеді. Олар бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген адамдардың азаматтық құқығы мен бостандығын шектеп қана қоймай, олардың әлеуметтік-құқықтық бейімделу процесіне кері әсер етеді.

Мысалы, босап келген адам кәсіби мамандығына және өз еркімен қалауына қарамастан, әскери және қорғаныс жағынан маңызды өнеркәсіп, көлік, байланыс объектілеріне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-құрастыру, технологиялық мекемелерде, қорғаныштық қана емес, экономикалық маңызды азаматтық қорғаныс объектілерінде жұмысқа тұра алмайды. Оның осы объектілерде жұмысқа тұруына қарсы болудың себептеріне: оны соттың шешімімен аса қауіпті рецидив қылмыскер деп мойындауы, оның мемлекеттік немесе өзге де ауыр қылмыстарды жасағаны үшін ісінің сотта қаралуы немесе тергеу процесіне қатысуы, осындай қылмыстары үшін соттылықты өтеуі жатады.

Осыған байланысты, көптеген ұзақ уақытқа жазасын өтеп келгендердің азаматтық құқығы бірден еңбекпен түзету мекемелерінен босап шыға сала қалпына келсе, кейбірі оны ұзақ уақытқа дейін ала алмай, алса да толықтай ала алмай жүреді.

Оның үстіне бір қылмыс пен екінші қылмыс арасында аз ғана уақытта бостандықта болған сотталғанның шынайы өмір туралы түсінігін де ескерген дұрыс, себебі ТМ ұзақ уақыт бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеген сотталғандар арасында ондайлар көп. Аз ғана уақыт бостандықта болған және жаңа қылмыс жасаған адамға үйреншікті өмір салтынан олар сырт қалары сөзсіз. Олардың құқықтық жағдайы кейбір құқықтары мен міндеттерін жекелей шектеуде көлемі мен ұзақтығында да біраз шектеуге әкеп соғады.

Бірақ, зерттеліп отырған адамдар жазасын өтеп шыққанда олардың құқықтық жағдайы негізінен құқық нормалары бекіткен кейбір шектеулерге қарамастан, азаматтық жалпы субъектілік құқығына сәйкес келеді.

Зерттеліп отырған категориядағы адамдардың құқықтық жағдайларының ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, оны уақытша өз құқықтары шектелгендер деп санау керек деген қорытындыға келеміз. Әрине, кезіндегі соттылықтың адамның өмір бойғы құқықтық жағдайына ықпалын теріске шығарамыз, оның жартылай құқығының сотталған сәттен оны толықтай өтегенге дейін немесе алып тастағанға дейінгі кезеңде шектелетінін уақытша құбылыс екенін растаймыз. Бұл ешбір заңдылықтарға қарсы келмейді. Бірақ, бұл жерде бас бостандығынан айыру жазасы есепке алынбай қоймайтын өмірдің практикалық жағын да ескерген дұрыс. Себебі ол жағдай адамның әртүрлі өмірлік жағдайларындағы мінез-құлқында ескеріліп, көбіне оның қоғамдағы азаматтық-құқықтық жағдайында жиі қозғалатын болады.

Мұндай жағдайда өмірдің әлеуметтік жағдайларына бейімделмеген адамдар қалатынын да айта кеткен жөн, себебі әртүрлі себептерге байланысты олар азаматтық құқығы мен міндеттерін толықтай қолдана алмайды. Бұл жағдайда

әлеуметтік бейімделудің тиімді құқықтық механизмінің жоқтығы ықпал етеді. Өкінішке орай, қазіргі уақыттағы әрекеттегі ұзақ уақыт бас бостандығынан айыру орындарында болып келген адамдарды әлеуметтік бейімдеу бойынша нормалар қажетті нәтиже бермей келеді, себебі олар ол адамның бостандықтағы өмірге бейімделуінің барлық жағын қамти алмайды, қоғамдық экономикалық қатынастардың өзгергенін есепке алмайды, сондықтан да тиімсіз.

Осыған байланысты, ТМ босап шыққан адамның құқықтық жағдайын жүзеге асыру мәселесін шеше отырып, заң шығарушыға түзетуге бағытталған олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін барлық қолайлы жағдайлар жасау керек, бұл әрине олар жасаған қылмыстардың қайталануын азайтады.

Демократиялық қоғамда кез келген адам өзінің құқығы мен бостандығын жүзеге асырғанда өзге азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету және сыйлау, қоғамдық тәртіпті және жалпы адамдардың жағдайын жақсартуды қолдау және қорғауға әсер ететін, моральдық талаптарды қанағаттандыру мақсатында ғана заң жүзінде бекітілген шектеулерге ұшырай алады деп есептеледі.

2 ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ СОТТАЛУШЫЛАРДЫ АТТЕСТАТТАУ

2.1 Сотталушылардың түзелу дәрежесін кешенді бағалауда аттестаттаудың маңызы

Аттестаттау — біреудің білімі, іскерлігі туралы пікір, қорытынды; рекомендация⁹.

Сотталушылардың түзелу дәрежесін бағалау олардың түзелуін танып-білуге және белгілеуге бағытталған кезең, сондай-ақ сотталушылардың жазасын өтеу барысында әрі қарай дамуы мен бекуіне ынталандырады.

Аттестаттау — бұл бағалаудың бөлінбес және айқындауыш бөлігі ретінде қызмет етіп, оның мазмұнын құраушы, теорияда құрылған негізгі ережелерді тәжірибеде жүзеге асырушы әдіс болып табылады.

Қазіргі кезде сотталушыларды аттестаттау барлық түзеу мекемелерінде жүргізіледі. Тәрбие жұмыстарының аталмыш түрін дайындау және жүргізу бойынша үлкен тәжірибе жинақталған. Соған қарамастан, қылмыстық атқару заңында «сотталушыларды аттестаттау» термині еш жерде кездеспейді және қаралмайды. Бұл жағдай әрине ескерусіз қалған жоқ, көптеген мамандар бұл мәселені қарастырып, қолданыстағы қылмыстық атқару заңына сотталушылардың аттестаттауын бекіту қажеттілігі туралы пікір де айтып жүр.

Сотталушылардың түзелуін кешенді бағалауды біртұтас жүргізудің тәжірибесінің жоқтығына байланысты жеке аймақтардағы аттестаттауды жүзеге асырудың және оның маңызын есепке ала отырып, сотталғандардың түзелуін қорытындылап, дәлелдеп, бекітетін бағалаудың осы түрін бекіте түсетін түзету мекемелеріндегі сотталушылардың аттестаттау туралы **Ережені** дайындап және қабылдауды дұрыс деп саналады. Ереженің нұсқасы ұсынылған (Қосымша В).

Еркінен айырылған сотталушыларға алғыс және сөгіс жариялау шараларын қолдану тәртібі мен бағалау өлшемдері туралы Нұсқаулықтарымен қатар, осы Ереже сотталушылардың түзелуін бағалау бойынша аттестаттау комиссиясы қызметінің құқықтық базасын құру қажет. Бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2007 жылы 6 тамыздағы «2007-2009 жылдары Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару жүйесін жетілдіру туралы» жаңа Бағдарламасының мақсатына сәйкес келеді.

Сотталғандарды аттестаттауда олардың түзелу дәрежесін бағалаудың түрлері заңдық тұрғыдан реттелмегендіктен аймақтарда әр түрлі жүргізіледі. Республикалық деңгейде ұсынылған өзгерістерді қабылдау, сотталушылардың түзелу дәрежесін бағалау формасының тиімділігін жұмылдыруға және жақсартуға әсерін тигізеді. Бұл мәселе бойынша қылмыстық атқару жүйесінің қызметкерлері арасында жүргізілген — «Сотталушыларды аттестаттауды одан әрі теориялық және құқықтық тұрғыдан жетілдіру керек пе?» — деген сауалнама сұрағына қызметкерлердің 52 % ұсынысты қолдаған.

Бағалаудың ұйымдастырушылық-құқықтық формасы бола тұра, түзету ме-

⁹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / А. Ы. Ысқақовтың жалпы ред. — Алматы: Қаз ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974. Т. 1. — 696 б.

кемелеріндегі аттестаттау өзіне тән екі түрлі қызмет атқарады: танымдық-белгілеу және ықпал етуші қызмет. Қылмыстық атқару заңының теориясында сотталушыларды аттестаттау олардың түзелу дәрежесін бағалаудың оңтайлы әдісі ғана болып қоймай, олардың түзелуіне ықпал жасаушы, белсенді әрекет етуші құрал екені айтылады.

Таным мен белгілеу бағалаудың тікелей қызметі екенін ескере отырып, сотталушылардың негізгі аттестаттау бағытын, сотталушыларды аттестаттау процесі кезіндегі осы қызметтің жүзеге асуын қарастырылады.

Бағалаудың осы қызметін жүзеге асырудағы сотталушыларды аттестаттаудың мақсаты сотталушылардың бағыттылығындағы оң өзгерістерді анықтап тексеру, оларды атап өту, кемшіліктерін және олардың жою әдістерін көрсету, қайта әлеуметтенудің дұрыс жолдарын анықтап, сотталушының оларды жүзеге асыруына ынталандыру. Ол үшін аттестаттау барысында сотталушылардың жеке тұлғасын терең, жан-жақты және объективті зерттеу қажет, онымен тәрбие жұмыстарын жақсартып, түзелудің негізгі құралдарының оған әсер етуін күшейту керек.

Сотталушыларды аттестаттау — бұл олардың мінез-құлық және жеке тұлғалық іс-әрекетін, түзелу дәрежесін мерзімді, ұжымдық бағалау бойынша мақсатты бағытталған және жүйелі процесс.

Аттестаттау сотталушылардың түзелу дәрежесін анықтау және жазалаушы — тәрбиелік әсерінің нәтижесін белгілеу әдісі ретінде анықтайды деген пікірді ұстанады. Сотталушының аттестатталуы мақсаты ретінде сонымен бірге олардың құқық бұзушылық тұлғасын тереңнен, жан-жақты зерттеуге және оның түзелу дәрежесін объективті анықтайды.

Сотталушыларды аттестаттау әрбір сотталушы адамның оң және теріс жақтарын қарастыратын заң бұзушылар үшін қамқоршыл да қатал бағалау болып табылады. Сондықтан аттестаттау барысында жүргізілетін сотталушылардың бағыттылығындағы оң және теріс өзгерістерді бағалау кешенді бағдарлама бағытының бірі болып табылады.

Сонымен, сотталушыны аттестаттаудың танымдық бағыты тікелей, бағалаудың осыған ұқсас қызметтерінің мазмұнынан шығады. Жазасын өтеуші тұлғалардың бағыттылығына бақылау жүргізіп және белгілей отырып, аттестаттау түзету мекемесі әкімшілігіне сотталушыларға түзету процесінің әсер етуін, жеке кемшіліктерді және жұмыстардағы жаңылыстарды анықтайды. Осыдан аттестаттаудың басты міндеті — сотталушыны объективті зерттеу, оның оң жақтарын атап өту, кемшіліктерін және оларды жою жолдарын көрсету, түзелудің оңтайлы жолдарын анықтап, оларды жүзеге асыру шығады. Егер бұл педагогикалық тұрғыдан дұрыс жасалған болса, онда сотталушы өзіне қойылған талаптарды қатаң орындайтын болады.

Сотталушыны аттестаттауда тәрбиелік бағыттар да маңызды рөл атқарады.

Өз кезінде пенитенциарлық әдебиетте аттестаттауды ұйымдастыру бұл жүйені одан әрі жетілдіру және сотталушыларға тәрбиелік әсер ету жұмыстарында оның рөлін арттыру үшін жан жақты зерттеуді керек ететіндігін қатаң атап өткен. Сотталушыларға тәрбиелік әсер етудің әсерлі факторы бола тұра,

түзету мекемелеріндегі аттестаттау, қазір де өзінің сөзсіз пәрменділігін дәлелдеді, алайда оны әлі де дамыту және жетілдіру керек, себебі сотталушылармен жасалатын барлық тәрбиелік жұмыс кешенінде ол жетекші және маңызды орын алады.

Көпжылдық құқық қолдану тәжірибесі сотталушыларды аттестаттау оларды тәртіптілікке тәрбиелейді; оң дағды мен әдеттердің тез бекуіне әсерін тигізеді; адамға, қоғамға, еңбекке, нормаларға, ережелерге және қоғам өмірінің әдеттеріне адал қатынасының қалыптасуының белсенділігін арттырады; жасаған қылмысына өкінуге және заңға бағынушы тәртіпке ықпал жасайды; еркін өмір жағдайына сотталушыны әдептілікке және инабаттылыққа дайындайтындығын дәлелдейді. Сотталушылардың тәрбиелік жұмыстарымен айналысатын қызметкерлердің пікірінше, аттестаттау болашақ өмірі мен еңбекке адал қатынасы және жақсы тәртіп жағдайында мерзімінен бұрын босатылуға үмітті болуы үшін сотталушыға анық мақсат береді. Бұдан басқа, бір тәрбиешіге қарағанда, тәрбиешілер кеңесі мүшелерінің сотталушыға ұжымдық әсер етуі неғұрлым оң әсер ететіндігі де сөзсіз. Бұл сотталушыларды аттестаттау бағыты қылмыстық жазаны қолдану мақсатын оңтайлы жақсартуға тікелей әсерін тигізеді.

Сотталушыға жеке әсер ету әдісі ретіндегі аттестаттаудың басты мәні сотталушы кез-келген жағдайда өзінің әрекеті, тәртібі үшін жауап беретіндігін түсінуінде. Бұл жағдай сотталушы әкімшіліктің көзінен таса болған кезде де өз әрекеті үшін есеп беріп, ол үшін баға алуға тырысуымен құнды.

Сол себепті де сотталушылардың аттестатталуы олардың түзелуіне жақсы жағдайлар жасай отырып, олардың түзелуіне көмегін тигізеді.

Тұлғаның субъективтік қабылдауында қызығушылық ояна бастағанда, ол нақты тұлғаның қозғаушы күші болады. Сотталушылардың аттестатталуды субъективті қабылдауы оның тиімділігін арттыра түседі. Сондықтан сотталушының түзелуін бағалаудың ұйымдастырушылық-құқықтық формасы ретінде аттестаттау сотталушының санасындағы бастамаға әкелетін және оның қоғамға қауіпсіз азамат болуына көмектесетін бастапқы бөлшегі болуы керек. Түзету мекемелеріндегі сотталушының аттестатталуы көп жағдайда олардың өздерінен, олардың әлеуметтік бағыттылығына байланысты екендігін түсіндіру керек. Сотталушының қоғамнан тыс жағдайда қанша болатындығын, онда оның қандай құқығы болатындығын түсінуінен оның түзелуі мен оң өзгерістерге ұмтылуы тікелей байланысты.

Әр сотталушының аттестаттауға деген қатынасы әртүрлі болады. Әдетте, сотталушыларды тәрбиелік әсерге тез және баяу әрекет ететіндер деп бөледі. Бұл жағдайды аттестаттау жүргізу кезінде міндетті түрде қолданып, оны есепке ала отырып, әр сотталушыға түрліше педагогикалық-психологиялық әсер ету әдістерін қолдануға болады. Тәжірибе аттестаттаудан өткен көптеген сотталушылар өмірдің мәні туралы ойлана бастайтынын, өмірін қайта бастап, өткенде жіберген қателіктерін түзету үшін мінезінің теріс жақтарын жоюға тырыса бастайтынын дәлелдеп отыр.

Сотталушылардың аттестатталуының тиімділігіне әсер ететін жағдай сотталушымен психологиялық байланыс орнату болып табылады. Мұндай байланыс

тек сотталушының тұлғалық жеке ерекшеліктерін, оның бағыты мен басты қызығушылықтарын білу негізінде ғана болуы мүмкін. Жеке тұлғаны қорғаудың психологиялық жүйесі, тұлғалық психологиялық кедергілердің парапар диагностикасы да маңызды. Психодиагностика көзқарасы бойынша, сотталушылардың әлеуметтік-психологиялық айырмашылықтарын есепке алмай ықпал ету, олардың бас бостандығынан айыру орындарында көптеген қақтығысқа ұшырауына, жеке басына теріс әсердің күшеюіне әкеледі. Тәрбиешінің сотталушы әрекетінің себептерін қате түсіндіруі және соған сәйкес түзету құралдарын қате қолдануы тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы психологиялық қатынастың жойылуына әкеп соғады.

Жалпы, аттестатталудың тиімділігі туралы сотталушы тұлғасының өзгеру динамикасына және оның түзелу дәрежесін зерттеу бойынша келесідей тұжырымдауға болады. Республикадағы ӘМ ҚАЖ жалпы және қатаң режимдегі түзету колонияларындағы сотталушыларға арналған аттестаттау құжаттарын тексеру нәтижесі бойынша бірінші аттестаттаудан өткеннен кейін (ҚР ӘМ ҚАЖ түзету мекемелерінде Қарағанды облысы бойынша сотталушыларды аттестаттау жарты жылда бір болады), сотталушылардың 23,4 % түзелудің бірінші дәрежесінде бекиді, ал екінші дәрежелі түзелуден кейін 6,2 % жоғарылаған. Сотталушылар арасындағы түзелу белгілері жоқ, сонымен қатар түзелу дәрежесіне сәйкес зерттелмеген сотталушылардың 20,6 % екінші аттестаттаудан өту кезінде осы сараптаманы көрсетті. Үшінші аттестаттаудан өткеннен кейін 7,3 % сотталушылардың көрсеткішінің жақсарғаны байқалған. Түзелудің жоғарғы дәрежелеріне төртінші аттестаттаудан кейін, 4,7 % сотталушылар ауыстырылған. Бесінші аттестаттаудан кейін екінші және екінші түзелу дәрежесі бар сотталушылардың саны көбейіп, тіпті кері ағымға ауысқандығы байқалған (-1,9 %).

Сонымен, Республикамыздың түзету мекемелерінде жүргізілетін сотталушылардың аттестатталуына ықпал беретін бағыттардың тиімділігі айқын көрінеді. Екінші және үшінші түзелу дәрежесі бар сотталушылардың санының өсуі тоқтайтын нақты шекара (бесінші аттестаттау яғни 2,5 жылдан кейін), бұл уақытқа шейін сотталушылардың бір бөлігі жаза өтеу мерзімінің бітуі бойынша босатылады, немесе жазасын толық өтеуді керек етпейтіндіктен мерзімінен бұрын босатылады және сәйкесінше пайыздық қатынас басқа айналымға ие болады.

Сотталушылардың түзелу дәрежесін бағалау формасы ретінде аттестаттаудың тиімділігі туралы 488 сотталушының сауалнамасының нәтижесі бойынша 42 % сотталушының жүргізілетін аттестаттауға оң қатынаста екендігі анықталды.

Осылай түзету мекемелерінде сотталушыларды аттестаттау сотталушылардың бағыттылығының сапасын жақсарту немесе қалыптастыру құралы ғана болып қоймай, сотталушының заңға бағынушылық тәртібіне ықпал етуші әдіс болып табылады. Аттестаттау нәтижесі бойынша комиссия олардың әрқайсының түзелу дәрежесін анықтап қоймай, қылмыстық жазалау мақсатына жетуге бағытталған нақты кеңестер айтады.

Сотталушыны аттестаттау сапасы, көп жағдайда, оны жүргізу дайындығы-

ның сапасына байланысты болады. Аталмыш дайындық техникалық жұмыстармен, мінездеме және хаттамалар толтырумен ғана шектелмеуі керек. Міндетті түрде аттестаттауды жүргізуге және дайындауға қатысатын әрбір қызметкер, сотталушымен жүргізілетін бұл тәрбиелік жұмыстардың ашық форма екендігін түсіну тиіс. Тек ұдайы бақылау мен көрегендік, педагогикалық шеберлік пен психологиялық терең байланыс сотталушылардың әр түрлі көрінулерінен тәрбиешіге таңдап алуға, оның шынайы түрін анықтауға, оң және теріс өзгерістерін дұрыс белгілеуге, тұлғаға объективті баға беруге, әрекет етудің оңтайлы жолдарын таңдауға көмектеседі.

Екінші жағынан, аттестаттаудың қорытынды нәтижелерін шығару үшін, яғни сотталушының түзелуіне оң әсер ету, олардың психологиясын осы маңызды іс шараға саналы дайындалуға міндетті түрде бағыттау жолға қойылады. Осы мақсатта дайындық жұмыстары шеңберінде сотталушымен әңгіме, сұхбат, жиналыстар жүргізіп және басқа да сотталушының санасына қажетті ақпараттарды жеткізе отырып, сотталушының оң өзгерістерін жетілдірумен, оның тәртіптілігін жоғарылатумен және т. б. мақсатты жұмыс жасау жүзеге асырылады.

Сотталушыларды аттестаттауға дайындық бойынша жұмыстар шеңберінде сотталушылар туралы барлық мәліметтерді жинау бойынша кешенді іс-шаралар жүргізіледі. Жедел алынған мәліметтерге, сонымен қатар алдына ала тергеу жұмыстары материалдарының ақпараттарына да жеке назар аудару керек. Ең соңында, көптеген құқық қорғау органдары жұмыстарында жинақталған нәтижелердің де маңызы бар: жауап алу, тергеу, прокуратуралар, соттар, алдына ала қамауға алу органдары. Бұл мәліметтерді жинақтағаннан кейін, сәйкес қорытындылау көрсеткіштеріне топтастырылып, осы негізде сотталушының тұлғалық бағыттылығында оң өзгерістердің болуы немесе болмауы туралы алғашқы шешімдер қабылданады. Мұның барлығы, аяғында, сотталушының аттестаттау бойынша нәтижелеріне оң әсерін тигізетін, сотталушының тұлғасын объективті тұрғыда зерттеуге, онымен жүргізілетін жеке тәрбие жұмыстарының жоспарын дұрыс құруға мүмкіндік береді.

Сотталушыға мінездеме беру мен бағалау аттестаттау комиссиясының отырысы барысында жүзеге асырылады. Тәжірибеде қолданылатын аттестаттау комиссиясы жұмыстарының тәртібі мақсатқа сәйкес ұсынылады. Ережеге сай, аттестаттау комиссиясының отырысында төрағалық жасақ бастығына беріледі. Комиссия мүшелері әр сотталушыға хаттама жүргізетін хатшыны таңдайды. Аттестаттау комиссиясы көрсеткен құрамға сотталушының тұлғасын зерттеудегі рөлі аса маңызды психологты да кіргізу қажет. Сотталушыны сипаттайтын төрағалық мәлімет шешімімен отырыс басталады. Аталмыш мәліметті жеке қорытынды құжатқа мақсатқа лайықты топтастыру керек.

Берілген қосымшада көрсетілгендей, аттестатталушы туралы барлық мәліметті анықтамаға қорытындылау ұсынылады. Осындай жолмен, қорытындылау көрсеткіштеріне жинақталған ақпараттар ғана емес, сонымен бірге бағалауға маңызды басқа да ақпараттар анықталады.

Аталған анықтаманы хабарлағаннан кейін, сотталушының жалпы психологиялық мінездемесін суреттейтін психологтың қысқаша пікірін тыңдау қажет.

Жеке мәліметтерді анықтау мақсатында, сонымен қатар сотталушының жеке басының тікелей қабылдауы мақсатында аттестаттау комиссиясының мүшелері оған сұрақ қояды. Мұндай сұрақтар барысы сұрақ-жауап түрінде келетін, сұхбат түрінде жүргізілуі мүмкін. Әдебиеттерде, бұл жөнінде, мұндай сұхбат қарқынды сипатқа ие болатындығы айтылады және оның барысында сотталушы өзінің жасаған қылмысы, болашағы және т. б. бойынша өзінің пікірі мен ойын айтуы керек. Әрбір сотталушымен болатын әңгіме тақырыбы және қойылатын негізгі сұрақтар алдына ала дайындалуы тиіс.

Әңгімеде бір сұрақты түрлендіріп қою арқылы жауаптың дәл, дұрыстығын тексеруге болады. Жауаптарды бағалауда сотталушылардың жеке ерекшеліктері, әсіресе, психологиялық жақтарына көңіл бөлінеді. Жақсы ойластырылған және дайындалған сұрақтар кешені мұндай әңгіме барысында шешім қабылдау кезінде ғана емес, сотталушыға арнайы тәрбиелік жұмыстарын қолдануға да көп көмегін тигізеді. Жалпы, аттестаттау комиссиясының отырысы шеңберіндегі сотталушымен болатын мұндай мақсатты әңгімелер, сотталушының аттестаттауына бағытталатын тәжірибеде қарқынды қолданылуы тиіс.

Сотталушымен болған әңгімеден кейін, әдетте, оның қатысуынсыз, мәселені талқылау жұмыстары болады. Оның барысында аттестаттау комиссиясының мүшелері аталмыш сотталушының түзелуіне қандай көрсеткіштер тән және оған қандай түзелу дәрежесі сәйкес келетіндігі туралы шешім қабылдаулары керек. Қорытындысында, сотталушыға көпшілік алдында оның түзелу дәрежесінің қорытынды бағасы айтылып, оған арнайы кеңестер беріледі.

Қазіргі кезде қылмыстық атқарушылық заңда және құқық қолдану қызметінде аттестаттаудың бірнеше түрі бекітілген. Аталмыш мәселе бойынша бар ақпаратты қорытындылай отырып, аттестаттаудың келесі түрлерін көрсетуге болады: 1) қорытынды; 2) ерекше жағдайлар бойынша; 3) мерзімді.

Қорытынды аттестаттау сотталушыны түзеу мекемесінен босату алдында жүргізіледі. Бұл аттестаттау барысында оның жазасын өтеу мерзімі бойындағы тұлғалық бағалауы беріледі. Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша, сотталушы жағынан қылмыстың қайталану мүмкіндігін алдына алу дайындығына аса назар аударылатындығы айтылады. Алдыңғы тарауда сөз болған баллдық жүйемен бағалау осы кезде қолданылса, тиімділігі жоғары болар еді. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату, түзеу мекемесінің түрін өзгерту, жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айырумен байланысты емес өзге түрімен ауыстырудың формальдық мерзімі жеткенде жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесін тәрбие жұмысы аппаратының қызметкері төменде берілген сауалнамаға жазады (Қосымша Б).

Сауалнама жасалған қылмыс сипатын бағалауға мүмкіндік береді және жазаны өтеу кезеңін ғана емес, сотталғанға дейінгі кезеңді де қамтиды, сондай-ақ бас бостандығынан айырылу түріндегі жазаны өтегеннен кейінгі кезеңге болжам жасауды да ескереді. Жауап нәтижесі баллдық түрде бағаланады. Осы сауалнаманы толтырғаннан кейін нақты бағана бойынша баллдар есептеледі, сөйтіп қандай да бір өлшем бағаланады. Балл қаншалықты көп болса, соншалықты

бұл істің тиімділігі бағаланады. Сотталған әр өлшем бойынша аз балл жинаса, ол онымен әлі де болса тәрбие жұмыстарын жүргізу керектігін және бұл істі қолданудың оған әлі де ерте екендігін көрсетеді. Жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесіне мұндай тәсілді қолдану сотталғанның жеке басын объективті бағалауға және мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың, түзеу мекемесінің түрін өзгерту, жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айырумен байланысты емес өзге түрімен ауыстыру туралы мәселелерді шешу кезінде сотталғандарды қатаң жіктеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ осындай мәселелерді шешуде субъектілік қандай да бір қызығушылықтың мүмкіндігін азайтады.

Ерекше жағдайлар бойынша сотталушыларды аттестаттау олардың түзелу дәрежесін бағалаудың ауық-ауық формасы болып табылады. Оның тәжірибеде қолданылуы нақты оқиғаларға байланысты ғана болады. Бұл түрі, алдыңғысы секілді, сотталушылардың түзелу дәрежесін әрдайым бағалауды талап етпейді, оның нақты жағдайлар бойынша жүргізілуін талап етеді, яғни сотталушының түзелу дәрежесін анықтау қажеттілігі туған кезде ғана жүзеге асады. Мұндай жағдайларға кешірім жасауға ұсыну, жазасын өтеу мерзімінің бітуінің жатуы мүмкін, мұнан кейін сотталушы жазасын өтеудің басқа жағдайларына ауыстырылуы, яғни басқа түзеу мекемелеріне жіберілуі немесе т. б. болуы мүмкін. Солай бола тұра, бұл аттестаттау түрін сотталушылардың кезектен тыс мерзімді аттестаттау түрімен шатастыруға болмайды.

Аттестаттаудың тек мерзімді түрі ғана сотталушылармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарды нақты жүзеге асырып, оны сотталушылардың түзелуі бойынша мақсатты және кешенді үдеріске айналдыра алады.

Аттестаттаудың бұл түрін бекіту оның жүргізілу мерзімділігі туралы мәселенің шешімін талап етеді. Қылмыстық атқару заңы жөніндегі әдебиеттерде бұл жайында әр түрлі көзқарастар орын алған.

Аталған мәселені шешуде аттестаттаудың жүргізілуі аса жиі және аса сирек болмағанын ескеру керек. Жиіленген аттестаттау оның үстірт бағалануына және оның формальды түрде өткізілуіне әкеледі, ал сирек аттестаттау сотталушыға оң ықпал етуші әрекеттердің қарқындылығының төмендеуіне әкеледі. Сол себепті көптеген түзеу мекемелерінің тәжірибесінде бекіп қалған сотталушылардың аттестаттауын жүргізудің әлдеқайда оңтайлы мерзімі алты айда бір рет болатын мерзім болып табылады, яғни аттестаттау жарты жылда бір рет болуы керек. Түзеу мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарымен айналысатын қызметкерлер арасында жүргізген сауалнамада «Сотталғандарда аттестаттауды өткізудің саны жөніндегі Сіздің пікіріңіз?» — деген сұрағына 41 % — сотталғандарда аттестаттауды ұстау жағдайын өзгерткенде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда ғана өткізу қажет, 28 % — сотталғандарда аттестаттауды 6 айда бір өткізу қажет, 23 % — сотталғандарда аттестаттауды жылына 1 рет өткізу қажет, 8 % — жауап беруге қиналамын — деп жауап берген.

Бұл ұйымдастырушылық-құқықтық форманың бағалауын жүргізілген зерттеу қорытындылары бойынша «сотталушылардың аттестатталуы» түсінігіне анықтама беріп көрейік.

Сотталушылардың түзелуі бойынша түзеу мекемелеріндегі заң қолданушы қызметке аттестаттаудың біршама тиімді әсер ететіндігін зерттеу жұмыстары көрсетті. Түзету процестеріне ықпал ететін кешенді әсер етуді түзету мекемелері қызметінде қарқынды қолдану және жетілдіру керек, бұл үшін, ең алдымен, сотталушылардың түзелу дәрежесін бағалаудың ұйымдастырушылық-құқықтық формасы ретінде қылмыстық атқару заңнамада аттестаттауды бекіту дұрыс болады.

Сотталушыларды аттестаттауда, сотталушылардың түзелу дәрежесін бағалау секілді, екі негізгі мақсаты бар: бірінші — сотталушылардың түзелу дәрежесіне барабар және объективті анықтау, және екінші мақсаты — олардың заңға бағынушы тәртібіне тиімді жағдай жасау. Алға қойылған мақсат ретінде рөл атқара отырып таным және ынталандыру бір бірін толықтырады, аттестаттауды сапалы шеше алатын, түзеу мекемелері алдына сотталушыларды тәрбиелеу жұмыстарының ең тиімді формасына айналдырады.

Сотталушылар аттестаттауын олардың түзелу қорытындысы көрсеткішін көрсететін және олардың түзелу дәрежесін анықтауға бағытталған, сотталушылардың мерзімді көпшілік мінездемесінен тұратын кешенді іс шаралар ретінде қабылдау керек. Осыған орай сотталушылардың аттестаттауын жүргізу бойынша барлық іс-шаралар кешені сотталушылардың түзелу дәрежесін бағалаудың, біз атап өткен алғашқы кезеңіне жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінде бас бостандығынан айыруға сотталғандардың түзелуін бағалау өлшемдерін жаңадан бап қосып, келесідей мазмұндалса:

«109-1-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың түзелуін бағалаудың нақты өлшемдері

Жағымды мінезділер:

1) өзінің түзелгенін дәлелдеді — жаза өтеу барысында сотталушылардың негізгі міндеттерін бұлжытпай атқаруы;

2) нақты түзелу жолына түсті — жаза өтеу барысындағы белгіленген жаза өтеу тәртібі бойынша өзінің міндеттеріне тұрақты адал қарауды сипаттайтын мінез-құлық;

3) түзелу жолына түсті — қарастырылған жазаны өтеу мерзімі ішінде жазаны өтеудің белгіленген тәртібін сақтау бойынша міндеттерге тұрақты адал, белсенді қарым-қатынасымен сипатталатын мінез-құлық.

Теріс мінезділер:

Түзелу жолына түспеді — жазаны өтеу барысында сотталғандардың жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзуы».

2.2 Аттестаттау қорытындысын тәжірибеде жүзеге асыруда заңдылық тұрғыдан бірізділік мәселесі мен құқықтық реттелуі

Сотталушыларды аттестаттағаннан кейін де күрделі жұмыстар жүргізілуі қажет. Тәрбие бөлімінің ұжымы педогогикалық әсер ететін әр түрлі формалар мен әдістерді қолдана отырып, аттестаттау комиссиясының шешімдерін жүзеге асыру шараларымен байланысты мәселелерді шешуге әрі қарай да жұмыстар

жүргізіледі.

Жүргізілген аттестаттау нәтижелері бойынша сотталушылармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар үдерісінде негізгі керекті күшті қайда және қандай бағытта қолдану керек екендігі айқын аңғарылады. Түзеу педагогикасында сотталушылармен жұмыс жасаудағы мұндай амалдар мен әдістер бұрыннан қолданылуда. Ұжымдық әрекеттегі болашағы бар бағыттар, сендірулер, қатар жүргізілетін әрекеттегі сенімдер әдісі және т. б. сотталушыларға тәрбиелік әсер етуші аса мықты және тиімді құрал болып табылады. Олар аттестаттау барысында аттестатталушылар бағытында анықталған кемшіліктерді жоюға, сонымен қатар олардың бойындағы жағымды әдеттер, дағды және көзқарастарын одан әрі дамытуға және бекітуге әсерін тигізеді. Түзелу кезіндегі әр әдіс нақты жағдайларда өз құндылығына ие болады, сол себепті де педагогикалық әсер ету тиімділігін алдына ала жобалау қажеттілігі сотталушының барлық психологиялық-педагогикалық тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу болып табылады.

Сотталушылардың құқықтық жағдайына ықпал ететін сәйкес құқықтық нәтижелерімен оларды мейлінше тығыз байланысқа түсіру керектігін көрсетеді. Бұл тұрғыда әрекеттегі заңдар мен жазалауда қолданылатын тәжірибе «сотталушыға шын мәнінде дифференциалды әсер етуді» толық мөлшерде қамтамасыз етпейді және жетілдіруді керек етеді. Органдардың жұмысының нәтижелілігі олардың түзелу жолына түскендігін дұрыс анықтауынан болатындықтан, жазалауды атқарушы органдардың қызметінің басты міндеттерінің бірі сотталушылардың түзелу дәрежесін бекіту болып табылады.

Жеке ақыл-кеңестер беру үдерісінде сотталушыны нақты, педагогикалық тұрғыда құрылған осы кеңестерді орындау керектігін, сонда ол жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізетініне сендіру керек. Біздің ойымызша, мұндай мақсатты түрде жүргізілген жұмыс сотталғандарды түзету жолында қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған педагогикалық және тәрбиелік сипаттағы әдістерді тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Аттестаттау комиссиясы шығарған сотталғандардың түзелу дәрежесі туралы қорытынды әрбір сотталған бойынша есепке алынуы тиіс. Құжаттау түрінде ол мынадай екі негізгі құжаттан тұрады: 1) аттестаттау парағы (Қосымша Г) және 2) түзету мекемесінің аттестаттау комиссиясы отырысының көшірмесі (Қосымша F). Соңғы құжатта бекітілген түзелу дәрежесіне сай қорытындылар жасалады: сотталғанды жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату жөніндегі өтініші; сотталушының түзелу мекемесін өзгерту туралы өтініші; сотталғанды ауыстыру (жазаны өтеудің қатаң немесе неғұрлым жеңіл түріне) туралы өтініші; сотталушыны көтермелеу, қолдау шараларын қолдану туралы шешім (ҚР ҚАК 109-бабының 1, 2-тармағы) сотталушыға жазалау шарасын қолдану туралы шешім (ҚР ҚАК 111-бабы, 1, 2-тармақ), сотталушының режимді қасақана бұзушы деп тану қолданылады.

Аттестаттау комиссиясының бұл қорытындылары түзету мекемесінің басшылығына тікелей бағытталады, олар мұны бекітілген тәртіпте қарап, соған байланысты соңғы шешім қабылдайды.

Аттестаттау комиссиясының шығарған қорытындыларын жүзеге асыруда кез келген қолдау немесе жазалау шараларын қолдану негізгі мақсат емес екендігін естен шығармаған дұрыс. Ол тәрбиелеу және түзеу құралы ғана. Бұл шаралардың тиімділігі көбіне сотталушыларға қолдау, көтермелеу шараларын қолдануының себебін жақсылап түсіндіруге байланысты. Сотталушыларға қол жеткізген түзелу дәрежесін есепке алмай жаппай және жалпылай қолдау көрсете салу олардың түзелу үдерісіне кедергі жасайды.

Осыған байланысты, сотталушыларды аттестаттаудың барлық процедурасы олардың түзелу деңгейін бағалауды ғана емес, олардың құқықты орындаушылық мінез-құлыққа деген ынтасын, адамға, қоғамға, еңбекке, қоғамдық нормаларға, дәстүрлер мен ережелерге деген құрмет сезімін жұмылдыруды мақсат етеді. Сотталғандарды аттестаттаудың негізгі міндеті де осы.

Сотталғандарды аттестаттау қорытындыларын тәжірибе жүзінде жүзеге асырудың ерекшеліктері мен түзелудің оң дәрежесіне сәйкес құқықтық салдарларды қарастырғанда сотталушыға бірінші түзелу дәрежесін бекіткен аттестаттау комиссиясының шешімін жүзеге асыру көп жағдайда оның алға ұмтылуы мен оның тұлғалық одан арғы бағыттылығына ықпал ету болжамына сүйенеді.

Бірінші дәреже — сотталушы түзелуінің алғашқы кезеңі, сондықтан бұл түзелу дәрежесіндегі сотталушылар жетістігін баса айту қажет емес. Ол сотталушының түзелу амалдарына оң көзқараспен қарай бастағанын білдіреді, алайда өзінің іс әрекеті таңдауына толық тоқталған жоқ. Түзету мекемесінің қызметкерлері алдында осы нәтижені бекітіп, одан әрі дамыту міндеті тұр. Негізінде түзелу жолын таңдаған сотталушыларды теріс ықпал ететін сотталушылардан бөлектеген дұрыс.

Сотталушыға екінші дәрежені бекітуші аттестаттау комиссиясының қорытындыларын тәжірибе жүзінде жүзеге асыру, әр түрлі құқықтық нәтижелерді қамтиды.

Қылмыстық атқару заңдылықтарына сәйкес жақсы жағынан көрінген сотталушылар үшін көтермелеу шараларының **үш көтермелеу шарасын қолданушы** институт бар: түзету мекемесінің түрін өзгерту (ҚР ҚАК 73-бабы), бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазасын өтеу жағдайлары (ҚР ҚАК 82-бабы) және жақсы мінездемелі сотталғандар жөнінде кешірім жасау туралы өтініш қозғалуы мүмкін (ҚР ҚАК 109-бап, 5-т.).

Аталған алғашқы екі институт «жазаны өтеудің ілгерінді жүйесі» деген атауға ие болған көтермелеу шаралар тобына кіреді.

Жазаны өтеудің ілгерінді жүйесі туралы сөз қылғанда оның қылмыстық атқару құқығы саласында ғалымдар тарапынан жан жақты зерттелгендігін атап өткен дұрыс.

Олардың арасында бұл жүйені жақтаушылар да, оған қарсы келгендер де болған. Ілгерінді жүйенің мәні сотталушыларға қандай да бір жеңілдіктер бере отырып, түзелу дәрежесіне қарай шектеулерді тыю және кеңейту сотталушылардың өздерінің түзелу үдерісіне белсенді араласып, бостандықтағы өмірге дайындала бастауынан тұрады. Сотталғандардың еңбек етуге деген ынтасы мен дұрыс, адал жолға түсу құштарлығына сай бас

бостандығынан айыру шараларын бөлу бұл ұмтылысты одан әрі бекіте түседі.

Сотталушыны бір құқықтық режимнен екіншісіне кезеңмен ауыстырудан тұратын сотталғанның жазаны өтеу кезіндегі құқықтық ережесіне сабақтастық және бірізділіктен тұратын өзгерістер енгізу керек. Осындай шынымен де нәтиже беретін ілгерінді жүйені құрудың негізіне сотталғандардың түзелу дәрежесінің нақты дайындалуы жатады.

Қазақстандық заң ғылымдарының докторы А. Б. Скақов «Қазақстан Республикасының жаңа заңнамасындағы бас бостандығынан айырудағы ілгерінді жүйе және оның мазмұны» — атты монографиялық еңбегінің — «Сотталғандардың түзелу дәрежесіне ілгері жылжу институты жүйесін қолданудың негізі»¹⁰ — тарауында бұл мәселені қараған авторлардың айтқандарына талдай келе, Кеңес дәуіріндегі қазақстандық заңнама мен қазіргі қолданыстағы заңнаманың арасындағы сотталғандарды түзеуге қатысты мәселелерді салыстыра қарайды. Қолданыстағы заңнаманың озық тұстарын айта келе, кемшіліктеріне де тоқталған.

Жалпы, осы кешенді институттың сотталғандардың түзелу дәрежесін бағалаумен және осы бағалау нәтижесі — сотталғанға «оң сипатталатын сотталушы» деген сотталғанның түзелу дәрежесімен тура байланысы бағалаудың сотталғанға ілгерінді жүйені қолдануға негіз болатын өзіндік механизм екенін көрсетеді.

Екінші түзелу дәрежесіне ие болған сотталушыларға қолданылуы мүмкін нақты көтермелеу институттарын қарастырып көрейік.

Ілгерінді жүйедегі институттың жазасын өтеушілерге және сотталушылардың оң іс әрекеттеріне қолданылатын бірінші марапаттау шаралары — ол сотталушылардың жазасын өтеу жағдайлары. (ҚР ҚАК 82-бабы). Аталған бапта бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазаны өтеудің дағдылы, қатаң, жеңілдетілген, жеңілдікті жағдайларында болуы және одан ауыстыру қарастырылған.

Бір түзеу мекемесі шегінде түзеу колониялары үшін сотталушыны бір жазасын өтеу орнынан екіншісіне ауыстырудың жазасын өтеудің үш сатылы жүйесіне және тәрбиелеу колониялары үшін төрт сатылы жүйесіне негізделген. Бір түзеу колониясы шегінде сотталушылар жай, жеңілдетілген және қатаң жазасын өтеу жағдайларында болуы мүмкін. Тәрбиелеу колонияларында кәмелетке толмаған сотталушыларға жай, жеңілдетілген, жеңілдікті және қатаң жағдайлар ұйымдастырылған.

Зерттеудің осы бөлімінде оң мінездеме алған сотталғанды бір жазаны өтеу жағдайынан екіншісіне ауыстыруға арналған негіздемелерге толығырақ тоқталамыз. Бұл мәселе түзету мекемесінің түрі мен қолданыстағы қылмыстық атқару заңдылықтарына қарай жазаны өтеу тәртібіне сәйкес әртүрлі шешілген:

– бірінші негіздеме (*жазасын өтеудің бекітілген тәртібін бұзбаған жағдайда*): түзеу колонияларында жазасын өтеудің қатаң жағдайынан дағдылы жағдайға ауысу тәртібін реттеуші Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару ко-

¹⁰ Скаков А. Б. Прогрессивная система исполнения лишения свободы и ее отражение в новом законодательстве Республики Казахстан: Монография. — Алматы, 2004. — 152 б.

дексінің 116-бап, 5-т., 118-бап, 6-т., 120-бап, 6-т. бір негіздеме бекітілген) қарастырылады;

– екінші негіздеме (егер жазасын өтеудің бекітілген тәртібін бұзуы туралы жазаның болмауы және еңбекке адал қатынасы жағдайында түзеу колонияларының барлық түрлерінде жазасын өтеудің жағдайының дағдылы түрінен жазасын өтеу жағдайының жеңілдетілген түріне ауыстыру тәртібін реттеуші Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 120, 122, 124-баптарының екінші тармақтарында екі негіздеме бекітілген) қарастырылады;

– үшінші негіздеме (егер жазасын өтеудің бекітілген тәртібін бұзуы туралы жазаның болмауы, еңбек пен оқуға деген адал қатынасы жағдайында жазасын өтеу жағдайының жай түрінен жазасын өтеудің жеңілдетілген түріне ауысу тәртібін реттеуші Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінде 128-бабының 3-тармағында үш негіздеме бекітілген) қарастырылады.

Қазіргі кезде оң мінездеме алған сотталушыларды жазасын өтеу жағдайының бір түрінен екінші түріне ауыстыру тәртібі осындай жолмен реттеледі.

Аталған жіктеудің барлық өлшемдері көрсетілмегендіктен, бұл құрылым сотталушының жазасын өтеуде жіктелуінің тиімділігін жоғарылату бойынша қазіргі талаптарға толық шамада жауап бере алмайды және толық өңделмеген. Әсіресе, бірінші түзелу дәрежесі бар сотталушыларға көтермелеу шараларын қолдануды реттеуші нормалармен оң мінездеме алған сотталушыларға қаралған көтермелеу шараларын қолдануда реттеуші нормаларды салыстыру кезінде ақырғыларына ойға сыйымсыз қатаң талаптар қолданылатындығын байқауға болады. (ҚР ҚАК 109-б. 1-т.) Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің жеке нормаларымен айқын үйлеспешілік болып табылады, себебі алғыс жариялау үшін жүргізілетін тәрбиелеу іс шараларына және сотталушының өзіндік шығармашылығын ұйымдастыру жұмыстарына белсенді қатысу, оқуға және еңбекке адал қатынасы, жақсы тәртіп болуы керектігі талап етіледі (ҚР ҚАК 109-б. 1-т.), ал жазасын өтеу жағдайын өзгерту мүмкіндігі, сотталушылардың тек тәртібіне және оның еңбекке қатынасына байланысты болады (сотталушыға берілетін бұл көтермелеу шаралары арасында елеулі айырмашылықты байқауға болады).

Қазіргі кездегі заң шығару құрылымы жазасын өтеудің ілгерінді жүйесінде бұл бағытты нақты және бірізділікпен қолдануға мүмкіндік бермегендіктен, оң мінездеме алған сотталушылар үшін жазасын өтеу жағдайын өзгертуді реттеу тәртібінде сәйкес өзгерістер енгізуді мақсатты деп санаймыз. Бұл жерде, ең алдымен мыналарды атап өткен жөн. Оң мінездеме алған сотталушыға Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 82-бабы және 73-бабының 2-тармағында қарастырылған көтермелеу шаралары, яғни оң мінездеме алған сотталушыларға Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 82-бабының 4-тармағында жазылғандар қолданылуы мүмкін екендігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 109-бабының 3-тармағында айтылған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 82-бабында қаралған жазасын өтеу жағдайының барлығынан ауыстыру ауқымы алынған болса (бұл үшін ол жалпы норма ретінде ҚР ҚАК жеке нормаларына сілтеме беріле-

ді), сәйкесінше жазасын өтеудің қатаң жағдайынан дағдылы және дағдылыдан жеңілдетілген жағдайға ауыстыруға болатындығы туралы қорытынды шығаруға болады. Мұндай ауыстырулар үшін сотталушы қандай жағдайда болса да оған бірдей сапалы талаптар қойылуы керек, яғни екінші түзелу дәрежесіне сәйкес түзелу белгілерінің болуы керек. Жазасын өтеудің әртүрлі жағдайынан ауыстырудың қорытынды көрсеткішінің болуы уақыты бойынша айырмашылық та, біздің ойымызша, жеткілікті.

Егер көрсетілген нұсқамаға қарайтын болсақ, онда ауыстырудың барлық түрлеріне бірдей бағалау өлшемдері және одан шығатын қорытынды көрсеткіштер болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда заң шығарушы ұстанымдары бірізді емес екенін көруге болады, себебі Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 116-бабының 5-тармағы, 118-бабының 6-тармағы және 120-бабының 6-тармағы тек түзелудің бір көрсеткішінің болуы — жазасын өтеудің бекітілген тәртібін бұзуы туралы жазаның жоқтығы, яғни жазаны өтеудің қатаң жағдайынан дағдылы жағдайға ауыстыруға арналған талаптар жеңілдетілген жағдайда жазасын өтеп жатқан сотталғандарға қарағанда төмен екенін көруге болады. Осындай жолмен заң шығарушы жазасын өтеудің жеңілдетілген жағдайларында болуы үшін, сотталушының жазасын өтеудің бекітілген тәртібін бұзуы туралы жазасының болмауы және еңбекке адал қатынаста болуы керектігін бекітеді, ал қарапайым жағдайда жазаны өтеу үшін жазасын өтеудің бекітілген тәртіпті бұзу туралы жазасының болмауы ғана жеткілікті. Мұндай жіктеме мақсатқа лайықты емес.

Сотталушыларды ауыстыру түрлерін қарастыру бойынша бірдей талаптар болуы керек. Бұл үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің нормаларында келесі өзгерістерді енгізу ұсынылады:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 116-бабының 2-тармағын келесі мәтінде баяндау: **«Сотталғандар** жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмағанда және дағдылы немесе қатаң жағдайларда жаза мерзімінің кемінде алты ай көлемінде **тұрақты жақсы мінез-құлық көрсетіп, еңбек пен оқуға деген адал қарым-қатынас жасағанда, тәрбиелік іс-шараларға және сотталушылардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысып оң мінездеме алған сотталушыларды** дағдылы жазасын өтеу жағдайынан жеңілдетілген жазасын өтеу жағдайына немесе қатаң жазасын өтеу жағдайынан дағдылы жазасын өтеу жағдайына көшірілуі (**ауыстырылуы — деп ауыстырса толық мағына береді**) мүмкін».

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 118-бабының 6-тармағын алып тастап, себебі, екеуінің мазмұны бір, бірін-бірін қайталап тұрғандай. 6-тармақта қаралған ауыстырудың талаптары 2-тармаққа ұқсас болғандықтан бір тармаққа біріктірсе заң нормаларына қойылатын талаптарға қатысты ықшамдылық пен ұтымдылық қағидасына сай келеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 118-бабының 2-тармағы келесі мәтінде баяндау:

«Сотталғандар жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы

болмағанда және дағдылы немесе қатаң жағдайларда жаза мерзімінің кемінде тоғыз ай көлемінде **тұрақты жақсы мінез-құлық көрсетіп, еңбек пен оқуға деген адал қарым-қатынас жасағанда, тәрбиелік іс-шараларға және сотталушылардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысып оң мінездеме алған сотталушыларды** дағдылы жазасын өтеу жағдайынан жеңілдетілген жазасын өтеу жағдайына немесе қатаң жазасын өтеу жағдайынан дағдылы жазасын өтеу жағдайына **ауыстырылуы мүмкін».**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 118-бабының 6-тармағында жоғарыда айтылған негізде алып, 2-тармақтың ішіне қосып жіберсе тиімділігі артады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 120-бабының 2-тармағы да жоғарыдағы жолдармен толықтыру енгізіп, 5-тармағының мазмұны біріктіріле келе келесі мәтінде баяндау: **«Сотталғандар жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмағанда және дағдылы немесе қатаң жағдайларда жаза мерзімінің кемінде бір жыл көлемінде тұрақты жақсы мінез-құлық көрсетіп, еңбек пен оқуға деген адал қарым-қатынас жасағанда, тәрбиелік іс-шараларға және сотталушылардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысып оң мінездеме алған сотталушыларды** дағдылы жазасын өтеу жағдайынан жеңілдетілген жазасын өтеу жағдайына немесе қатаң жазасын өтеу жағдайынан дағдылы жазасын өтеу жағдайына **ауыстырылуы мүмкін».**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 120-бабының 5-тармағы жоғарыдағы тәртіппен 2-тармақтың құрамына енгізіледі.

Енді кәмелетке толмаған сотталғандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу ерекшеліктерін қарастыратын Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 128-бабының 3-тармағы мәтінінің мазмұнына өзгерту мен толықтыру енгізіп, келесідей баяндау: **«Сотталғанның жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған және тұрақты жақсы мінез-құлық көрсетіп, еңбек пен оқуға деген адал қарым-қатынас жасағанда, тәрбиелік іс-шараларға және сотталушылардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысып оң мінездеме алған сотталушылар:**

бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны алғаш рет өтеуші еркек жынысты адамдар, сондай-ақ әйел жынысты сотталған адамдардың барлық санаты — дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде үш айын өтеуі бойынша;

бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеген еркек жынысты адамдар — дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде алты айын өтеуі бойынша дағдылы жағдайлардан жеңілдетілген жағдайларға **ауыстырылуы мүмкін».**

Көрсетілген осы өзгерістер оң мінездеме алған сотталушылар үшін көтермелеу шаралары ретінде жазасын өтеушілердің неғұрлым жеңіл жағдайына ауыстыру институтын әлдеқайда нақты және дұрыс қолдануға

мүмкіндік береді.

Басқа көтермелеу институттарына қарағанда жоғарыда қарастырылған көтермелеу шараларын қолдану кезінде болатын, түзеу мекемелерінің комиссиялары емес, тек сот арқылы қолданылады.

Қазіргі таңда өзін дұрыс жолға түскендігін сипаттаған сотталушыларға қатысты жазасын өтеу мекемесінің түрін ауыстырудың үш деңгейлік тәртібі қарастырылған, ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 73-бабында:

- а) түрмеден — түзеу колонияларына;
- ә) түзеу колониясының ерекше режимінен түзеу колониясының қатаң режиміне;
- б) түзеу колониясының қатаң және жалпы режимінен — колония-қонысқа ауыстыру.

Түзету мекемесі түрінің өзгеруі жағдайына заң шығарушы сотталушының басқа түзеу мекемесіне ауысуы мүмкін екі өлшемді қарастырады, олар: сотталушының мінез-құлқы мен еңбекке деген қарым-қатынасы. Осындай жолмен, сотталушылардың түзелу дәрежесін бағалау механизмінің негізгі тұжырымдамалық ережесі тұрғысынан Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінде түзеу мекемелерінің өзгеру түрі де толық реттелмеген. Сотталушының құқықтық шектеу қатаңдығы анағұрлым төмен, басқа түзеу мекемесіне ауысу мүмкіндігін туғызатын бұл екі өлшем сотталушының барлық тұлғалық сипатын ашпайды және оның түзелуін бағалау кезінде қателесу мүмкіндігін туғызады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 73-бабында көрсетілген мерзім көлемінде сотталушының мінез-құлқы мен еңбекке көзқарасын бағалап қана қоймай, осы баптың 1-тармағында көрсетілгендей, оның оқуға қатынасы, қоғамдық жұмыстарға қатысуы мен жүргізілетін тәрбиелік іс-шараларға қатысуы да бағалануы тиіс.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексі 78-бабының 1, 2-тармағына келесі толықтыру мен өзгертуді енгізу ұсынылады:

«1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға **жақсы** мінез-құлқына және еңбек пен оқуға адал қарым-қатынасы, **қоғамдық жұмыстар мен қоғамдық іс-шараларға белсене қатысуына байланысты** түзеу мекемесінің түрі өзгеруі мүмкін».

«2. Өзін жақсы жағынан көрсеткен **мінез-құлқына және еңбек пен оқуға адал қарым-қатынасы, қоғамдық жұмыстар мен қоғамдық іс-шараларға белсене қатысуына байланысты** сотталғандар жазасын одан әрі өтеу үшін:

сотталғандар түрмеде сот үкімі бойынша тағайындалған мерзімінің кемінде жартысын өтегеннен кейін түрмеден түзеу колониясына;

ұстаудың жеңілдетілген жағдайларындағы сотталғандар ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтегеннен кейін, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде екіден бірін, ал бас бостандығын айыруды өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын боса-

тылған және жазаның өтелмей қалған кезеңінде жаңа қылмыстар жасаған сотталғандар жаза мерзімінің кемінде үштен екісін өтегеннен кейін жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларынан колония-қонысқа ауыстырылуы мүмкін».

Заң өзінің көтермелеу шараларына түзеу мекемесінің әкімшілігінің қолдауы бойынша сотталушыға рақымшылық жасау туралы қолдау хатына қатысты істі қарастырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 15-тармағына сәйкес кешірім жасау құқығына Қазақстан Республикасы Президенті ие. Жазасы үшін сотталған тұлғалардың кешірім жасау актісі жазасын өтеуден сотталушыны босату немесе оған берілген жаза мерзімінің қысқартылуы, болмаса жазасын өтеудің жеңілдетілген түріне ауыстыру болып табылады.

Көп жағдайда кешірім жасауға ұсыныс сотталушының өз қалауы бойынша түзеу мекемесінің әкімшілігімен жүзеге асырылады. Алайда, көтермелеу іс-шаралары ретінде заң шығарушы сотталушылар мен бас бостандығынан айыру орындарының әкімшілігіне ынтасын білдіруге мүмкіндік береді. Әрине, мұндай көтермелеуге арналған негіз сотталушыларға берілген «оң мінездеме алған» сотталушының түзелу дәрежесінің жетістіктері болып табылады.

Түзеу мекемесінің сотталушыға кешірім жасау туралы ұсынысы оң мінездеме алған сотталушы үшін, яғни екінші түзелу дәрежесі үшін, көтермелеу шаралары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 109-бабының 5-тармағына да толықтыру енгізу ұсынылады. Нормада тек сотталушының «жақсы мінезі» үшін кешірім жасау туралы өтініш қозғалуы мүмкін — делінген, егер бұған қоса сотталушының түзелу дәрежесінің негізгі көрсеткіштері болып саналатын **«еңбекке және оқуға адал қарағаны, қоғамдық жұмыстар мен қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқаны үшін»** дегенмен толықтырып, тармақтың мәтінін келесідей ұсыну: **Жақсы мінеземелі, еңбекке және оқуға адал қарағаны, қоғамдық жұмыстар мен қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқаны үшін** кешірім жасау туралы өтініш қозғалуы мүмкін.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінен осындай басқа да нормаларды табуға болады.

Осындай нормалардың біріне бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуші оң мінездеме алған сотталушыларға, егер орындалатын жұмыс сипаты бойынша түзету мекемелерінен тыс болса қарауылсыз жүруді қарастыратын Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің 91-бабының 1-тармағын жатқызуға болады.

Бұл норма әртүрлі пікір туғызды. Кейбірі мұндай рұқсат етулерді аса тәртіпті тұлғаларды көтермелеу ретінде қолдануға болады, және ол оларды бостандыққа дайындау құралы да болып табылады деп саналады.

Басқа көзқарасты жақтаушылар қарауылсыз жүруге сотталушыларға құқық беру бұл тұлғаның құқықты орындаушылық мінез құлқын білдіріп, ең бастысы оған деген әкімшілік тарапынан артылған сенім болып табылса да, көтермелеу болып табылмайды деп есептейді.

Сотталғанға қарауылсыз жүру құқығын беру немесе оны қарауылдау өзіндік күрделі заңды құрамға ие. Бір жағынан алғанда, сотталғаннан режимдік талаптарға сай қандай да бір құқықтық шектеулер алынып тасталса, екінші жағынан Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексі 109-бабының 3-тармағында аталған құқық оң мінездеме алған сотталушы үшін көтермелеу шарасына жатпайды. Нақты институтты қолданудың басты негізіне түзелудің екінші дәрежесінің болуы емес, түзету мекемесіндегі атқаратын жұмыстың ерекшелігі жатуы тиіс.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексі 109-бабының 3-тармағында аталған көтермелеу шараларына сілтеменің болмауы, заң шығарушылардың дұрыс шешімі болып табылады, себебі қарауылсыз жүріп тұру құқығының болуы, көтермелеу шаралары емес, сотталушының нақты түрде түзелуі, өзіндік сипаты бойынша нақты режимдік шектеулерден босатылуымен байланысты нақты орындау қажеттілігі бар күрделі заң институты.

Түзелудің екінші дәрежесімен өзара байланысты келесі қылмыстық атқарушылық институттың сотталушыға түзеу мекемелерінен тыс шығу құқығын беру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексі 93-бабы 1-тармағына сәйкес түзеу және тәрбиелеу колонияларында ұсталатын сотталғандарға, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тергеушілік оқшаулау орындары мен түрмелерде қалдырылған сотталғандарға түзеу мекемелерінің шегінен тысқары шығуға рұқсат берілуі мүмкін:

- а) ұзақтығы жеті тәуліктен аспайтын мерзімге — қысқа мерзімді;
- б) ұзақтығы демалыс мерзіміне тең келетін — ұзақ мерзімді.

Бұл шаралар түзелу дәрежесіне жеткен сотталушылардың жетістігін есепке ала отырып қолданылуы тиіс. Қазір де заң басқа сипаттардың шектелу мәселелерін қарастыруда (аса қауіпті қылмыстың қайталануы жағдайында қойылатын шектеу; өлім жазасы, ал рақымшылық ету тәртібінде еркінен айырумен ауыстырылған сотталушыларға және т. б. — ҚР ҚАК 93-б. 3-т.). Бұдан басқа да, осы баптың 5-тармағында сотталушының жеке басы мен мінез-құлқын ескере отырып түзеу мекемелерінің бастығы мұндай сыртқа шығу жағдайларына рұқсат беруі бекітілген. Көріп отырғандай мұндай сыртқа шығулар мен шығушының түзелу дәрежесінің арасында тікелей байланыс бекімеген. Аталған баптың 5-тармағында жалпы сипаттағы талаптары көрсетілген, нақтырақ айтқанда қандай жағдайда және қандай түзелу дәрежесінде сотталушы мұндай шығуларға үмітті бола алатынын заң қолданушыға анықтауға мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық ұйғарымдар көрсетілген. Бұл осы мәселе бойынша бір жақты тәжірибенің жоқтығына әкеп соғады, ал ол күрделі жағымсыз салдарға апарды

Қылмыстық атқару заңындағы мұндай кемшілікті жою үшін, көтермелеу шаралары ретінде сыртқа шығу тек оң мінездеме алған сотталушылар үшін ұсынылу қажет. Құқық қолдану тәжірибесінде де осындай сыртқа шығуларды

тек тұрақты түзелу жолындағы сотталушыларға ғана (екінші не үшінші түзелу дәрежесіндегі) қолданып келеді. Сонымен қатар шет ел пенитенциарлық жүйелерінде де дәл осы тәжірибе қолданылуда.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексі 93-бабына тиісті өзгерту мен толықтыру енгізуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексі 93-бабының 1-тармағы келесідей баяндау «Түзеу және тәрбиелеу колонияларында ұсталатын **жақсы мінез-құлқымен сипатталатын, еңбек пен оқуға адал қараған, қоғамдық жұмыстар мен қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқан** сотталғандарға, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмысты жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тергеушілік оқшаулау орындары мен түрмелерде қалдырылған **жақсы мінез-құлқымен сипатталатын, еңбек пен оқуға адал қараған, қоғамдық жұмыстар мен қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқан** сотталғандарға түзеу мекемелерінің шегінен тысқары: ерекше жеке жағдайларға байланысты (жақын туысының өлуі немесе науқастың өміріне қатер төндіріп ауыр сырқаттануы; сотталушыға немесе оның отбасына елеулі материалдық залал келтірген табиғи зілзала); сондай-ақ босатылғаннан кейінгі еңбек және тұрмыстық жайласу мәселелерін алдын ала шешу үшін бару-қайту жолына қажет (бес тәуліктен аспайтын) уақытты есептемегенде, жеті тәуліктен аспайтын мерзімге — қысқа мерзімді; жыл сайынғы ақылы демалыс уақытында, ал жұмыс істемейтін адамдарға заңға сәйкес демалыс мерзіміне тең мерзімге — ұзақ мерзімді жол жүруіне рұқсат етілуі мүмкін».

Түзеу мекемелерінің әкімшілігінің ұсынысы аталған институтты автоматты түрде қолдануды білдірмейді, себебі соңғы шешімді өзінің ішкі сенімі негізінде сот қана қабылдай алады. Мұндай, шартты түрде екі кезеңнен тұратын тәртіп шешімді қабылдаумен байланысты барлық жағдайларға дербес, толық және жан жақты зерттеу жасауды қамтамасыз етеді. Сотталушының бағыттылығы және оның түзелу деңгейі туралы, сот залында сотталушыны зерттеп үлгермеген сотқа қарағанда, түзеу мекемелері сотталушы туралы толық, жан-жақты ақпаратқа ие болған, түзеу мекемелерінің әкімшілігі бұл жерде маңызды орынға ие болады. Сондықтан, сот органдарына сотталушының түзелу дәрежесін анықтау міндеттерін толығымен жүктеу және сәйкесінше, оның шартты мерзімінен бұрын босатылуы туралы мәселесін шешуді артып қоюға болмайды.

Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару жүйесі Комитеті Тәрбие жұмыстары жөніндегі басқармасынан алынған 2000-2008 және 2009 жылдың жеті ай ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың жалпы босатылған және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандардың статистикалық мәліметтерінің сандық маңыздылығын қарауымызға болады. 2000 ж. — жалпы — 24553/шартты түрде — 11794 адам, 2001 ж. — 32439/14672 адам, 2002 ж. — 33468/15360 адам, 2003 ж. — 36540/30732 адам, 2004 ж. — 23233/18759 адам, 2005 ж. — 18416/15280 адам, 2006 ж. — 16641/11199 адам, 2007 ж. — 11070/8338 адам, 2008 ж. — 13924/9551 адам, 2009 жылдың 7 айында — 6707/3424 адам шартты түрде мерзімінен бұрын

босатылған. Енді салыстырмалы түрде сол жылдары қайталанып қылмыс жасалған адамдардың санына назар салып көрейік: 2000 ж. — 2141 адам, 2001 ж. — 2546 адам, 2002 ж. — 3408 адам, 2003 ж. — 9066 адам, 2004 ж. — 13254 адам, 2005 ж. — 13287 адам, 2006 ж. — 16652 адам, 2007 ж. — 16139 адам, 2008 жылдың 1 қаңтарына дейін — 16936 адам.

Мұндай динамикаға ешбір түсініктеме беру мүмкін емес. «Кім көбірек босатады» деген жарыс кейде кері нәтижелерге әкелуі мүмкін. Түзету мекемелеріндегі адам санының көптігін мұндай жолмен шешуге болмайды. Сотталғандардың түзелуін объективтік, салмақтап және жауапты түрде бағалайтын сот органдары мен пенитенциарлық мекемелердің біркелкі құқықты қолдану тәжірибесін қажет етеді.

Жалпы, аттестаттау комиссиясының сотталғанға үшінші дәрежелі түзелу санын беру туралы қорытынды шығару сотталған туралы барынша шынайы және объектілік жағынан қарастырылған мәліметтер мен оның түзелу көрсеткіштері мен қайта әлеуметтену процесінің динамикасы негізге алынуы керек.

Сонымен, 1. Сотталушының аттестатталуы — бұл біртұтас әрекет. Сотталушының тікелей аттестатталуы сотталушының көпшілік алдында бағалануы ретінде қолданылады, ал аттестаттау комиссиясы шешімдерін жүзеге асыру бойынша жүргізілетін қызметі тікелей тәрбие үдерісі болып табылады, ол сараптау комиссиясы жүргізген барлық жұмысты бекітеді және оның тиімділігін арттырады.

2. Сотталушының аттестатталу шешімін тәжірибеде жүзеге асыру және оның құқықтық тиімділігі екі ұсыныс түрінде көрінеді: сотталушыға қатысты тәрбиелік сипаттағы ұсыныстар және түзету мекемелерінің әкімшілігіне бағытталған басқару сипатындағы ұсыныстар.

Тәрбиелеу сипатындағы ұсыныстар сотталушыда анықталған кемшіліктерді түзетуге бағытталған. Осы ұсыныстарды құрастыру кезінде сотталушының жеке басын, түзелу дәрежесін және өзге де маңызды жағдайларды ескеру керек. Ұсыныстар дәлелді, формальды логика ережелеріне сай және сотталғанның қызығушылықтарын қамтуы, яғни оны ынталандыруы керек. Келесі бағалауларда сотталушылардың бұл ұсыныстардың орындалуы есепке алынуы керек.

Басқару ұсыныстарын құрудағы басты мақсат — сотталушының түзелу дәрежесімен жеткен жетістіктерінің неғұрлым нәтижелі, негізделген көтерме-леу шараларын қолдану әділдігінен тұрады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінде бас бостандығынан айыруға сотталғандардың түзелуін бағалау дәрежесін анықтауда жүргізілетін аттестаттаудың тәртібін жаңа баппен келесідей мазмұндау:

«109-2-бап. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды аттестаттаудың тәртібі

1. Бас бостандығынан айыруға сотталушылардың түзелу дәрежесін жеке басының ерекшеліктерін ескере келе, объективті анықтау.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталушылардың заңға бағынушы тәртібіне түзетудің барлық құралдарын қолдана отырып тиімді жағдай жасау.

3. Бас бостандығынан айыруға сотталушылардың аттестаттауын түзеу ме-

кемесінің комиссиясы жүзеге асырады».

Қорытынды

Сотталушының бағыттылығындағы анықталған оң ағымдардың мақсатты бағытталған түзелу дәрежелерінің нәтижелері бойынша «оң сипаттағы сотталушы» екінші түзелу дәрежесіне сәйкес келетін, оның түзелу дәрежесі неғұрлым жоғары деңгейге көтерілуі керек. Оң сипаттағы сотталушыларға қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің нормативтік құқықтық талдауы бірінші дәрежемен салыстырғанда, мүлдем басқа жағдай қалыптасқандығын көрсетеді. Біріншіден, сотталушылардың түзелу деңгейі аталмыш түзелу дәрежесіне сай сипатталған құрылым бекітілді. Екіншіден, сотталушылардың екінші түзелу дәрежесіне байланысты қорытынды көрсеткіштердің құндылығы толық көлемде көрсетілмеген, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексі 109-бабының базалық нормасында ол мүлдем жоқ. Екінші түзелу дәрежесіндегі сотталушыларға неғұрлым жоғары талаптар қойылуы керек болғандықтан, мұндай жағдай өз түсінігін таппайды. Осыдан шыға отырып Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару кодексінің бір қатар өзгерістерді енгізу ұсынылды (73, 116, 118, 120, 128-баптарына). Өзгерістер енгізу себептері оң сипаттағы сотталушылар, барлық қорытынды көрсеткіштер, оның ішінде уақытша өлшемдер мен олардың болуына қатысты нормалардағы барлық ұйғарымдармен түсіндіріледі. Бұл өлшемдер шеңберінде сол немесе басқа марапаттауды қолданудың нақты шарттары ретінде тағайындалған мерзімдер бекітіледі. Сонымен қатар жазаның өтелмеген бөлігі жазасын өтеудің неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруды, екінші түзелу дәрежесіндегі сотталушыларға қолдану керектігі туралы да пікір болды.

Сотталушының тұлғалық бағыттылығындағы түбегейлі өзгеруіне әсер ететін және оларды шартты мерзімінен бұрын босатуға ұсынуға мүмкіндік беретін ең жоғарғы түзелу дәрежесі «сотпен тағайындалған, түзелу үшін жазасын толық өтеуді қажет етпейтін сотталушылар» түзелу дәрежесі болып табылады. Бұл түзелу дәрежесінің құрылымы сотталушыны сипаттайтын барлық мәліметтерді бағалай отырып, сотталушы өзінің түзелуін ерікті жағдайларда да жалғастыра алатындығы туралы шешімге келіп, сотпен бір уақытта шешім шығару болып табылады. Аталмыш түзелу дәрежесіне байланысты қорытындылау көрсеткіштерінің құндылығы жоғарғы формаларға ие болды. Сотталушы топтардағы қорытынды көрсеткіштер ұзақтылығы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабының 1-бөлігінен туындайды.

Сонымен, белгілі бір мерзімде бас бостандығынан айырылған адамға әлеуметтік-демографиялық сипаттама берілді. Бірінші рет және бірнеше рет сотталғанның, аталған мерзімді өтегендердің арасындағы айырмашылықтары ажыратылды. Жас ерекшелігін, отбасылық-тұрмыстық жағдайларын, бірнеше факторларға сәйкес отбасыларының бұзылуына талдау жасалды; білім деңгейін, сотталғандар мен тұрғындардың білім деңгейі арасындағы айырмашылығы көр-

сетілді, ғылыми және практикалық маңызы бар бағыттары анықталды, ұзақ уақыт бойы қоғамнан оқшауланған адамдардың айналысатын әрекеттері, әлеуметтік рөлі және еңбекке жарамдылығын зерттелді.

Осының барлығы зерттеліп отырған категориядағы адамдарға әлеуметтік-құқықтық бейімделу бойынша шараларды ұйымдастыру мен өткізу кезінде олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, мінез-құлықтарын нақты және мақсатты түрде болжауды, сондай-ақ алдын алу шараларын жоспарлауды есепке алуға аса маңызды.

Зерттеу нәтижелерінің негізінде соттылықтың өсуіне байланысты мынадай жалпы қорытындыларды тұжырымдауға болады:

- ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыруға сотталғандар саны көбеюде;
- олардың қоғамдық қауіптілігі жоғарылауда;
- жалпы қылмыстық құрылымда ауыр қылмыстар үлесі өсуде;
- қайтадан жасалатын қылмыстар қарқыны өсуде;
- аса қауіпті қайталап қылмыс жасаған қылмыстылар деп танылған сотталғандар үлесі өскен, қайталап жасалған қылмыстар ұлғаюда.

Әлеуметтік-құқықтық бейімделу процесін тиімді ету үшін, жазасын өту кезінде жеткен оның оң нәтижелерін бекіту үшін, ТМ шыққаннан кейін пайда болған теріс факторларды анықтау және жою үшін, ұзақ уақытқа бас бостандығынан айыру жазасын өтеген адамдардың құқықтық жағдайларының ерекшеліктерін зерттеп, білу маңызды. ТМ босап шыққан адамның құқықтық жағдайын жүзеге асыру мәселесін шеше отырып, заң шығарушыға түзетуге бағытталған олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін барлық қолайлы жағдайлар жасау керек, бұл әрине олар жасаған қылмыстардың қайталануын азайтады.

Демократиялық қоғамда кез келген адам өзінің құқығы мен бостандығын жүзеге асырғанда өзге азаматтардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету және сыйлау, қоғамдық тәртіпті және жалпы адамдардың жағдайын жақсартуды қолдау және қорғауға әсер ететін, моральдық талаптарды қанағаттандыру мақсатында ғана заң жүзінде бекітілген шектеулерге ұшырай алады деп есептеледі.

ҚОСЫМША А

Кесте А.1 — Түзеу мекемелерінің жалпы және қатаң режиміде жазасын өтеуші сотталғандардың сауалнамаға жауаптары *

Сұрақ №	Сұрақтар	Жауаптар нұсқасы	Шифр
1	2	3	4
1.	Сауалнама толтыру кезіндегі Сіздің жасыңыз (толық жас)	18-24 25-29 30-34 35-39 40-44 45-49 50-54 55-59 60 және одан жоғары	14% 27% 30% 11% 8% 4% 2% 2% 1%
2.	Біліміңіз	Бастауыш Негізгі мектеп (9 сынып) Жалпы орта Орта арнаулы Аяқталмаған жоғары Жоғары	18% 27% 28% 19% 4% 4%
3.	Жаза өтеу барысында некеге тұрдыңыз ба не отбасыңыз сақталды ма?	Бойдақ болдым Некеде тұрдым Отбасым сақталды Отбасыммен жазаның _____ жылын өтегенде ажырастым	46% 29% 18% 7%
4.	Қылмысты неше жасыңызда жасадыңыз (толық жас)	_____ (санмен жазыңыз)	
5.	Бірінші рет қанша жылға сотталдыңыз?	1 - 3 жыл 3 - 5 жыл 5 - 8 жыл 8 - 10 жыл 10 - 15 жыл 15 және одан көп	36% 34% 19% 7% 4% 2%
6.	Қанша мерзімді өтедіңіз және жалпы қанша мерзім (егер бірнеше қылмыс жасасаңыз өтеудің барлық мерзімін көрсетіңіз)	3 - 5 жыл 5 - 8 жыл 8 - 10 жыл 10 - 13 жыл 13 - 15 жыл 15 - 20 жыл 20 жылдан астам	44% 29% 11% 6% 4% 4% 2%
7.	ТМ режим түрі	Жалпы Шартты Қатаң Ерекше	60% 7% 21% 10%

Кестенің жалғасы А.1

8.	Егер екі одан да көп рет сотталсаңыз шартты түрде мерзімінен бұрын босатылдыңыз ба немесе қоныс-колонияларына ауыстырылдыңыз ба?	Шартты жазаға тартылдым Мерзімінен бұрын босатылдым Қоныс-колонияларына ауыстырылдым Аталған шара қолданылмады	29% 31% 9% 20%
9.	Сіз жаза өтеп жатқан түзеу мекемесінде өткізілетін түзеу дәрежесін бағалауды объективті деп санайсыз ба?	Өткізілетін бағалауды объективті деп санаймын Бағалауды әрдайым объективті өткізбейді Өткізілетін бағалауды объективті деп санамаймын Жауап беруге қиналамын	41% 26% 11% 21%
10.	Сотталғандарды аттестаттауға қалай қарайсыз?	Қолдаймын Қарсымын Маған мәні жоқ Жауап беруге қиналамын	38% 21% 26% 13%
11.	Соңғы 12 айдың көлемінде қанша марапаттауға ие болдыңыз	Алған жоқпын Бір Екеуден беске дейін Бестен жоғары	37% 33% 20% 5%
12.	Соңғы 12 айдың көлемінде қанша сөгіске ие болдыңыз	Алған жоқпын Бір Екеуден беске дейін Бестен жоғары	53% 26% 10% 4%
13.	Жасаған қылмыстық іс-әрекетіне көзқарасы	Істеген әрекетімді өкінемін Бәрі бір Өзімді кінәлімін деп санамаймын	50% 29% 18%
14.	ТМ босағаннан кейін әкімшілік қадағалау тағайындалды ма?	Иә Жоқ	38% 45%
15.	ТМ босағаннан кейін жұмысқа орналасумен қиыншылықтар болды ма?	Болған жоқ, жұмысқа өзім тұрдым Иә, жұмысқа туыстарымның немесе таныстарымның көмегімен тұрдым Иә, жұмысқа жаза өтеген мекеме әкімшілігінің көмегімен тұрдым Иә, жұмысқа әкімшілік, депутат, басқа да адамдардың көмегімен тұрдым Иә, жұмысқа полицияның көмегімен тұрдым Жұмыс істемедім, орайы болмады Жұмыс істемедім, істегім келмеді Денсаулығыма байланысты жұмысқа тұрмадым	41% 22% 4% 4% 3% 7% 5% 4%
16.	Жұмысқа қабілеттілік	Жұмысқа қабілетті III топ мүгедегі I-II топ мүгедегі	75% 15% 5%

Кестенің жалғасы А.1

17.	Мамандығы және атқаратын жұмысы	Сотталғанға дейінгі алған мамандық бойынша жұмыс істеймін ТМ алған мамандық бойынша жұмыс істеймін Жұмыс істемеймін	52% 15% 29%
18.	Сотталғанға дейінгі айналысқан негізгі жұмыс түрі	Жұмыскер Қызметкер Әр түрлі жұмыстағы адам Оқушы Зейнеткер Жұмыс істемедім және оқымадым	39% 18% 20% 7% 4% 12%
19.	Отбасыңызбен байланыс сақталған ба?	Иә Жоқ	69% 22%
20.	Тұрақты мекен-жайыңыз бар ма?	Бар Болған, сотталуыма байланысты айырылдым Жоқ	51% 22% 17%
21.	Сотталғанға дейін қай жердің тұрғыны болдыңыз?	Ірі өндірісті қала Облыс орталығы Аудан орталығы Ауылдық жер	40% 27% 19% 13%
22.	Сотталғанға дейінгі баспананың болуы	Бөлмем, пәтерім, үйім болды Жатаханада тұрдым Пәтер жалдап тұрдым	58% 22% 13%
23.	Соңғы сотталғанға дейінгі еңбек өтілі	1 жылға дейін 2-5 жыл 6-9 жыл 10-15 жыл 15-20 жыл 20 жылдан артық	26% 32% 12% 10% 4% 9%
24.	Жазадан босатылғаннан кейін қандай мерзімде жұмысқа тұрдыңыз?	1 айға дейін 1 - 3 айға дейін 3 - 6 айға дейін 6 айдан 1 жылға дейін 1 жылдан артық Жұмыс істемедім	30% 26% 14% 5% 4% 9%
25.	Жазадан босатылғаннан кейін Сізде тіркеуге тұру жөнінде қиындықтар болды ма?	Иә болды Иә, тіркеуге туыстарым арқылы тұрдым Иә, тіркеуге әкімшілік, депутат, басқа да адамдардың көмегімен тұрдым Иә, тіркеуге полицияның көмегімен тұрдым Иә, жұмысқа жаза өтеген мекеме әкімшілігінің көмегімен тұрдым Иә, тіркеуге тұра алмадым	50% 26% 8% 4% 3% 7%
		(себебін көрсетуге болады)	

Кестенің жалғасы А.1

26.	Өтеліп жатқан жаза үшін қылмыстың саралануы (егер бірнеше қылмыс үшін сотталсаңыз көрсетіңіз) Қылмыстық кодекстің бабы (республиканың қай облысы)	ҚК _____ бап _____	1
		ҚК _____ бап _____ ҚК _____ бап _____ ҚК _____ бап _____ ҚК _____ бап _____ Облыс _____	
27.	Сауалнама толтыру кезіндегі нақты өтелген мерзім	1 жылға дейін 2-3 жыл 3-5 жыл 6-9 жыл 10-13 жыл 14 жыл және одан жоғары Босатылуға 3-4 ай қалды	20% 40% 24% 11% 3% 2% 2%
28.	Қылмысты қайталап жасалған деп танылдығыз ба?	Жоқ Иә, танылдым Иә, қауіпті қайталаушы деп танылдым Иә, аса қауіпті қайталаушы деп танылдым	59% 22% 8% 7%
29.	Өздігінен қызмет ету ұйымдарына қатысу	Өз еркіммен қатысамын Еріксіз қатысамын Жеңілдік алу мақсатында қатысамын Қатыспаймын	41% 17% 13% 28%
30.	Соңғы сотталудың алдында жұмыс істемесеңіз, қанша уақыт	3 айға дейін 3 айдан 6 айға дейін 6 айдан 1 жылға дейін 1 жылдан 2 жылға дейін 2 жылдан 3 жылға дейін 3 жылдан жоғары	36% 24% 14% 7% 4% 5%
31.	Сіз қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім мен мамандық алуды қалайсыз ба? (қашықтықтан оқыту технологиясы — бұл білімді ғаламтор/интернет арқылы алу)	Иә Жоқ Жауап беруге қиналамын	48% 31% 17%
32.	Жазадан босатылғаннан кейін ерікті түрде тұрғын жаймен, жұмыспен қамтитын әлеуметтік ақтау орталықтарына деген көзқарасыңыз қандай?	Бұндай орталықтар қажет және пайдалы деп санаймын Жазадан босатылғаннан кейін осындай орталыққа тұрғын жай, жұмыс алуға жүгінсем деймін Бұндай орталықтар пайдасыз деп санаймын _____ (себебін көрсетуге болады) Мен бұндай орталыққа жүгіндім	51% 30% 18% 1%
33.	Сіз жаза өтеп жатқан қылмыстың жалпы жасалу себебін көрсетіңіз	_____ (себебін көрсетуге болады)	

Рахмет!

(Өзіңіздің толықтыру мен ұсыныстарыңызды жазуға болады)

* Қазақстан Республикасы ӘМинистрлігі Қылмыстық атқару жүйесінің Қарағанды облысы мен Шығыс Қазақстан облыстарының түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан 488 адам сұралды.

4-сұраққа жауап:

Есімде жоқ — 0,6%	24 жаста — 3%	0,3%	53 жаста — 0,6%
8 жаста — 0,3%	25 жаста — 5%	38 жаста — 1%	55 жаста — 0,6%
13 жаста — 0,3%	26 жаста — 3%	39 жаста — 0,3%	56 жаста — 0,3%
14 жаста — 2%	27 жаста — 4%	40 жаста — 1%	57 жаста — 0,7%
15 жаста — 1%	28 жаста — 3%	41 жас — 0,7%	61 жаста — 0,7%
16 жаста — 4%	29 жаста — 3%	42 жаста — 1%	
17 жаста — 4%	30 жаста — 5%	43 жаста — 0,3%	
18 жаста — 5%	31 жаста — 2%	44 жаста — 0,6%	
19 жаста — 7%	32 жаста — 2%	45 жаста — 0,6%	
20 жаста — 9%	33 жаста — 1%	46 жаста — 1%	
21 жаста — 2%	34 жаста — 1%	47 жаста — 0,6%	
22 жаста — 3%	35 жаста — 2%	48 жаста — 0,6%	
23 жаста — 4%	36 жаста — 0,3%	50 жаста — 0,3%	
	37 жаста — 0,3%	51 жаста — 0,3%	
		52 жаста — 0,6%	

26-сұраққа жауап:

13-бап — 0,9%	121-бап -2%	171-бап -0,6%	191-бап -0,2%
23-бап -0,3%	125-бап -0,6%	172-бап -0,3%	193-бап -0,3%
24-бап -1%	126-бап -0,3%	173-бап — 0,4%	196-бап -0,4%
25-бап -0,2%	131-бап -0,3%	174-бап — 0,2%	200-бап -0,3%
28-бап -0,6%	132-бап -2%	175-бап -26%	202-бап — 0,3%
54-бап -0,3%	133-бап -0,9%	176-бап -1%	203-бап -0,6%
58-бап -0,7%	134-бап -0,9%	177-бап -2%	214-бап -2%
60-бап -0,6%	135-бап -0,9%	178-бап -13%	220-бап -0,4%
76-бап -1%	136-бап -0,3%	179-бап — 11%	221-бап -0,3%
88-бап -0,9%	137-бап -0,3%	180-бап -0,6%	233-бап -0,3%
91-бап -0,2%	140-бап -0,3%	181-бап -1%	250-бап — 0,3%
93-бап -0,3%	145-бап -0,6%	182-бап -0,2%	251-бап — 0,9%
96-бап -9%	159-бап — 0,3%	183-бап -0,6%	253-бап -0,6%
101-бап -0,7%	168-бап — 0,2%	185-бап -2%	255-бап -0,3%
103-бап -5%	170-бап -0,5%	188-бап -0,2%	
120-бап -3%	262-бап — 0,3%	297-бап -0,3%	324-бап -0,7%
257-бап -2%	296-бап -0,3%	311-бап -0,6%	331-бап -0,2%
259-бап -13%			360-бап -0,9%

33-сұраққа жауап:

- Жай әшейін — 1%
- Реніш — 1%
- Білмеймін — 1%
- Қылмысты іздестіру қызметкерлері жала жапты — 0,9%
- Жалқау болдым — 0,4%
- Кездейсоқ болды — 1%
- Жеңіл жолмен ақша табу — 2%
- Жұбайымды қорғадым — 0,3%
- Өмір сүруге құштарлық - 1 %
- Жолдастар — 2%
- Абайсыздық — 1%
- Бұзақылық — 0,6%
- Ұрланған мүлікті сату — 2%
- Жұмысым болмады — 2%
- Ұрлық жасадым — 6%
- Ұрлық әдетім — 0,9%
- Жағдайға қарай — 0,6%
- Өмір сүру мәжбүрлігі — 2%
- Әділдікті орнаттым — 0,5%
- Байлыққа ие болғым келді — 0,6%
- Кездейсоқ куәгер болдым — 0,3%
- Өшпенділік — 1%
- Өзімді кінәлі деп санамаймын — 0,3%
- Қажетті қорғану болды — 0,9%
- Қызғаныштан — 0,7%
- Өзімшілдік — 0,3%
- Қаңғыбас болдым — 0,3%
- Баламның оқуына ақша төлеу керек болды — 0,3%
- Жеке отбасылық жағдай — 0,3%
- Абыржудан — 1%
- Араласқан ортам — 2%
- Ниеттестік — 0,3%
- Мемлекеттік мүлікті ұрлау — 0,3%
- Қаражат керек болды — 2%
- Жеке араздық — 5%
- Қарақшылық шабуыл — 2%
- Қылмыстың дұрыс сараланбауы — 0,3%
- Күйзеліс жағдайында — 0,6%
- Әділетсіз жаза — 2%
- Абройды қорлаудың жалған сезімі — 0,3%
- Есірткі заттар — 5%
- Мен қылмыс жасамадым — 4%
- Шарасыздық — 3%

Еріккендік — 2%
Жауапсыздық — 0,6%
ТМ бару үшін, онда өзімді адам сезінемін — 0,3%
Зорлау — 0,6%
Ақшаға деген сүйіспеншілік — 0,3%
Адам өлтіру — 1%
Автокөлікке ие болғым келді — 2%
Ішімдік — 5%
Балалық тентектік — 0,5%
Жұмыс істемедім — 1%
Ақша ұрладым — 0,3%
Ақымақтық — 5%
Бұны қылмыс деп санамадым — 0,3%
Жан күйзелісінде болдым — 0,3%
Мемлекеттегі жағдай — 0,9%

Қосымша ұсыныстар:

- ТМ құқық қорғау орталығының қызметкерлерін шақыру керек — 0,3%
 - туыстарымен кездесу мен телефон арқылы сөйлесуге жиірек рұқсат берсе — 0,3%
 - бірінші кезекте қажетті заттары бар сәлемдемелер мен посылкаларға көбірек рұқсат берсе — 0,6%
 - әлеуметтік ақтау орталықтарының жұмысына шынымен сенгім келеді — 0,3%
 - өкінуіме байланысты мерзімнен бұрын босағым келеді — 1%
 - Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі мерзімінен бұрын босату мәселесімен келіспеймін — 2%
 - бостандыққа шығып, жұмыс істеп, отбасын құрып, өмірді қайта бастағым келеді — 0,1%
 - өкінбеймін — 0,1%
 - жазадан босату кезінде сауалнама қорытындысын назарға алса — 0,3%
 - нашақорларды бас бостандығынан айырмай, қайта емдеу керек — 1%
 - мерзімінің жартысын өтегендерге рақымшылық жасау қажет — 0,9%
 - қорғанған адамды жазаламай, көшедегі қағынғандарға назар аудару керек - 0,9%
 - ТМ қарапайым өмір сүру жағдайы қажет — 0,6%
 - мемлекетте сыбайлас жемқорлық өршіп тұр — 0,3%
 - мұнда түзелуге мұрша бермейді — 0,3%
 - сотталғанды жазадан босату алдында оны баратын жерінде жұмыспен қамту керек — 0,6%
 - жазаны тұрғылықты жері бойынша өтесе — 0,3%
- Ескерту — бір сұрақ бойынша пайыздық көлемінің қорытындысы 100% болмайды, себебі, әркім бір сұраққа екі жауаптан берген немесе мүлдем жауап бермеген.

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қылмыстық атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін 3 жылдан астам еңбек өтілі бар қызметкерлер [1] мен түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар [2] арасында жүргізілген сауалнамалар бойынша талдау қорытындысы

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі реформалардың алға басуы сотталғандарға оң ықпал етеді, олардың құқықты орындаушылық мінез құлықтарын қалыптастыруға қызығушылықтарын арттырады. Мысалы, 46% респонденттер бас бостандығынан айыруға сотталған адамның түзелуін бағалау түзету процесінде тиімді әсер етеді деп көрсеткен. Соған қарамастан сотталғандардың түзелу дәрежесі мен бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық жағдайына тікелей әсер ететін көптеген проблемалар да бар. Мысалы, 42 % респонденттердің ойынша, бас бостандығынан айыруға сотталған адамның түзелуін бағалау түзету процесінде тиімді әсер етпейді деген пікірлер әлі де алаңдаушылық туғызып отыр.

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі реформалау кезінде қажетті нормативтік база дайындалып, біртіндеп енгізіліп келеді. Сотталғандарды аттестаттау теориялық тұрғыдан талдауды және құқықтық бекітуді қажет етеді. Жинақталған тәжірибе сотталғандарды аттестаттауды теориялық тұрғыда дайындау керектігін және оны заңды түрде бекіту қажеттігін көрсетіп отыр. Оны түзету мекемесі қызметкерлерінің 52 % респонденттері де атап өткен. Және де сұралған 41% респонденттер сотталғандарда аттестаттауды ұстау жағдайын өзгерткенде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда ғана өткізу қажет дегенді ұсынса, 28 % — сотталғандарда аттестаттауды 6 айда бір өткізу қажет деп есептейді. Сонымен қатар, 54% респондент сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның жасаған құқыққа қарсы әрекетіне қатысы» деген бағалау өлшемін қолдануды ұсынады, ал 50% — оған «сотталғандардың жас топтары» бағалау өлшемін қолдануды ұсынады, 55% — сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның отбасылық жағдайын» бағалау өлшеміне қолдану керектігін көрсеткен, 48% — сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның сотталғанға дейінгі айналысқан кәсібін» бағалау өлшемін қолдану керек дейді, 44% — сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның жаза өтеп жатқан қылмысының саралануын» бағалау өлшеміне қолдануды ұсынады, 43% — сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның жасаған қылмысының дәрежесін» бағалау өлшеміне қолдану керектігін көрсеткен, 55% — сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның соттылық санын» бағалау өлшеміне қолдану керек дейді, 38% — сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотпен тағайындалған жаза мерзімін» бағалау өлшеміне қолдануды ұсынады, 45% — сотталғандарды аттестаттау кезінде сотталғанға шартты-мерзімінен бұрын босатуға ұсыныуды ғана емес, «сотталғанның аттестаттаудан өту санын» бағалау өлшеміне қолдану керек дейді. Соған қарамастан, «сотталғанның өтеген мерзімі» бағалау өлшемін қолдануды сұралған 39% түзету мекемесінің қызметкерлері бағалау өлшемін сотталғанды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолдану керек

деп есептейді. Мұнда сұралған 38 % сотталғандардың аттестаттауды қолдайтынын да атап кеткен дұрыс.

Қамаудағылардың қылмыстық мінез-құлқына олардың еңбекпен, қоғамдық пайдалы іспен айналыспауы әсер етеді. Ештеңемен айналыспайтын сотталған — қылмыстық жағынан қауіпті адам, сондықтан оларды үнемі бір іспен айналысуды қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасау керек. Мысалы, сұралған түзету мекемесінің қызметкерлерінің 58% сотталғандардың қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім және мамандық алуын қолдайды. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша орта білім және мамандық алуды сұралған сотталғандардың 48% қалайды екен. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, түзету колонияларында алған мамандық бойынша босап шыққаннан кейін сұралған сотталғандардың 15% жұмыс істеген. Егер түзету колонияларында сұралғандардың 52% сотталғанға дейінгі мамандығы бойынша жұмыс істегенін ескерсе, бұл жақсы көрсеткіш.

Криминологиялық сипаттаманың бөлінбес бөлшегіне қамаудағы адамдар туралы мәліметтер жатады. Бас бостандығынан айыру орындарында 25 жасқа дейінгі сотталғандар 24%, 25-тен 29 жасқа дейінгі жастағылар — 33% құрайды. Сотталғандардың ең көбі 30 жастан 34 жасқа дейінгілер — 36%. Әлеуметтік құрамы бойынша: жұмысшылар — 39%, әр түрлі жұмыстағылар — 20%, қызметкерлер — 18%, жұмыссыздар — 12% құрайды.

Түзету мекемелеріндегі қамаудағылардың арасында 43% кісі өлтіргені, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені, зорлағаны, тонау, ұрлау және бұзақылығы үшін отыр. 2% сотталғандар жыныстық сипаттағы зорлау әрекеті, жасөспірімдерді қоғамға қарсы әрекеттерді, алаяқтық жасауға тартқаны, тонау мақсатынсыз автокөлік немесе өзге де көлік түрлерін заңсыз айдап кету, кедендік төлем ақы мен жарнаны төлеуден жалтарғаны үшін жазалау мерзімін өтеп отыр. Ұрлық жасағаны үшін колонияларда жалпы санының 26%, ал 13% есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды дайындағаны, сатып алғаны, сақтағаны, тасымалдағаны, жібергені немесе сатқаны үшін жазасын өтеуде. Сотталғандардың жалпы санының тек 0,9% екі және одан да көп рет сотталғандар. Келтірілген мысалдар сотталғандардың сапалық құрамы теріс сипатта екенін көрсетеді. 0,9% контингенті қылмыстық атқару мекеме әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбайтын сотталғандардан тұрады. Аймақтық тұрғыдан алғанда ең көп сотталғандар Қарағанды облысы бойынша — 22%, сондай-ақ Алматы облысы (8%) және Қостанай облысы (2%) бойынша. Оның ішінде екі және одан да көп рет сотталғандардың — 31% бұрын мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылса, 29% — шартты мерзімге сотталғандар.

3 жылдан 5 жылға дейін жазалау мерзіміне сотталғандардың 44% , 5 жылдан 8 жылға дейін — 28%, 8 жылдан 10 жылға дейін — 10% және тек 2% 20 жылдам астам мерзімге сотталған. Бірінші рет 1 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығынан айыруға респонденттердің 35%, 3 жылдан 5 жылға дейін — 33%, 5 жылдан 8 жылға дейін — 16% құрап отыр. Көптеген сотталғандар (60%) жалпы режимдегі колонияларда, қатаң режимдегі колонияларда — 21%, ерекше режимдегі колонияларда — 10% отыр.

Зерттеулер қылмыскерлердің білім деңгейі құқықты орындаушы азаматтармен салыстырғанда төмен екенін көрсетіп отыр. Мысалы, сотталғандардың жалпы білім берушілік деңгейі мынадай көрсеткіштермен сипатталады: орта жалпы білімді — 28%, негізгі мектеп (9 сыныптық) — 27%, орта арнаулы — 19%, жоғарғы тек 4% ғана.

Отбасы адам мінез құлқының маңызды реттеушісі болып табылады, ал оның болмауы, жалпы ереже бойынша, қолайсыз жағдай ретінде профилактикалық жұмыс түрінде қарастырылуы керек. Бұған дәлел ретінде мынаны қарастыруға болады: сотталғандардың ішінде 45% некеге тұрмаған, 29% некеге тұрған, олардың тек 18% отбасын сақтаса, 7% отбасын сақтап қалған. Сұралғандардың 69% отбасыларымен байланыстарын үзбеген.

Сотталғандар арасында тұрақты мекен жайлары бар тұлғалардың пайызы аса жоғары (51%), бірақ сотталғанына байланысты одан айырылып қалғандар — 22%, мекен жайлары жоқ — 17%. Соның ішінде сұралғандардың 58% сотталғанға дейін бөлмесі, пәтері, үйі болған, 22% — жатаханада тұрған, 13% - пәтер жалдап тұрған. Соңғы соттылығына дейін олардың 40% ірі өндірістік қалаларының, 27% — облыс орталығының, 19% — аудан орталығының, 13% — ауылдық жердің тұрғындары болған.

Түзету мекемелерінде түзелу дәрежесін бағалаудың объектілігі бойынша жазасын өтеп жүргендер арасында сұралғандардың пікірі аса қызықты. Жүргізіліп отырған бағалауды олардың 41% әділ, 26% — кейде әділдігі жоқ, ал 11% — бағалау мүлдем әділетсіз деп есептейді.

Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, сотталғандарды тәрбиемен қамту дәрежесі жеткіліксіз. Мысалы, сұралғандардың соңғы 12 айда 37% сотталғандар көтермелеу алмаған, бір рет көтермелеу алғандар — 33%, екіден беске дейін 20%, бестен көп көтермелеу алғандар 5% құрайды екен. Ал керісінше, соңғы 12 айда сотталғандардың 40% жазалау шарасын алған. Олардың бір рет жазалау шарасын алғандары — 26%, екіден беске дейінгісі — 10%, бесеуден жоғары жазалау шарасын — 4% алған.

Жеке ескертпе үшін сотталғандардың өздері жасаған қылмыстарына деген қатынасы маңызды орын алады. Мысалы, сотталғандардың 50% жасаған қылмыстары үшін өкінеді, 29% жасағандарына немқұрайлы қарайды, ал 18% өздерін мүлдем кінәліміз деп есептемейді.

Босап шыққандардың аса рецидивті қауіптілеріне қатысты заң тұрғысынан әкімшілік бақылау жүргізіледі. Әкімшілік бақылаудың жаза немесе оның жалғасы емес екенін атап өткен дұрыс, ол жұмыс орны мен мекен жайы бойынша бақылаудағы адамның адамгершілік қасиетін кемсіту мақсатын да көздемейді. Соған қарамастан, әкімшілік бақылау түзету мекемесінен босап шыққаннан кейін сұралғандардың тек 38% қатысты ғана белгіленеді. Және сұралғандардың 22% қылмысты қайта жасағанын атап өткен дұрыс.

Бас бостандығына сотталғандарға қатысты алдын ала босатуға дайындық жүргізіледі, ол табысты әлеуметтік бейімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. «Сізде босап шыққаннан кейін жұмысқа орналасу бойынша қиындық туды ма?» деген сұраққа 41% респонденттер «қиындық болмады, жұмысқа өзім орналас-

тым» деп жауап берсе, 22% — туыстарым немесе таныстарым арқылы жұмысқа тұрдым деген. Тек 4% респонденттер әкімшілік, депутаттар, полиция көмегімен жұмысқа орналасса, 7% сұралғандар мүлдем жұмысқа орналаспаған. Жазасын өтеп келгеннен кейін бір айға дейін сұралғандардың 30% жұмысқа орналаса алса, 1 айдан 3 айға дейін — 26%, 3 айдан 6 айға дейін — 14%, 1 жылдан астам уақыттан кейін — 4% жұмысқа орналаса алғанын атап өткен дұрыс. Бұл жерде сұралғандардың 75% өздерін еңбекке жарамдымыз деп есептесе, тек 15% үшінші топ мүгедегі, ал 5% бірінші және екінші топтағы мүгедектер болып шыққан. Сотталғанға дейінгі жалпы еңбек өтілінің аздығы назар аударарлық жайт. Мысалы, сұралғандардың 26% жалпы еңбек өтілі бір жыл ғана болса, 2 жылдан 5 жылға дейін — 32%, 6 жылдан 9 жылға дейін — 12%, 10 жылдан 15 жылға дейін 10% құраған. Соның ішінде сұралғандардың 36% соңғы сотталғанға дейін 3 айға дейін жұмыс істесе, 24% — 3 айдан 6 айға дейін, 6 айдан 1 жылға дейін — 14%, 3 жылдан астам — 5% еңбек еткен.

Бас бостандығынан айыру орнынан босап шығу қажеттігі туған жағдайда тұрақты мекен жаймен қамтамасыз ету, дәлірек айтқанда тұрғылықты мекен жайға тіркелу мәселесін шешуде көмек көрсетілетіні белгілі. Соған қарамастан, сұралғандардың 50% босап шыққаннан кейін мекен жайға тіркелу бойынша қиындық болмаған, 26% туыстарының көмегі арқылы тіркеуге тұрған, тек 4% полицияның көмегімен тіркеуге тұрса, 3% ғана жазасын өтеген колония көмегі арқылы тіркеуге тұрғанын атап отыр. Респонденттердің әлеуметтік бейімделу Орталығына деген қатынасын ерекше атап кеткен жөн. Мысалы, 51% мұндай Орталықтар қажет және пайдалы деп ойлайды, ал 30% респонденттер босап шыққаннан кейін осындай Орталықтарға еңбекпен және тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етілу мақсатында көмек сұрауға барғылары келетіндігін айтады.

Қылмыспен күресу практикасы көрсетіп отырғандай, жазаның орындалуы қаншалықты ұйымдастырылған болса да сотталғандардың белгілі бір бөлігіне байланысты қылмысты алдын алу проблемасын шеше алмайды. Ол түзету әсерінің нәтижесін бекіту бойынша, оларды қоғамдық жұмысқа тарту бойынша, кейбірінде қалыптасып қалған қоғамға қарсы көзқарастар мен әдеттерді түгел жоюға байланысты қосымша шараларды қолдануды қажет етеді. Мысалы, сұралғандардың 41% өздерінің жеке ұстанымдары бойынша өз бетімен құрылған ұйымдарға қатысатынын көрсетсе, олардың 17% — колония әкімшілігінің көндіруімен, 13% қандай да бір жеңілдіктер алу үшін, ал олардың 28% ешқандай ұйымға қатыспайтынын атап өткен. Соңғысы алаңдаушылық туғызатын жайт.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыс сотталғанның жеке бас ерекшеліктеріне байланысты болып тұратын себептердің ықпалымен қамтамасыз етіледі. Қылмыс жасауға көптеген сотталғандардың өмірлік тәжірибелері үлкен әсер етеді (сотталғандардың көпшілігінің жасы 25-34 жас), ол сотталған жасаған қылмысының сипатынан көрінетін, психикаларының қарама қайшылығы мен екіжүзділігі байқалады. Мысалы, сұралғандардың 5% өздері жасаған қылмысының себебін «ақымақтық» деп есептейді, тағы 5% — жеке жеккөрініш

сезімін көрсетсе, 3% — амал жоқтық, 2% — өмірлік жағдайлар мәжбүрледі деп есептейді, ал 2% — оңай ақша іздеген. Сұралған сотталғандардың 1 % қылмысты еріккеннен жасағанын да атап өткен дұрыс. Сондай-ақ ең көп тараған жағдай респонденттер мынаны көрсетеді: есірткі — 5%, алкоголь — 5%, көлік қажет болған — 2%, жұмысым болмады - 2%, қоршаған адамдар — 2%. Кейбір азаматтардың қолдан кейбір заттарды аса арзан бағаға сатып алудағы санасыз және пайдакүнемдік сезімдері қылмыстық жолмен алынған заттар мен құнды заттарды өткізуге қолайлы жағдай туғызады. Оны сұралғандардың 2% көрсетіп отыр.

Алдын алу сипатындағы шараларды жүзеге асыру, біздің ойымызша, қамаудағылар арасындағы қылмысты әлдеқайда төмендетіп, жазаны орындау тиімділігін арттыруы тиіс. Соған қарамастан, 0,3% респонденттер бас бостандығынан айыру орындарында түзелуге жағдай жасалмайды деп есептейді. Сол себепті сотталғандар өздері көрсеткен мынадай ұсыныстарға назар аударуға болады:

- нашақорды бас бостандығынан айырмау керек, оны емдеу керек;
- зонада қарапайым жағдайлар жасалуы керек;
- бостандыққа шыққанға дейін ол оралатын мекен жайдан жұмыспен қамтамасыз етілуі керек;
- көшеде «қайқаңдап» жүрген «ессіздерге» назар аудару керек;
- жазаны мекен жайы бойынша өтеу қажет;
- колонияларға құқық қорғау ұйымдарының қызметкерлерін шақыру керек;
- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесі бойынша баптарымен келіспейміз;
- әлеуметтік бейімделу орталықтары адал қызмет етіп, шынымен де сотталғандарға көмектесуі керек.

Қорыта келгенде бас бостандығынан айыру орындарында қылмыс үнемі орын алған. Онымен күрестегі түбегейлі табыстар мен қылмыстарды толықтай қайта әлеуметтендіру әлемдегі ешбір елдің қолынан келген жоқ. Сондықтан, қылмыстың осы түрін ескерту бір ізге түсуі мен халықаралық стандарттар мен нормаларға бағдарланумен шектеліп қалмау керек. Бұл жағдайда бәріне бірдей әмбебап ұсыныс жоқ. Ендеше қылмыспен күресудегі қандай да бір елдің нақты ұлттық тәжірибесін ұстану немесе бас тартудың қажеті жоқ. КСРО кезінде жұмыс жасаған және қазіргі заманда жойылған жолдастық сот жүйесі, шартты сотталғанды оның ұжымына тәрбиеге беру және өзге де кеңестік институттар зерттеліп, әлем деңгейінде жоғары баға алған болатын. Яғни, бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыспен күрес, оның түрлері мен әдістері халықаралық және ұлттық тәжірибені ұтымды үйлестіріле жүргізілуді қажет етеді [3].

Ескерту:

1 Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қылмыстық атқару жүйесінің түзелу мекемелерінде сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін 3

жылдан астам еңбек өтілі бар 88 қызметкер сұралды.

2 Қазақстан Республикасы Әдіжыл Министрлігі Қылмыстық атқару жүйесінің Қарағанды облысы мен Шығыс Қазақстан облыстарының түзеу мекемелерінде жалпы, қатаң ерекше режимде жазасын өтеп жатқан 488 адам сұралды.

3 Криминологическая характеристика и профилактика современных проявлений преступности в Республике Казахстан. — Алматы: Данекер, 2001. — 363 б.

ҚОСЫМША Ә

Кесте Ә.1 — Түзеу мекемелеріндегі жалпы және қатаң режимі қызметкерлерінің сауалнамаға жауаптары *

Сұрақтар №	Сұрақ	Жауап нұсқалары	Шифр
1	2	3	4
1.	Түзету процесіндегі сотталғанның түзелуін бағалау дәрежесінің рөлі жөніндегі Сіздің пікіріңіз?	Бас бостандығынан айыруға сотталған адамның түзелуін бағалау түзету процесінде тиімді әсер етеді	46%
		Бас бостандығынан айыруға сотталған адамның түзелуін бағалау түзету процесінде тиімді әсер етпейді	42%
		Жауап беруге қиналамын	12%
2.	Түзеу мекемелерінде сотталғандарды аттестаттауды құқықтық реттеу жөніндегі Сіздің пікіріңіз?	Сотталғандарды аттестаттау теориялық тұрғыдан талдауды және құқықтық бекітуді қажет етеді	52%
		Сотталғандарды аттестаттау құқықтық тұрғыдан бекітуді қажет етпейді	34%
		Жауап беруге қиналамын	14%
3.	Сотталғандарда аттестаттауды өткізудің саны жөніндегі Сіздің пікіріңіз?	Сотталғандарда аттестаттауды 6 айда бір өткізу қажет	28%
		Сотталғандарда аттестаттауды жылына 1 рет өткізу қажет	23%
		Сотталғандарда аттестаттауды ұстау жағдайын өзгерткенде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда ғана өткізу қажет	41%
		Жауап беруге қиналамын	8%
4.	Сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның жасаған құқыққа қарсы жасаған әрекетіне қатысын» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	9%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	28%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	54%
		Жауап беруге қиналамын	9%
5.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның жас ерекшелігін» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	28%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	11%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	50%
		Жауап беруге қиналамын	11%

Кестенің жалғасы Ә.1

6.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның отбасылық жағдайын» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	31%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	10%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	55%
		Жауап беруге қиналамын	4%
7.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның сотталғанға дейінгі айналысқан кәсібін» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	26%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	22%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	48%
		Жауап беруге қиналамын	4%
8.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның жаза өтеп жатқан қылмысының саралануын» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	19%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	27%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	44%
		Жауап беруге қиналамын	10%
9.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның жасаған қылмысының дәрежесін» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	18%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	27%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	43%
		Жауап беруге қиналамын	12%
10.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның сотталғанының санын» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	15%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	26%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	55%
		Жауап беруге қиналамын	4%
11.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотпен тағайындалған жаза мерзімін» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	30%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	26%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	38%
		Жауап беруге қиналамын	6%

Кестенің жалғасы Ә.1

12.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның нақты өтелген мерзімін» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	20%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	39%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	35%
		Жауап беруге қиналамын	6%
13.	Сіз сотталғандарды аттестаттау кезінде «сотталғанның аттестаттаудан өту санын» бағалау өлшеміне қолдануға қалай қарайсыз?	Аталған бағалау өлшемін қолдану мақсатсыз	32%
		Аталған бағалау өлшемін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсынғанда қолданса	14%
		Аталған бағалау өлшемін барлық сотталғандарға қатысты қолданса	45%
		Жауап беруге қиналамын	9%
14.	Сотталғандардың қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім және мамандық алуына Сіздің пікіріңіз қандай? (қашықтықтан оқыту технологиясы — бұл ғаламтор арқылы білім алу)	Сотталғандардың қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша орта білім және мамандық алуын қолдаймын	58%
		Қажеттілігі жоқ, қарсымын.	32%
		Жауап беруге қиналамын	10%

Түзеу мекемесінде ғаламторды қолдану мүмкін емес — 1%.

- * Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Қылмыстық атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін 3 жылдан астам еңбек өтілі бар 88 қызметкер сұралды.

ҚОСЫМША Б

Кесте Б.1 — Бас бостандығынан айыру орындарында сотталған адамның түзелуін бағалауда баллдық жүйе бойынша сауалнама сұрақтары

№	Өлшем атаулары	Баллдық бағалау
1.	Жас 18- ден 25- ке дейін	0
	25- ден 35-ке дейін	1
	35- тен 45-ке дейін	2
	45-тен 55-ке дейін	3
	55- тен аса	4
2.	Соттылығына дейін отбасы болды ма болмады	0
	болды	1
3.	Соттылығынан кейін отбасы сақталды ма сақталмады	0
	сақталды	1
4.	Отбасымен тұрақты байланысты сақталды ма сақталмады	0
	Сақталды	1
5.	Балалары мен асырауындағылардың болуы жоқ	0
	Балалары бар	1
	Көмекті қажет ететін асырауындағылары бар	2
6.	Отбасына (жақындарына) көмек көрсете ме Көрсетпейді	0
	Көрсетеді	1
7.	Сотталғанына дейін тұрақты мекен жайы болды ма болмады	0
	болды	1
8.	Бұрынғы мекен жайына оралатын ойы бар ма Ойы жоқ	0
	Ойы бар	1
9.	Білімі Аяқталмаған орта, орта,	0
	Орта-арнаулы, аяқталмаған жоғары	1
	жоғары	2
10.	Кәсібі жоқ	0
	бар	1
11.	Сотталғанға дейін жұмыс істеді ме Жұмыс істеді	0
	Жұмыс істеген жоқ	1

Кестенің жалғасы Б.1

12.	Мамандығы бойынша еңбек өтілі 5 жылға дейін	0
	5 жылдан астам	1
13.	Бас бостандығынан айыру орнында еңбекпен қамтылған ба қамтылмаған	0
	қамтылған	1
14.	Соттылығының саны 2 реттен артық	0
	2 ретке дейін	1
	1 рет сотталған	2
15.	Қылмыстылық санаты Аса ауыр	0
	ауыр	1
	Орташа және аса ауыр емес	2
16.	Қылмыс жасау аясы Жеке адамға қарсы қылмыс, халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар	0
	Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар, меншікке қарсы қылмыстар, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар, әскери қылмыстар, сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар	1
	Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар, мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар, экологиялық қылмыстар, көліктегі қылмыстар, басқару тәртібіне қарсы қылмыс	2
17.	Қылмысы рецидив деп танылған ба танылған	0
	танылмаған	1
18.	Белгіленген жаза мерзімі 10 жылдан астам	0
	5 жылдан 10 жылға дейін	1
	3 жылдан 5 жылға дейін	2
	3 жылға дейін	3
19.	Шынайы өтелген мерзім 3 жылға дейін	0
	3 жылдан 5 жылға дейін	1
	5 жылдан 10 жылға дейін	2
	10 жылдан артық	3

Кестенің жалғасы Б.1

20.	Жасалған қылмыстағы рөлі Ұйымдастырушы, азғырушы, көмектесуші	0
	орындаушы	1
21.	Жасаған қылмысына қатысы Жасағанына өкінбейді	0
	Жасағанына шынайы өкінеді	1
22.	Жасаған қылмысының залалын өтеуге қандай да бір шара қолданды ма қолданбады	0
	қолданды, бірақ залалды толықтай өтеген жоқ	1
	Қолданды және залалды толықтай өтеді	2
23.	Көтермелеу саны жоқ	0
	1 көтермелеу шарасы бар	1
	2 және одан да көп көтермелеу шарасы бар	2
24.	Сотталғандардың қоғамдық ұйымына мүше ме Мүше емес	0
	мүше	1
25.	Талап ету шарасының саны 2 және одан да көп талап ету шарасы бар	0
	1 талап ету шарасы бар	1
	жоқ	2
26.	Айыптау изоляторына қамалды ма қамалды	0
	Қамалған жоқ	1
27.	Қамау режимін қасақана бұзушы болып танылды ма танылды	0
	танылмады	1
28.	Босағаннан кейінгі ойы Ойы жоқ	0
	Қылмыстық әрекеттен бас тартатын ойы бар	1
29.	Босап шыққаннан кейін еңбекпен қамтылуға мүмкіндік алатын құжаты бар ма жоқ	0
	бар	1
30.	Алкоголь ішімдігін пайдалануға деген бейімділігі Бейім, маскүнем деп танылған	0
	Бейімділігі жоқ	1
31.	Есірткі пайдалануға деген бейімділігі Бейім, нашақор деп танылған	0
	Бейімділігі жоқ	1
32.	Дәрігер-психиатрдың есебінде тұр ма тұр	0
	Тұрған жоқ	1

Кестенің жалғасы Б.1

33.	Сотталғандар ұжымындағы өзара қарым қатынасы Сыйымсыз, дау жанжалға бейім	0
	Сыйымды, коммуникабелді	1
34.	Мекеме қызметкерлерімен өзара қарым қатынасы тұрпайы, әдепсіз	0
	сыпайы, әдепті	1
35.	Дінге қатынасы дінсіз	0
	діншіл	1
36.	Мінез-құлқына қатысты ескертпелерге деген жауабы Жауап бермейді, өзін ашулы ұстайды	0
	Дұрыс жауап береді, одан өзіне қорытынды жасайды	1
37.	Темпераментінің түрі Холерик, меланхолик	0
	Сангвиник, флегматик	1

ҚОСЫМША В

Жоба

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ СОТТАЛҒАНДАРДЫ АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ Ереже

1. Жалпы ереже

1.1. Нақты түзеу мекемелерінде сотталғандарды аттестаттау туралы Ереже (әрі қарай Ереже) түзеу мекемелеріндегі сотталғандарға аттестаттау өткізудің мақсаты мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ түзеу мекемелеріндегі аттестаттау комиссиясының сотталғандарды аттестаттау бойынша әрекетінің тәртібін көрсетеді. Түзеу процесінің міндетті компоненті ретіндегі сотталғандарды мерзімдік аттестаттаудан өткізу бас бостандығынан айырылған сотталғандардың түзелу дәрежесін бағалау және ағымдағы бақылау формасы болып табылады және түзеу мекемесінің барлық бөлімшелерін бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазалауды орындаудың тиімділігін арттыруға жұмылдырады.

1.2. Сотталғандарды аттестаттау мақсаты:

- Сотталғандардың түзелу дәрежесін объективтік тұрғыда анықтау;
- Сотталғандарды түзелуге ынталандыру.

2. Аттестаттау комиссиясы

2.1. Аттестаттау комиссиясы түзеу мекемесі бастығының бұйрығымен мынадай құрамда құрылады: аттестаттау комиссиясының төрағасы — жасақ бастығы; төраға орынбасары — психолог; комиссия мүшелері; комиссия хатшысы.

2.2. Аттестаттау комиссиясының құрамына қоғамдастықтың өкілдері, сот, прокуратура және ішкі істер органдарының қызметкерлері кіруі мүмкін.

2.3. Аттестаттау комиссиясының сандық және персоналдық құрамы туралы ұсыныстарды түзеу мекемесінің сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу бойынша бөлімі дайындайды.

2.4. Жалпы әдістемелік басшылық, сотталғандарды аттестаттаудың қорытындысын жасау және аттестаттау комиссиясының әрекетін бақылауды түзеу мекемесі бастығы түзеу мекемесінің сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу бойынша бөлімімен бірге жүзеге асырады.

2.5. Өз жасағының сотталғандарын аттестаттау бойынша барлық дайындық жұмысын жасақ бастығы жүргізеді.

Сотталғандарды аттестаттау бойынша жасақ бастығының міндеттері:

- сотталғандарды аттестаттаудың әрекеттегі тәртібін зерделеу;
- сотталғанның жеке басын жан-жақты зерттеу;
- жаңадан келген сотталғандармен аттестаттау мақсаты мен тәртібі туралы түсіндірме әңгіме жүргізу;
- сотталған туралы жинақталған мәліметтер негізінде аттестатталушы туралы анықтама жазу (Ереженің 2 қосымшасы);
- аттестаттау комиссиясы қорытындысын жүзеге асыру бойынша қажетті

шаралар өткізу.

3. Сотталғандарды аттестаттау тәртібі

3.1. Сотталғандарды аттестаттауға дейін жасақ бастығы өзге бөлімшелердің қызметкерлерімен бірге сотталғандар туралы барлық қажетті мәліметтер (түзелу белгілері, түзелмегені туралы белгілер, сотталғанның жеке басының ерекшеліктері) жинау бойынша жұмыс жүргізеді.

3.2. Сотталған туралы жинақталған мәліметтер нәтижесін жасақ бастығы аттестатталушы туралы анықтамаға енгізеді.

3.3. Аттестаттау комиссиясының хатшысы аттестаттау комиссиясының барлық мүшелеріне отырыс болатын уақытты және орынды алдын ала хабарлайды.

3.4. Сотталған туралы жалпыланған мәліметтер, оның талдауы мен салыстырылуы аттестаттау комиссиясы отырысы барысында талқыланады.

3.5. Аттестаттау комиссиясының отырысын оның төрағасы жүргізеді.

3.6. Аттестаттау комиссиясының отырысы егер онда комиссия құрамының 2/3 мүшесі қатысқан болса, заңды деп есептеледі.

3.7. Аттестаттау комиссиясы алты айда бір рет жиналады. Жаңадан келген сотталушыларға қатысты отырыс кезектен тыс сотталған түзеу мекемесіне келгеннен кейінгі үш айдан кейін өткізіледі.

3.8. Аттестаттау комиссиясының отырысы алдыңғы аттестаттау қорытындысын тыңдаудан, аттестатталушы туралы анықтаманы, өзге де ұсынылып отырған құжаттарды және психологтың пікірін тыңдаудан басталады. Содан кейін аттестатталушы шақырылып, онымен әңгіме өткізіледі. Аттестатталушы кеткеннен кейін аттестаттау комиссиясы мүшелерінің талқыламасы жүргізіледі.

Сотталғанның түзелу дәрежесін бағалау кезінде аттестаттау комиссиясы мүшелері ішкі өз ұстанымдары мен бас бостандығынан айыруға сотталғандарға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану тәртібі мен бағалау өлшемдері туралы Нұсқаулық пен әдістемелік ұсыныстарға жүгінеді.

3.9. Аттестаттау комиссиясының отырысы кезінде хатшы хаттама жүргізеді, онда аттестаттау комиссиясы отырысының барысы мен қабылданған шешімдер көрсетіледі.

3.10. Аттестаттау комиссиясының сотталғанның түзелу дәрежесі туралы бекітілген шешімді комиссия төрағасы аттестатталушыға аттестаттау комиссиясы отырысынан кейін бірден хабарлайды.

4. Аттестаттау комиссиясы қорытындысын жүзеге асыру

4.1. Аттестаттау комиссиясының қорытындысы, соның ішінде сотталғанның түзелу дәрежесі туралы қорытынды аттестаттау парағына енгізіледі (Ереженің 2 қосымшасы).

4.2. Аттестаттау комиссиясының отырысы нәтижесі бойынша көтермелеу немесе жазалау шарасын қолдану туралы ұсыныстар, сондай-ақ оның кемшіліктерін жоюға бағытталған сотталғанға арналған кеңестер құрастырылуы мүмкін.

4.3. Түзеу мекемесінің бастығымен бекітілген аттестаттау парағы сотталғанның жеке ісінде сақталады.

ҚОСЫМША Г

АТТЕСТАТТАЛУШЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

Әлеуметтік-демографиялық мәліметтер

1. Тегі, аты-жөні _____
2. Туған жылы және туған жері _____
3. Білімі _____
4. Мамандығы, лауазымы және сотталғанға дейінгі жұмыс орны _____
5. Отбасылық жағдайы, отбасындағы қарым-қатынасы, балалары _____
6. Туысқандары, олармен қарым-қатынасы _____
7. Қызығушылығы _____
8. Денсаулық жағдайы _____
9. Жеке тұрғын үйі және мекен жайы _____
10. Дінге қатынасы _____
11. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Қылмыстық-құқықтық мәліметтер

12. Сотталған мерзімі және нақтылы өтеген мерзімі _____
13. Жасаған қылмысының санаты _____
14. Белгіленген жаза және жазаның қосымша түрлерінің болуы _____
15. Белгіленген жаза мерзімінің басталуы және аяқталуы _____
16. Соттылығының болуы _____
17. Қылмысты қайталануының болуы _____
18. Жасаған қылмысының сипаты мен жағдайы (орны, уақыты, қылмыс жасаған тәсілі, қатысу формасы) _____
19. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Жалпы психологиялық мінездеме

20. Өзін-өзі бағалауы _____
21. Интеллектуалдық ерекшеліктері _____
22. Эмоционалдық ерекшеліктері _____
23. Қатысымдық (коммуникативтік) қасиеттері _____
24. Еріктік қасиеттері _____
25. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Сотталғанның мінез-құлқы

26. Сотталған қандай дәрежеде режим талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін, жеке басының гигиеналық талаптарын орындайды _____
27. Түзеу мекемесі әкімшілігіне деген қатысы және олардың талаптарын орындауы _____
28. Өзге сотталғандардың теріс қылықтарына деген қатынасы _____
29. Құмар ойындарына, жаргондарға қалай қарайды, оларды біле ме _____
30. Есірткі заттарын (алкоголь) пайдалануға қатысы _____

31. Жыныстық теріс қылықтарға бейімділігі _____

32. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Қоғамдық — пайдалы еңбекке қатысы

33. Аттестаттау кезіндегі жұмыс орны және қызметі _____

34. Жұмыс кезінде қаншалықты еңбекқор, адал, жинақы немесе жалқау _____

35. Жабдықтарға, құралдарға, шикізаттарға, материалдарға деген қатынасы _____

36. Техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерін орындауы _____

37. Еңбек тәртібін сақтауы _____

38. Кәсіби санатын көтеруі _____

39. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Жасаған құқыққа қарсы әрекетіне қатысы

40. Қылмыспен қаншалықты зиян келтіргенін түсінуі _____

41. Белгіленген _____ жазаға _____ қатысы _____

42. Белгіленген талапты өтеуі _____

43. Қылмыстық кіші мәдениетке (субкультура) қатысы _____

44. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Білім алуға деген қатысы

45. Оқыту түрі _____

46. Таңдап алған мамандығы бойынша арнаулы білім мен практикалық дағдыларды игеру көрсеткіштері _____

47. Тәртібі және сабаққа қатысуы _____

48. Оқуға деген қатынасы _____

49. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Қоғамдық жұмысқа қатысуы

50. Өздігінен қызмет ету ұйымының атауы _____

51. Орындайтын жұмысының сипаты _____

52. Сотталғанның қоғамдық жұмысқа қатысу формасы _____

53. Сотталғанның қоғамдық жұмысқа қатысы _____

54. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Өткізілген тәрбие жұмыстарына қатысуы

55. Сотталған қатысқан тәрбиелік шаралары _____

56. Орындалған жұмыстардың сипаты _____

57. Сотталғанның тәрбие шараларына қатысы _____

58. Өзге де маңызды мәліметтер _____

Сотталғанның түзелу деңгейі туралы алдын ала жасалған қорытынды _____

ҚОСЫМША Ғ

Сотталғанның (аттестатталушының) түзелу дәрежесі туралы
№ ____ жасақтың Тәрбиешілер Кеңесі отырысының
« ____ » _____ 200__ ж. № ____ хаттамасы

КӨШІРМЕСІ

АК-159/11 мекемесінің № ____ жасақ Тәрбиешілерінің Кеңесі сотталған

/тегі, аты-жөні, туған жылы, ҚР ҚК бабы, жаза мерзімі/

_____ туралы мәліметтерді
қарап,
Мерзімінің басталуы _____ Мерзімінің
аяқталуы _____
Сотталған

/тегі, аты-жөні/
_____ мекемеге

« ____ » _____
200__ ж. келіп, _____ мекемеге кеткенін
анықтады.

/мекемеде болған мерзімі/
Оған мынадай мінездеме беріледі _____,

ол _____ көтермелеуге, _____ жазалауға ие болған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде және 21.10.2004 жылы № 305 ҚР ӘМ бұйрығымен бекітілген «ҚР ӘМ түзеу мекемелерінде сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы Нұсқаулықтың» 50, 53, 54, 56 тармақтарын басшылыққа ала отырып, жасақтың Тәрбиешілер Кеңесі,

АНЫҚТАДЫ:

Сотталған

/тегі, аты-жөні/

/түзелу дәрежесін көрсету/

Көшірме дұрыс:
№ ____ жасақ бастығы

ӨЗІНДІК ДАЙЫНДЫҚ СҰРАҚТАРЫ

1. Сотталғандарды түзеу дәрежесін бағалаудың реті, оны жүзеге асыру тәсілдерінің түсінігі мен мазмұны.
2. Түзеу мекемесіндегі сотталғандарды аттестаттау.
3. Сотталушылардың түзелу дәрежесін кешенді бағалауда аттестаттаудың маңызы.
4. Аттестаттау қорытындысын тәжірибеде жүзеге асыруда заңдылық тұрғыдан бірізділік мәселесі мен құқықтық реттелуі.
5. Түзеу мекемесінен босату кезінде адамдардың түзелу дәрежесін бағалау.
6. Түзеу мекемесінен босату кезінде адамдардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуінің мәселесі.
7. Қылмыстың қайталануының алдын алуда түзеу мекемесінен босату кезінде адамдардың түзелу дәрежесін бағалау.
8. Түзелу дәрежесін бағалаудың жазадан босату кезінде адамдардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуіне әсері.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Кәмелетке толмаған сотталғандар үшін режимнің қандай түрлері бар?

Жеңілдетілген және жеңілдік берілген.

Жалпы және қатаң.

Жай және күшейтілген.

Ерекше және коммерциялық.

Жекелей және камералық.

2. Ерекше режимді түзеу колонияларында сотталғандардың қандай түрлері жазасын өтейді?

Ұйымдасқан топ құрамында немесе қылмыстық ортада жасаған қылмысы үшін сотталғандар.

Жеке тұлғаға қарсы ауыр қылмысы үшін екі немесе бірнеше қылмыс жасаған сотталғандар.

Қылмыстың аса қауіпті қайталануы, сонымен қатар өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар.

Мемлекеттік опасыздық жасаған қылмысы үшін сотталғандар.

Мемлекеттің сонымен қатар бейбіт өмірге қарсы қылмысы үшін сотталғандар.

3. Тәрбиелеу колонияларында кәмелетке толмағандарды ұстауға рұқсат берілген тұрғын-жайдың аумақтық нормасы болуы тиіс:

Үш жарым квадрат метр.

Екі жарым квадрат метр.

Бес квадрат метр.

Алты жарым квадрат метр.

Төрт квадрат метр.

4. Сотталған әйелдер түзеу мекемелерінде мынадай жасқа дейінгі балаларын ұстауға құқылы:

2 аптаға дейінгі.

1 жасқа дейінгі.

6 айға дейінгі.

3 жасқа дейінгі.

8 жасқа дейінгі.

5. Түзеу мекемесінде қандай жастан бастап жазасын өтеді?

14 жастан бастап.

16 жастан бастап.

18 жастан бастап.

20 жастан бастап.

15 жастан бастап.

6. Түзеу мекемесінде сотталған адамның жұмыс уақыты:

Сегіз сағат.
Алты сағат.
Нормаланбаған жұмыс күндік.
Төрт сағат.
Әкімшіліктің шешімі бойынша.

7. Қатаң түрде тәртіп бұзушылар камерада жазасын өтеуге мынадай мерзімге дейін жіберіледі:

1 айға дейін.
3 айға дейін.
6 айға дейін.
Екі аптаға дейін.
7 күнге дейін.

8. Қандай лауазымды тұлғалар бас бостандығынан айрылған адамдарға көтермелеу шараларын қолдана алады?

Колония басшылары, жасақ басшылары.
Колония басшыларының орынбасарлары.
ҚАЖК Басқармасының бастығы.
Барлық түзеу мекемелеріндегі бөлімше басшылары.
Нарядтағы бақылаушы басшылары.

9. Сотталғандарға тәрбиелік әсер етудің тиімділігін арттыру және колония әкімшілігіне көмек көрсету үшін жасақтарда комитеттер құрылуы мүмкін:

Сотталғандардың жақын туыстарынан.
Сотталғандардың ата-аналары және басқа жақын туыстарынан.
Сотталғандардың әріптестерінен.
Тәлімгерлер кеңесінен.
Ата-аналардан.

10. Қатаң режимдегі түзеу колонияларында камерада сотталғандар ұсталады:

Дағдылы жағдайда.
Қатаң жағдайда.
Жеңілдетілген жағдайда.
Жеңілдікті жағдайда.
Ерекше жағдайда.

11. Ерекше режимдегі түзеу колонияларында камерада сотталғандар ұсталады:

Дағдылы жағдайда.
Қатаң жағдайда.
Жеңілдетілген жағдайда.
Жеңілдікті жағдайда.

Ерекше жағдайда.

12. Бас бостандығынан айыру орындарынан босағандарға әкімшілік қадағалауды жүзеге асырады:

Ішкі істер органы.
Қылмыстық-атқару инспекциясы.
Жергілікті атқару органдары.
Сот.
Прокуратура.

13. Бас бостандығынан айрылған адам айына қанша хат алуға құқылы?

10 хат.
Шексіз.
5 хат.
2 хат.
8 хат.

14. Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамның әлеуметтік қалыптасуы дегеніміз не?

Бостандық жағдайына қалыптаса бастауы.
Тұрғылықты мекенжай таңдауға құқығы.
Тұрғылықты мекенжайы бойынша міндетті түрден ПО тіркеуінен өтуі.
Қадағалау түрі.
Учаскелік инспектордың тарапынан бақылау.

15. Жазадан босатылған адам деп танылады:

Соттылығы жоқ.
Кәнігі қылмыскер.
Бұрын сотталған.
Ақталған.
Шартты түрде сотталған.

16. Жазаны өтеуден босатудың бір негізі:

Ауыр ауру немесе мүгедектік.
Зейнеткерлік жасқа жету.
Ұстау режимінің өзгеруі.
Прокурордың қаулысы.
Президенттің Жарлығы.

17. Түзеу мекемедегі режимнің ауысуы жүзеге асырылады:

Сотпен.
Прокурормен.
Атқару мекемесінің әкімшілігімен.
Қылмыстық атқару инспекциясымен.
Ішкі істер Министрлігімен.

18. Тәрбиелеу колонияларында жазасын өтейді:

Онша ауыр емес қылмысы үшін сотталғандар.

Бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандар.

Мәжбүрлі түрде тәрбиелеу сипатындағы әсер ету тағайындалған тұлғалар.

Аса қауіпті қылмыстың қайталануын жасаған әйелдер.

Абайсыз жасаған қылмысы үшін сотталғандар.

19. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтейді:

Түрмелерде.

Тергеу изоляторында.

Қатаң режимді түзеу колонияларында.

Ерекше режимді түзеу колонияларында.

Уақытша ұстау изоляторларында.

20. Колония-қоныстарында жазасын өтеп жүрген сотталғандарға сырттай оқуға құқығы бар:

Тек мемлекеттік білім беру мекемелерінде.

Республика аумағында.

Жазаны өтеу орны бойынша.

Облыс аумағында.

Оқуға рұқсат етілмейді.

21. Өздігінен қызмет ету ұйымдарындағы сотталғандар қосымша жеңілдіктерге ие бола ала ма?

Пайдаланады, егер олардың қызметі жазаны орындау мақсаты, тәртібі мен жағдайына қайшы келмесе.

Пайдалана алмайды.

Толық көлемде пайдаланады.

Түзеу мекемесі әкімшілігінің өкілеттіктерін пайдалануға.

Шектелген көлемде пайдаланады.

22. Сотталғандарға әлеуметтік қалыптасуы үшін көмектесу қай салаға жатады:

Қылмыстық құқық.

Азаматтық құқық.

Қылмыстық-атқару құқығы.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы.

Әкімшілік құқық.

23. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегі:

Төленбейді.

Төленеді, бірақ жалақы көлемі ең төменгі жалақы мөлшерінен аз.

Еш шектеулерсіз төленеді және жалақы көлемі ең төменгі еңбекақы көлемінен аз болмау керек.

Төленеді және жалақы көлемі ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен болмау керек.

Төленеді және жалақы көлемі ең төменгі жалақы мөлшерінен жоғары емес.

24. Сотталғандардың мүлкі тәркілеуге жатпайды:

Ортақ үлесінің, жеке меншігінің бөлігі.

Ақша, бағалы қағаздар.

Банктік салымдары.

Барлық аталғандар.

Халықаралық, мемлекеттік және өзге де сыйлықтары.

25. Түзеу мекемелеріне келген сотталғандар оқшаулау орнына мына мерзімге ұсталады:

Он бес тәулікке дейін.

Он тәулікке дейін.

Жеті тәулікке дейін.

Үш тәулікке дейін.

Он екі тәулікке дейін.

26. Сотталғанның өз жанұясымен бірге колония-қоныста жалдап алынған тұрғын үйінде тұруына болады:

Ішкі тәртіп Ережелерін бұзбайтындар.

Жанұясы барлар.

8 жасқа дейінгі балалары барларға.

5 жасқа дейінгі балалары барларға.

Ішкі тәртіп Ережелерін бұзбайтын және жанұясы бар сотталғандар.

27. Өміріне нақты қатер төнгені жөнінде ақпарат түскен жағдайда қорғау үшін жеке камераларда мына мерзімге ұстауға рұқсат етіледі:

Бір айға дейін.

Жарты жылға.

3 айға.

4 айға.

2 айға.

28. I және II топтағы мүгедектер орта білім алуға қатыстырыла ма:

Олардың қалауы бойынша.

Жоқ.

Иә.

Мәжбүрлеу арқылы.

Әкімшіліктің қарауы бойынша.

29. Тәртіптік оқшаулау орнындағы бас бостандығынан айрылғандарға тыйым салынады:

Кездесу, жіберілімдер алу.

Кездесу, заттар алу.

Кездесу, телефонмен сөйлесу, азық-түлік, өзге де жіберілімдер мен бандероль алу.

Телефонмен сөйлесу, азық-түлік алу.

Телефонмен сөйлесу, азық-түлік, өзге де жіберілімдер мен бандероль алу.

30. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қандай шара қолданылады?

Кездесуден айыру немесе мәжбүрлеу жұмыстары.

Тән жазасы немесе ескерту.

Ескерту немесе сөгіс.

Телефонмен сөйлесуге немесе жөнелтімдерді алуға рұқсаттан айыру.

Азық-түлік сатып алуға тыйым салу.

31. Бостандығынан айрылған сотталғандардың ұзақ кездесуінің уақыты:

1 тәуліктен 3 тәулікке дейін.

2 тәуліктен 4 тәулікке дейін.

3 тәулік.

24 сағат.

Екі тәулік.

32. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың өзімен алып жүруге рұқсат етілген заттар қандай құқықтық актімен реттеледі?

ҚАЖК Төрағасының бұйрығымен.

ҚР Ішкі істер министрлігінің қаулысымен.

Түзеу мекемесі бастығының бұйрығымен.

ТМ ішкі тәртіп ережелерімен.

ҚР Қылмыстық-атқару кодексімен.

33. Түзеу мекемелерінде қандай кездесу түрлері бар?

Қысқа, күн сайын.

Жеңіл, тез.

Ұзақ, қысқа мерзімді.

Қосымша, әр түрлі.

Уақытша, жедел.

34. Түзеу мекемелерінде заңдылықты сақтауды жүзеге асырады:

ҚР прокуратурасы.

Сот.

ҚР Үкіметі.

Әділет министрлігі.

Түзеу орталығы.

35. Сот бақылауы жүзеге асырады:

Жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босатуды.
Жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым қатаң түрімен ауыстыру.
Балалары жоқ әйелдерге жазаның атқарылуын кейінге қалдыруды.
Аталғандардың барлы.
Сотталғандардың атқару мекемесіндегі өтеу жағдайын ауыстру.

36. Түзеу мекемесінің бастығы сотталғанның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шешім қабылдайды:

Қауіпсіз орынға ауыстыру туралы.
Өзге шараларды қолдану туралы.
Сотталушыны басқа түзеу орталығына ауыстыру туралы.
Қауіпсіз орынға ауыстыру, өзге шараларды қолдану, сотталушыны басқа түзеу орталығына ауыстыру туралы.
Бақылауды күшейту.

37. Бостандығынан айрылған адамға берілетін көтермелеу шараларының бір түрі:

Сыйлық беру.
Отбасына алғыс хат.
Құрмет тақтасына ілу.
Қалаға шығуға рұқсат беру.
Демалыс беру.

38. Жазаны өтеуден босатудың негізі болып табылмайды:

Түзеу мекемесі әкімшілігінің шешімі.
Сот тарапынан тағайындалған мерзімді өтеу.
Іс бойынша қысқарту үкімінің өзгеруі.
Рақымшылық немесе кешірім беру.
Ауыр дерт немесе мүгедектік.

39. Қысқа мерзімді кездесулер мынадай адамдардың қатысуымен жүзеге асырылады:

Түзеу мекемесі әкімшілігінің төрағасы.
Адвокат.
Қоғамдық бақылау өкілі.
Адамдар құқығы бойынша уәкілетті.
Түзеу мекемесінің әкімшілігі өкілінің қатысуымен.

40. Түрмедегі жалпы режимде сотталғандардың күндік сейілдеуі жүзеге асады.

30 минутқа дейін.
Бір сағатқа дейін.
Үш сағатқа дейін.
Екі сағатқа дейін.
Бір жарым сағатқа дейін.

41. Мерзімінен бұрын шартты түрде босатудан бас тартқан жағдайларда сотқа қайта ұсыныс беру мерзімі:

Үш ай өткеннен кейін.

Алты ай өткеннен кейін.

Бір жыл өткеннен кейін.

Үш жыл өткеннен кейін.

Барлық аталғандар.

42. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға мынадай нысанда кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат етіледі:

Ашық акционерлік қоғам.

Жабық акционерлік қоғам.

Жауапкершілігі шектелген қоғам.

Жеке кәсіпкерлік.

Жеке еңбектік қызмет.

43. Сотталғанға бас бостандығынан айыру жазасын өтеу барысында:

Зейнетақы төлеу тоқтатылады.

Зейнетақы сотталғанның жеке шотына оның босағанға дейін пайдалану құқығынсыз аударылады.

Зейнетақысы сотталғанның жеке шотына заңмен белгіленген соманы пайдалану құқығымен аударылады.

Зейнетақысы сотталғанның жеке шотына шектеусіз пайдалану құқығымен аударылады.

Зейнетақысы қолына беріледі.

44. Қатаң режимде жеңілдікті ұстау жағдайында сотталғандардың қысқа және ұзақ мерзімді кездесуі:

6 қысқа, ұзақ.

шексіз.

4 қысқа, ұзақ.

2 қысқа, ұзақ.

1 қысқа, ұзақ.

45. Қатаң режимде қатаң ұстау жағдайында сотталғандардың қысқа және ұзақ мерзімді кездесуі:

6 қысқа, ұзақ.

шексіз.

4 қысқа, ұзақ.

2 қысқа, 1 ұзақ.

1 қысқа, ұзақ.

46. Қатаң режимде дағдылы ұстау жағдайында сотталғандардың қысқа

және ұзақ мерзімді кездесуі:

- 3 қысқа, ұзақ.
- шексіз.
- 4 қысқа, ұзақ.
- 2 қысқа, 1 ұзақ.
- 1 қысқа, ұзақ.

47. Қатаң режимде жеңілдікті ұстау жағдайында сотталғандардың қысқа және ұзақ мерзімді кездесуі:

- 3 қысқа, ұзақ.
- шексіз.
- 4 қысқа, ұзақ.
- 2 қысқа, 1 ұзақ.
- 1 қысқа, ұзақ.

48. Ерекше режимде қатаң ұстау жағдайында сотталғандардың қысқа және ұзақ мерзімді кездесуі:

- 3 қысқа, ұзақ.
- шексіз.
- 4 қысқа, ұзақ.
- 2 қысқа, 0 ұзақ.
- 1 қысқа, ұзақ.

49. Ерекше режимде дағдылы ұстау жағдайында сотталғандардың қысқа және ұзақ мерзімді кездесуі:

- 3 қысқа, ұзақ.
- шексіз.
- 4 қысқа, ұзақ.
- 2 қысқа, 2 ұзақ.
- 1 қысқа, ұзақ.

50. Тәрбиелеу колониясында жеңілдетілген ұстау жағдайында сотталғандардың қысқа және ұзақ мерзімді кездесуі:

- 3 қысқа, ұзақ.
- шексіз.
- 4 қысқа, ұзақ.
- 12 қысқа, 4 ұзақ.
- 1 қысқа, ұзақ.

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

ТАПСЫРМА

**Бас бостандығынан айыру орындарындағы режим.
Сотталғандардың жеке қауіпсіздігі.**

СҰРАҚТАР:

1. Бас бостандығынан айыру орындарындағы режим: ұғым және негізгі талаптары.
2. Сотталғандарды камераларда бөлек орналастыру

1-ЖАҒДАЙ Сотталушы Мұратов психикалық ауытқулары бар тұлға ретінде басқа сезіктілер мен айыпкерлерден бөлек ұсталды. Шектен тыс қозу жағдайында айқайлаған, есікті тепкілеп, басымен қабырғаны соққылаған. Күзетші мұның бірінші рет емес екенін білгеннен кейін оған онша мән бермеген. ТМ бастығы камераларды аралаған уақытқа Мұратовқа шұғыл медициналық көмек керек екені белгілі болды.

ТМ әкімшілігінің әрекеттеріне баға беріңіз.

2-ЖАҒДАЙ Түзеу мекемесінде қатаң жағдайда жазасын өтеу кезеңнің ішінде сотталушы Иванов Д. бірнеше рет әкімшілік басшылығына камерада бірге отырғандар оған қысым көрсететіні, оның үстіне өзінің темекі түтінін көтере алмайтыны туралы ауызша шағымданған. Камералық басқа орын жоқ болғандықтан Иванов жеке камераға орналастырылды.

Сотталғанды жеке камераға орналастыру үшін прокурордың санкциясы қажет болды ма? Егер қажет болса, неліктен қажет болды? Егер қажет болмаса, онда қандай жағдайларда сотталғандар жеке камераларға орналастырылуы тиіс?

3-ЖАҒДАЙ Қылмыс жасады деген сезік бойынша шетел азаматы ұсталып, УҰИ мекемесіне жеткізілді.

УҰИ бастығының өкімі бойынша шетел азаматы өзін жеке ұстауды талап еткеніне қарамастан, басқа ұсталғандармен бір камераға қамалды. Әкімшіліктің әрекеттерін заңсыз деп санап, шетел азаматы прокурорға шағым жазды.

УҰИ бастығының әрекеттеріне баға беріңіз.

4-ЖАҒДАЙ УҰИ мекемесіне қамалған кезде ұсталған әйел 2 жасар сәбиді өзінің жанында қалдыруды барынша өтінді. УҰИ әкімшілігі УҰИ мекемесінде оны сәбимен бірге ұстауға жағдайлар жоқ екенін, сондықтан сәбиді туыстарына тапсыру керек екенін түсіндірді. Ұсталған әйел

әкімшіліктің әрекеттерін заңсыз деп санап, прокурорға шағым жазды.

Кім дұрыс және неліктен?

1-4-ЖАҒДАЙЛАРҒА (2-сұраққа қатысты) ЖАУАПТАР

1. Өз-өзіне қол жұмсауға талпынысты анықтаған кезде, күзетші дабыл беруге, постқа түзеу мекемесі бойынша кезекші (кезекшінің көмекшісі) келіп жеткенге дейін есік терезешесі арқылы Мұратовтың өз әрекеттерін тоқтатуды талап етуге міндетті еді. Одан әрі күзетші ТМ әкімшілігінің нұсқауы бойынша әрекет етуге тиіс (*Түзеу мекемесінде қамаудағы сотталғандарды күзету қызметін атқаруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық*).

Сотталғандар жалпы және Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарына сәйкес жеке камераларда ұсталады. Жеке камераларға бір тәуліктен астам уақытқа орналастыруға ТМ бастығының прокурор санкция берген уәжді қаулысы бойынша жол беріледі. Төмендегі жағдайларда сотталғандарды жеке камераларға орналастыру үшін прокурордың санкциясы талап етілмейді:

■ бөлек орналастыру талаптарын қамтамасыз етуге өзге мүмкіндіктің болмауы;

■ қамаудағы тұлғалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

■ сотталғандардың жеке ұстау туралы жазбаша арызы;

■ егер сотталғандар күндіз жалпы камераларда ұсталатын болса, оларды түнгі уақытқа жеке камераларға орналастыру.

2. Аталған жағдайда Ивановтың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ТМ әкімшілігі оны жеке камераға орналастыру туралы дұрыс шешім қабылдады. Бұл жағдайда прокурордың санкциясы талап етілмейді (*Ішкі істер органдарының Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелері*).

3. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар басқа сезікшілер мен айыпкерлерден бөлек ұсталады. Бұл жағдайда егер ҰҰИ мекемесінде бөлек орналастыру үшін осындай мүмкіндіктер болса, онда әкімшіліктің әрекеттерін заңсыз деп бағалау керек (*Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелері, 19-тармағының 2-тармақшасы*).

4. Жандарында 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер уақытша ұстау изоляторына тек балаларын жақын туыстарына табыстауға мүмкіндік болмаған жағдайда ғана қабылдана алады. Баласы бар әйелді қабылдау үшін негіз туу туралы куәлік немесе сәбидің тегін растайтын басқа құжаттар, ал ондай құжаттар жоқ болса, тергеуді жүргізетін тұлғаның, нақты іс өндірісіндегі тергеушінің, прокурордың немесе соттың жазбаша нұсқауы

болып табылады (Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелері, 12-тармақ).

№№ 1-4 ЖАҒДАЙЛАРДЫ ҚЫСҚАША ТАЛДАУ

а) Халықаралық нормалармен стандарттар тұрғысынан

Қамауға алынғандардың түрлі санаттары олардың жынысына, жасына, алдындағы сотталуына, оларды қамауға алудың заңды себептеріне және оларға қарау туралы ұйғарымдарға орай әртүрлі мекемелерде ұсталады.

Сонымен:

- а) ерлер мен әйелдерді мүмкіндігінше бөлек мекемелерде ұстау керек;
- б) егер ерлер мен әйелдер бір мекемеде ұсталатын болса, онда әйелдерді мүлдем бөлек үй-жайларға орналастыру керек;
- в) сотталмағандарды сотталғандардан бөлек қамау керек;
- г) борыштық міндеттемелерді орындамағаны үшін сотталған тұлғалар мен басқа азаматтық істер бойынша қамаудағыларды қылмыстық әрекет жасаған тұлғалардан бөлек қамау керек;
- д) кәмелетке толмаған қылмыскерлерді ересектерден бөлек ұстау керек (*Қамаудағы ұлғаларға қараудың ең төменгі стандартты ережелерінің 8-тармағы*).

ә) Ұлттық заңнама тұрғысынан

1. Қамауда ұстау орындарында сезіктілер мен айыпкерлерді оқшаулауды қамтамасыз ететін режим белгіленеді (*Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасау үшін сезіктілер мен айыпкерлерді қамауда ұстау тәртібімен жағдайлары туралы» Заңының 14-бабы*).

Режимді қамтамасыз ету (сезіктілер мен айыпкерлерді оқшаулау) қамауда ұстау орындарының әкімшілігіне жүктеледі (*Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасау...» Заңының 14-бабы*).

Сезікті немесе айыпталушының өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда, қамауда ұстау орындарының қызметкерлері дереу оған катысты қатер туындаған сезіктінің немесе айыпкердің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға міндетті

(*Қазақстан Республикасының «Қылмыс жасау...» Заңының 18-бабы*).

2. Аталған жағдайда Ивановтың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, ТМ әкімшілігі оны жеке камераға орналастыру туралы дұрыс шешім қабылдады. Бұл жағдайда прокурордың санкциясы талап етілмейді (*Ішкі істер органдарының Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелері*).

3. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар басқа сезіктілер мен айыпкерлерден бөлек ұсталады. Бұл жағдайда егер УҰИ мекемесінде бөлек орналастыру үшін осындай мүмкіндіктер болса, онда әкімшіліктің

әрекеттерін заңсыз деп бағалау керек (*Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелері, 19-тармағының 2-тармақшасы*).

4. Жандарында 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер уақытша ұстау изоляторына тек балаларын жақын туыстарына табыстауға мүмкіндік болмаған жағдайда ғана қабылдана алады. Баласы бар әйелді қабылдау үшін негіз туу туралы куәлік немесе сәбидің тегін растайтын басқа құжаттар, ал ондай құжаттар жоқ болса, тергеуді жүргізетін тұлғаның, нақты іс өндірісіндегі тергушінің, прокурордың немесе соттың жазбаша нұсқауы болып табылады (*Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларының ішкі тәртіп ережелері, 12-тармақ*).

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІНЕН БОСАТУ КЕЗІНДЕ АДАМДАРДЫҢ ТҮЗЕЛУ ДӘРЕЖЕСІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ МӘСЕЛЕСІ.....

1.1 Қылмыстың қайталануының алдын алуда түзеу мекемесінен босату кезінде адамдардың түзелу дәрежесін бағалау және олардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуінің ұғымы.....

1.2. Түзелу дәрежесін бағалаудың жазадан босату кезінде адамдардың әлеуметтік-құқықтық бейімделуіне әсері.....

2 ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ СОТТАЛУШЫЛАРДЫ АТТЕСТАТТАУ.....

2.1 Сотталушылардың түзелу дәрежесін кешенді бағалауда аттестаттаудың маңызы.....

2.2 Аттестаттау қорытындысын тәжірибеде жүзеге асыруда заңдылық тұрғыдан бірізділік мәселесі мен құқықтық реттелуі.....

ҚОРЫТЫНДЫ.....

ҚОСЫМША А.....

ҚОСЫМША Ә.....

ҚОСЫМША Б.....

ҚОСЫМША В.....

ҚОСЫМША Г.....

ҚОСЫМША Ғ.....

ӨЗІНДІК ДАЙЫНДЫҚ СҰРАҚТАРЫ

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

С.Қ. Алтайбаев

СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ТҮЗЕЛУ ДӘРЕЖЕСІН БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Оқу құралы